

Р 2011  
3534 к



# Тәуелсіздіктің НҰРЛЫ ТАҢЫ



ҮРПАҚҚА ЖОЛ АШҚАН,  
КЕҢ БАЙТАҚ ЖЕРІМ БАР.  
БІРАП ЖАРАСҚАН,  
ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ БАР.



Мемлекет тарихы институты

# *Тәуелсіздіктің* **НҰРЛЫ ТАҢЫ**

*(Азаттық поэзиясы)*

*Оқу-әдістемелік құрал*



Алматы  
«РАРИТЕТ»  
2010

УДК 821.512.122

ББК 84Қаз7-5

T29

*Баспаға Мемлекет тарихы институтының  
Ғылыми Кеңесі ұсынған*

*Жалпы редакциясын басқарған  
тарих ғылымдарының докторы, профессор Б. Аяған*

*Құрастырушылар:*  
тарих ғылымдарының докторы, доцент *Д. Махат*, жетекші,  
*З. Кәрімхан*, *Б. Сегізбаев*

*Әдістемесін жазған*  
педагогика ғылымдарының кандидаты *Ж. Қалиев*

*Сарапшылар:*  
филология ғылымдарының докторы, профессор *Т. Жұртбай*,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор *Х. Әбжанов*,  
педагогика ғылымдарының докторы, доцент *П. Сейітқазы*

**T29 Тәуелсіздіктің нұрлы таңы (Азаттық поэзиясы): Оқу-әдіс-  
темелік құрал. — Алматы: Раритет, 2010. — 240 б.**

ISBN 978–601–250–078–3

Оқу-әдістемелік құрал жастарға рухани-патриоттық тәрбие беру мақсатында жасалды. Кітапқа Қазақстанның талантты-танымал ақындарының және шетелдерде елі мен жерін аңсаумен өткізген қандас бауырларымыздың тарих, ел мен жерге деген махаббат, еркіндік пен бостандық тақырыбы арқау болған тәуелсіздік жылдарындағы өлеңдері мен поэмаларынан үзінділер топтастырылды. Іріктеу барысында қазақтың қазіргі көрнекті ақындарын түгел қамти алдық деп айта алмаймыз. Мүмкіндігінше тақырыпқа сай жырларды топтастырғанымызды ескертеміз.

Оқу-әдістемелік құрал студенттер мен оқушыларға, мұғалімдер мен оқытушыларға, ұлт тарихын танығысы келетін, қазақ поэзиясын қызыға оқитын жалпы оқырманға арналған.

**УДК 821.512.122  
ББК 84Қаз7-5**

ISBN 978–601–250–078–3

© Мемлекет тарихы институты, 2010  
© «Раритет» БК, 2010



## *Алғы сөз*

«Тәуелсіздіктің нұрлы таңы» атты қазақтың танымал ақындарының азаттыққа арналған өлең, жыр, әндер жинағы жалпы білім беретін орта мектепте, арнайы орта және жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісіне енгізу мақсатында жазылды. Басты мақсат – еліміздің болашағы жастарды биік адамгершілікке, қайырымдылыққа, жоғары жауапкершілікке, өзінің ұлтын, халқын, Отанын қастерлеп, оған қалтқысыз қызмет етуге тәрбиелеу. Олардың білімге ынтасы мен қызығушылығын көтеру. Алған білімін табиғат, тұрмыс, өмір заңдылықтарымен байланыстырып, тәжірибеде қолдана білуге, ойлау қабілеттері мен тіл шеберліктерін дамытуға, тапқырлыққа, шешендікке, әдемілік пен әсемдікке, алғырлық пен ептілікке, ерлікке, тұрмыс қажеттерін өздері өндіретіндей кәсіптің түрін таңдай білуге, еңбекқорлық пен шынайы шеберлікке үйрету.

Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» Заңнамасы Білім беру жүйесінің міндеттерінің 8-бабында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», – деп көрсетілген.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі жылдары оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық оқу құралдарын енгізу жан-жақты өріс



алып келеді. Білім беру және тәрбие мекемелері жеткіншек ұрпаққа ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрлерді үйретудің, оларды санасына сіңірудің түрлерін іздестіруде. Осы мақсатта құрастырылған **«Тәуелсіздіктің нұрлы таңы»** атты кітаптың алғашқы бөлімі «Елдік туын желбіреткен Елбасы» деп аталып, оған бостандық, еркіндік, азаттық пен Отанға деген махаббат тақырыбында жырланған өлеңдер мен поэмалардың үзінділері енді. Ұлы Даланың кіндігі болған қазақтың байтақ даласын, елін, өз ұлтын қастерлеуге шақыратын, үндейтін ақындар жыры алдымен тарихпен байланысты келеді. Олай болуы заңды да, өйткені, «Біз бұл күнге қалай жеттік?», «Бодандықпен белдесіп, азаттық жолында алысқан ерлер кімдер?», «Оны біз бағалай алып жүрміз бе?» – сияқты сан сауал баршамызды ойландырары хақ. Сондай-ақ осы бөлімдегі біраз жыр-толғаулар Қазақ елінің Президенті, кемеңгер саясаткер Нұрсұлтан Назарбаевқа арналады. Қазақтың салтында ханды мақтау, мадақтау ежелден бар, сондай-ақ реті келгенде орынсыз әрекеттерін бетіне басу, аямай айту да болған. Бұған мысал ретінде біз алаштан айбары асып туған хан Абылайға қарата айтқан атақты Бұқар жыраудың сөздерін келтіре аламыз. Тәуелсіз Қазақ елінің басшысына жыр арнаған, азаматтық, кемеңгерлік, қаһармандық тұлғасын өлеңге қосқан ақындар бұл тақырыпты шабыттана жырлайды.

Ал екінші бөлімде әлемге әйгілі Астананың әсем келбеті мен жарасымды сұлулығы жырланады. Алаштың байтағы Астананы ұлттық идеяның бір көрінісі деп бағалауымызға әбден болады. Онымен қатар еліміздің мемлекеттік туы, әнұраны мен елтаңбасы туралы өлеңдер де өз оқырманын табады деген үміттеміз.

Үшінші бөлім жайында ерекше атап өткіміз келеді. Себебі, ата-жұртына елім деп елжіреп келген өзіміздің қандас бауырлар тәуелсіздіктің нығаяуына, қалыптасып, басқа елдермен терезесі тең тұруына ат салысып, көп үлесін қосып келеді. Әсіресе ұлттық

әдебиеттің өркендеуіне ерекше серпін әкелді, жаңалық қосты. Ол жайында әдістемелік құралдың «Елім деп келдім елжіреп...» атты бөлімінде танысатын боласыздар.

Жаңа әдістемелік құралда өлең-жыр, әндердің мәтіні, көрнекілік фотосуреттер берілген, бұл өз кезегінде мұғалім мен оқытушылардың жұмысын жеңілдететіні сөзсіз. Оқу үдерісінде пайдалану және бағыт беру мақсатында әдістемесі қоса ұсынылған азаттық поэзиясы мемлекеттік бағдарлама бойынша өтілетін жоғары оқу орындарының «Қазақстан тарихы», «Мәдениеттану», «Философия» мамандықтарына, орта мектептердің «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «Ән-музыка», «Алғашқы әскери дайындық» сабақтарында пайдалануға болады.

**Б.Ф. АЯҒАН,**  
**Мемлекет тарихы**  
**институтының директоры,**  
**тарих ғылымдарының докторы,**  
**профессор**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

Сөзі: Жүмекен Нәжімеденов,  
Нұрсұлтан Назарбаевтікі

Әні: Шәмші Қалдаяқовтікі

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы.  
Ерліктің дастаны –  
Еліме қарашы!  
Ежелден ер деген  
Даңқымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген  
Қазағым мықты ғой!

*Қайырмасы:*

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,  
Keң-байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты  
Мәңгілік досындай.  
Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындай!

*Қайырмасы:*

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің – Қазақстаным!

1 - б ө л і м



*Елдік туын желбіреткен  
Елбасы*

«Амалы м  
Еңбегі е  
Оның ыр  
Ешкімге  
Найзадан  
Білікке б  
Білекке б





«Дүние гапыл». — Алматы: Арыс, 1999

## АБЫЛАЙ ХАН

(Драмалық дастаннан үзінді)

А б ы л а й:

...Айтар датым, ағайын:

Кетісе берсең — дұшпан көп,

Келісе білсең — дос та мол;

Өзгелерге қол салмай,

Өзімізді қолға алып,

Жұрт істегенді істесек,

Жұрт ұмтылғанға ұмтылсақ,

Жұрт жеткенге жетер ек!

Ешкімге есе жібермей,

Терезе тең боп өтер ек!

Д и у а н а:

Не дер екен бұған ел?

К е й у а н а:

Ел дейтінін дейді ғой.

Ә л е у м е т:

Алдияр!

Ақылын тап та, амал қыл,

Артыңнан ерер біз бармыз.

А б ы л а й:

Иә, жұртым,

«Амалы көптің алары көп» деген!

Ендеше өзіміз жайлаған жердің сырын білейік,

Оның ырзығын іске жаратудың жөнін білейік.

Жарық жалғанның бізге әлі қараңғы жері

көп,

Ешкімге есе жіберместің

Найзадан басқа да айласын білейік!

Білікке білік қосқан да бір,

Білекке білек қосқан да бір,



Екеуі де қапы қалдырмайды.  
Қапы қалмайық, жамағат!  
Ендеше, бұл — ең шешуші жорық,  
Бәріміз де бір ауыздан  
Дейміз бе: «Нар тәуекел!»?

Ә л е у м е т:

Тәуекел! Тәуекел!  
Тәуекелге бел будық!

*Залдың ішін жұрт бұрынғыдан да керней түседі.Топ ішіндегі  
Диуана Кейуананың қасына барады.*

Д и у а н а:

Ау, Көмей әулие,  
Езуіңізге ие бола алмай,  
Жадырап қапсың жасарып.  
Сен күлетін де күн бар екен ғой!

К е й у а н а:

Иә, жұрт алдында Кейуана болсам да,  
Оңашада Диуана боп,  
Тентіреп кете жаздағам,  
Тығырықтан жол таппай.  
Сол жолды Еліме  
Тауып берер Ер тапсам,  
Қуанбайын мен неге?!  
Өзің неге жылап тұрсың?  
Сен де жылай алушы ма ең?!

Д и у а н а:

Оңашада Кейуана боп,  
Таба алмай дауа күйікке,  
Ел алдында Диуана боп,  
Қайтаратынмын ызамды.  
Асыл туған Ерімді  
Ардақтайтын аялы Ел табылып,  
Қуанғаннан, тыя алмай тұрмын  
Көл-көсір мынау көз жасын.

Ә л е у м е т:

Біз түп-түгел осындамыз!  
Әміріңді айт, алдияр!

А б ы л а й:

Тәуекелге түгел бел бусақ,  
Алған беттен айнымайық,  
Тарт алға!

*Абылай алға түсіп, қара нөпір жиынды бастай жөнеледі. Хор мен оркестр салтанатты мадақ жыр айтады.*

Х о р:

Қыспақты көп көрген қазақпыз,  
Көрсек те көнбедік – ғажаппыз.  
Ен дала, еркіндік перзенті  
Әуелден бостанбыз, азатпыз.  
Бостанбыз, азатпыз әу бастан,  
Өжетпіз, өткірміз алмастан,  
Бермейміз жатқа дес, жауға есе,  
Жайрайды жағаға жармасқан.  
Ежелден өрбіткен бір негіз,  
Жүп жазып көрмеген іргеміз,  
Емшектес, еншілес, кіндіктес,  
Бөлінбес бүтінбіз, біргеміз.  
Ақ арман жүректе жүрді ұдай,  
Өлмей де, өшпей де, мызғымай.  
Сол арман жолында жан пида,  
Қазаққа жар болғай бір Құдай!  
Ел қазақ, еркін бас, алға бар,  
Садаға арға – жан, жанға – мал.  
Ар менен азаттық жолында  
Бола гөр, Алла, жар, Алла, жар!...

«Дауа». — Алматы: Атамұра, 2002

## ҚАЗАҚСТАН

Тыңда, шалқар дүние, тыңда, аспаным,  
Әлемдегі сан тілді жылдастарым!  
Даңққа өрлеп, шуақты шыңға асқаным —  
шырқайды асқақ Ерліктің жыр-дастанын  
мен туған ел — сәулетті Қазақстан!

Жұлдызды сәт құшқанда шалқы, далам!  
Шалқы, далам, бас исін даңқына адам!  
Тауы — заңғар, кеңдігі — жарты ғалам,  
жер шарының көгілдір картасында  
Шолпаны жарқыраған  
мен өскен ел — дәулетті Қазақстан!

Шаңырағы шындармен тайталасып,  
тастағанда түндігін айқара ашып,  
сығалайды Күн менен Ай таласып,  
еркіндіктің бесігі — бақытты отау —  
күнге өрлеген қанатты Қазақстан!

Оймен серпіп ғасырдың мұзды ызғарын  
дана ұлдары тыңдатқан жұлдызға әнін,  
ойлап елдің түнде де, күндіз қамын,  
мерейі үшін халықтың кезген талай  
қиындықтың шатқалды шың-құздарын.  
Мейіріммен аялап, шыңға өрлетіп,  
мақтан еткен талантты ұл-қыздарын,  
қырандардың тұғыры — Қазақстан!

Екпінімен еңбектің жарысқан ән,  
құлақ түріп даңқына алыс ғалам.  
Достық туы желбіреп қырманда,  
даламызда сан тағдыр — табысты адам.  
Перзенттері күлімдеп қол ұстасып,  
болашаққа алаңсыз қарыштаған  
ғасырларда ғұмыры — Қазақстан!

## ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ

Қазақстан даласы,  
талай дастан арналып саған әлі,  
талай жұлдыз-жанарлар қадалады.  
Сенің құтты кеудеңнен кеңістікке  
нан иісі таралады.

Құлан үйір салатын өр алаңы –  
нан алабы бұл күнде, өн алабы.  
Жусан иісін еңбектің тері шайып,  
қаны, жаны даланың жаңарады.  
Жердің көне келбетін өрнектейді  
темір тұлпарларымның тағалары.

Қорамсақтай жеріме  
қол салып тыңгерлерім,  
тамырымен өзгерген түрге енді елім.  
Аспандағы жұлдыздар жерге түсіп,  
нұр шашты іргемде Күн.  
Жаз жайлауым айналып нан-теңізге,  
дән тауымен қабысты қыр, белдерім.  
Нанды алаңда еңбектің гимнімен  
әнмен сіңген қаныма мұңды емдедім.  
Доспын деген жандарға жанды тосып,  
аялаймын даламның Күн мен желін.  
Күншуақты көңілімнен жыр демдедім,  
Қазақстан даласы

нұр таңдарын

шапағаттай шашады.

Жұрт арманын  
ұстағандай талтүсте  
шырқалды әнім.

Байқоңырдан зулаған корабльге  
ілесе алмай қалады сұңқарларың!  
Далаға кеп Абайлар, Махамбеттер,  
бүгін кездестіргендей іңкәрларын.  
Сұлу Баян, Қыз Жібек,  
Кәмшат болып  
жүгендейді бұл күнде тың тарланын.

Қынапқа сап қылышын Қарасайлар,  
жібергендей түздерге тұлпарларын.  
Отырғандай қазақтың бар жайсаңы  
мақтан етіп артында ұл қалғанын,  
ел қалғанын, ән менен жыр қалғанын!

Қазақстан даласы,

тақырлары –

бақ-дәулетке оранып жатыр бәрі,  
түлегенін даланың көрсем бір деп,  
ертегінің ғарышы жақындады.  
Тұлпар мінген даланың ұландары  
жеткізбейтін жылдарды тақымдады.  
Тасқын атқан теңіздей топан жырмен  
гүлдестеге бөленді ақындары.  
Адам болса көңілі ақ, батыл жаны,  
жатсынбады жақын ғып жатын-дағы,  
оның бәрі – бұл күнде тың даланың  
тағдырласы, жұлдызды Батырлары!

Қазақстан даласы,

Мен де сенің, ойласаң, бір түлегің,  
қыңыр біткен еменнің бүртігі едім,  
сенің мынау сәулетті шақтарыңда  
жұпынылау жүруім – күлкі менің.  
Жолбарысты пір еткен тұқымнан ем, –  
неге, ендеше, мен бүгін іркілемін?!  
Найзағайлар тілгілеп түн түренін,  
дүркіре, бүлт!

Жау, жаңбыр!

Күркіре, Күн!



*«Эверестке шығу». – Алматы: Атамұра, 2003*

## ТӨРТ АНА

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,  
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.

Әр адамда өз анасынан басқа да,  
Ғұмырында етер мәңгі астана,  
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,  
Болу керек құдіретті төрт ана:  
ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,  
ТУҒАН ТІЛІ – мәңгі өнеге, айдыны,  
ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ – тірегі,  
Қадамына шуақ шашар үнемі.  
Және ТУҒАН ТАРИХЫ.

Еске алуға қаншама  
Ауыр әрі қасіретті болса да.  
Құдірет жоқ төрт анаға тең келер,  
Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.  
Өзге ананың ұлылығын танымас  
Төрт анасын менсінбеген пенделер.  
Төрт анадан сенім таба алмаған  
Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!  
Төрт анасын сыйламаған халықтың  
Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.

Қасиетті бұл төрт ана – тағдырымның тынысы,  
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы!



## ЖЕЛТОҚСАН АЛАҢЫ

Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпендер...  
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел,  
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,  
Қайта оянған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер,  
Ерте есейген ару қызды шаштан сүйреп, тепкен жер,  
Жатты мұнда естен танып күзге айналған көктемдер...

Алаң шетін қоршап тұрған шыршаларға ала көк,  
Жас бүлдіршін, сезімді жанар етіп қарап өт.  
Сол арадан сатқындық та елестейді қара бет,  
Қара беттің көбі бүгін – дара тұлға, дара бет.  
Жас бүлдіршін, мұз құрсаңған шыршаларға қарап өт,  
Заманыңның жеңісі мен жеңілісін санап өт.

Ұлттың бағы жанар ма екен хас тұлпары, нары жоқ,  
Ал, біреулер намысы жоқ, жігер, қауқар, қары жоқ,  
Кемсітпекші «желтоқсанның жалаң аяқтары» деп.  
Жоқ!!! Кешегі сын сағатта көкірегінде жанып от,  
Тұрған солар аяз сорған қызыл беттің ары боп,  
Дәуірінің тауығына шашылмаған тары боп.

Тірліктегі әр ісіңнің жаңғырығы болады,  
Бұл табиғат жасырын заң өзгеріссіз қалады,  
Сол заңға сай сені бақыт, не сор іздеп табады.  
...Дүниені дүр сілкінткен жас толқынның саналы  
Даңқын ешкім, ешкім бүркей алмас. Оны да еске салады  
Желтоқсанның бас алаңы – қайсар рух алаңы.



*«Тәуелсіздік таңы атты». – Алматы: Арман-ПВ, 2007*

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ АТТЫ

Шабытым шақырғанда кешікпе, өлең,  
Сал самал сүйді келіп есіп берен.  
Сен мені ғашық етіп қолдағалы  
Өмірдің белортасын кешіп келем.

Елімнің еңсегейлі тұсындамын,  
Талғажау еттім халқым ұсынғанын.  
Шабыттың қаршығасын ұшырғанда:  
«Болмағай, – деп тіледім, – құсымда мін!»

Халқымның көкейтесті сырын барлап,  
Әр кезең айқасына жырымды арнап,  
Арманның асқарына меңзеп бақтым,  
Жүректің жыр жаратқан гүлін қармап.

«Ел ішінде». – Алматы: Жалын, 2008

## ҰЛТТЫҚ БАЙРАҚ

*Бөрілі менің байрағым,  
Бөрілі байрақ көтерсе,  
Қозып кетер қайдағым.*

*Сүйінбай*

Киелі ұлттық байрағым,  
Ар-намысым, айбарым.  
Төбемде тұрсаң желбіреп,  
Көгімнің білем жайнарын.

Ежелгі ұлттық байрағым,  
Жігерді қайрар қайрағым.  
Безендірген бұл тумен  
Бабалар жеңіс майданын.

Мақтанам ұлттық байрағым,  
Ойнаса желмен айдарың.  
Астыңа сенің жиналар  
Шеттегі, жота, сайдағы.

Бұздырмай елдің қаймағын,  
Қала мен ауыл-аймағым.  
Өз туын мәңгі қорғауға  
Білемін басты байларын.

Қайдасың, ұлттық байрағым,  
Дербестік, елдік айғағым.  
Бір жеңнен қол шығарып,  
Көтерер сені қайда күн?!

## **ДЕРБЕСТІК**

Ата-бабам арман еткен дербестік,  
Сен жоқ елде туып, сенсіз жерде өстік.  
Бақыттымыз, жетті саған қолымыз,  
Іргелі ел боп кетсек екен енді өстіп.

Еркіндігім, сені бұрын сезді кім?  
Аңсайтын бар әлі өзгенің көз қырын.  
Өз өмірін ойлау керек әр адам,  
Мемлекет те көру керек өз күнін.

Бөрі тыңнан бастау боп па ол оңай,  
Іс те керек, күш те керек толағай.  
Алға үнемі басу керек аршындай,  
Кейін тартқан кедергіге қарамай.

Сенім, бейбіт еңбек керек ол үшін,  
Достық, бірлік беру керек қол ұшын.  
Болашақты алдан ғана күтейік,  
Дербестіктің құтты етіп қонысын.

Құдайға шүкір, ұлт ұйқыдан оянды,  
Бүгін жұмыс, болсын сонау той алды.  
Дербестік ел болып қорғай білейік,  
Бақытымыз болсын десек баянды!

## **РӘМІЗДЕРІМ**

Рәміздерім!  
Сен неткен маңызды едің?!  
Сенсің асыл қазынам, нағыз керім.  
Төбемде ту, төсімде елтаңбам бар,  
Елұрандай аузымнан ән үзбедім.

Аспанымда көк туым түр өң беріп,  
Елтаңбамды төрімнен жүрем көріп.  
Елұранмен әр таңда оянамын  
Рахаттанып дүнием түгелденіп.

Сендерменен өрмін мен, асқақпын мен,  
Сендерменен кетем іс бастап бірден.  
Жүлдегер боп сендерді аспандатып,  
Жарыста сан жаңалық ашпақпын мен.

Бір ауыздан айтылып елұраным,  
Елтаңбаммен әлемге таныламын.  
Бір жағадан бас шығып, бір жеңнен қол,  
Көк туымның астынан табыламын.

Қосып жүрген қандасым өзге әнге үн,  
Елсіз жетпес арманға созған қолың.  
Өз туыңның астында орның дайын,  
Есің барда елің тап, қозғал бәрің.

Рәміздерім,  
Сен неткен маңызды едің?!  
Сенен басқа келмейді сән іздегім.  
Сендерменен жетіп сан жеңістерге,  
Гүлдеп әлі-ақ айналар аңызға елім!

## **ЕЛҰРАНЫМ**

Оянам өзіңмен әр атып таңым,  
Қол жеткен өзіңсің ең бақытты әнім.  
Өзіңмен халықаралық жарыста ерлер  
Жүлде алар жеңістің бал татып дәмін.

Ашарда мереке, той, ұлы жиын,  
Өзіңсің айтар әнім, тартар күйім.  
Шетелге басшыларым бара қалса,  
Олар да сені айтудан бастар сыйын.

Кенеттен айбынды үнің естілсе егер,  
Елеңдеп үлкен-кіші құлақ тігер.  
Отырса тұрып, жүрсе тоқтап тыңдап,  
Қосылар өн бойында тасып жігер.

Әнсің сен бүкіл халық жатқа білер,  
Сақтайды өзіңді еске мақтанып ел.  
Жеріме сұғанақ жау сұқтанса егер  
Ерлерім өзіңді айтып атқа мінер.

Тілемен, ары қылсын оның бетін,  
Нығайсын достық, бейбіт келім-кетім.  
Әр кеште сені тыңдап тынығамын,  
Іс тоқтап, ұйығанда жерімде түн.

## ЕЛТАҢБА

Күндей бейне шаңырақ,  
Жұлдыз темірқазықтай.  
Қанатты қос арғымақ  
Күзеткен сақ жалықпай.

Қос мүйіз де бар онда  
Бастан кешкен тарихтай.  
(Түр ол «Алтын адамда»)  
Болған деп бұл халық бай.

Шашыраған күн нұры —  
Шаңырақтың уығы.  
Жарыққа ашық түндігі —  
Ғарышқа да жуығы.

Күлдіреуіш айқасқан —  
Тапжылмайтын кіндігі.  
Көзді тартып көк аспан —  
Шет-шексіз мүмкіндігі.



Көмкеріліп өрнекпен  
«Қазақстан» тұр аты.  
Көп күреспен қол жеткен  
Елтаңбам – ел мұраты.

Елтаңбам ел төрінде,  
Маңдайымда, төсімде.  
Өркениет өрінде  
Жасар өмір кешінде.

*«Ел ішінде». – Алматы: Жалын, 2008*

## **ТУ ҰСТАУШЫ**

*Нұрсұлтан Әбішұлына*

Дербестіктің алғашқы жылдары еді,  
Ғасырлық іс бір жылда тынған еді.  
Ту сыртында тұңғыш елбасымыздың  
Жаңа көк ту көз тартып тұрған еді.

Елге ұсынып әр сәт бір ғаламатты,  
Дүр сілкінтіп орман, тау, дала жатты.  
Демін ішке тартып ел тына қалды,  
Жерге қарай ту көлбеп бара жатты!

Желкесінде қырағы көзі бардай  
Арқасымен әп сәтте сезіп, Алла-ай!  
Жалт бұрылып жеткізбей жерге туды  
Ұстап қалды Президент өзі қармай.

– Үһ, – деп демін алып ел ду қол соқты,  
Қапелімде ұсынып ойда жоқты,  
Құдай өзі Елбасын сынағандай  
Куә етіп дүйім ел, жиын топты.

Жақсы ырым боп қалды есте бұл көрініс,  
Қонды қолға арман боп жүрген ырыс.  
Ішкі, сыртқы жағдайда дәл осындай  
Атқаруды Нұрекең үлгеріп іс.

«Көкейкесті». – Алматы: Атамұра, 2003

## ҰЛЫ МАХАББАТ

Сусын қылар үмітін шөлдегенде  
Осы жерге перзентпіз сен де,  
Мен де!  
Барлығын да сүйемін,  
Сөйте тұра  
Махаббатым ерекше ел дегенде.  
О дүниеге жер аудар!  
Көшір мейлі!  
Көшір мейлі!  
Өмірден өшір мейлі!  
Кешіремін,  
Әйтсе де елім жайлы  
Жаман айтқан сөзіңді кешірмеймін!  
Ел дегенде ар қандай!  
Намыс қандай!  
Тау мен тасқа соғылар қарыс маңдай!  
Ел дегенде  
Жығылған жалым тұрып,  
Айбаттанып кетемін арыстандай!  
Жата алмаймын жаманның жасығындай.  
Жарқылдаймын найзағай жасынындай.  
Ондай кезде кетеді алып болып  
Бала Қадыр ешкінің асығындай!  
Жерім! – деймін ондайда,  
Елім! – деймін.  
Тұрған тұстан жарты елі шегінбеймін.  
Өзім үшін күресте жеңілсем де,  
Елім үшін күресте жеңілмеймін!  
Дұшпанға да,  
Досқа да табалатпан,  
Сақтай көрсін Жаратқан жаман аттан!  
Батыр болып тумайсың,  
Батыр болып  
Кетесің  
Елге деген махаббаттан!

«Саумал дала». – Алматы: Жазушы, 2004

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

1

Кеше бізге тап берген  
Қараулықтың соты алда.  
Он жыл бұрын бақ келген  
Оттан ыстық Отанға.

Қатыгездік құрығын  
Кәрі көрді, жас көрді.  
Отан деген ұлы ұғым  
Қасиетті, қастерлі.

Шер тарқатпай шемен күн,  
Досыңды да жау етті.  
Түркі әулеті әлемнің  
Қүдіретке тәу етті.

Кей құлының құлқынның  
Көтерді көп сыры бой...  
Ұлағаты ұлтымның  
Күлтегінің жыры ғой.

Күлтегінім бүгінгі –  
Бүкіл түрік танитын  
Он үш ғасыр бұрынғы  
Тасқа жазған тарихым.

Бейбітшілік – сөз басы,  
Бірлік – елдің ұраны.  
Күлтегінің жазбасы –  
Түріктердің тұмары.

Елбасымыз – бас тұлға,  
Ақ тілегін төкті жұрт.  
Көгілдір ту астында  
Көбеюде көк түрік.

Жұлдыздарға ілінді  
Армандарым аспаны.  
Бүгін қайта тірілді  
Баласағұн, Қашқари.

Санаңменен бүгінгі  
Тарих үнін тыңда, түй!  
Бүгін қайта тірілді.  
Жалайыри, Дулати.

Керек болған кезінде  
Мықтылармен белдесер.  
Өз ырығы өзінде –  
Қазақ – еркін, дербес ел!

2

Ел қайраты, жұрт күші –  
Діліміз бен тіліміз.  
Имандылық ұйтқысы  
Қайта оралды дініміз.

Қарсы тұрдық азапқа,  
Қайғырамыз несіне?..  
Мұның өзі – қазаққа  
Тағдыр тартқан несібе.

Жазға айналар көктемнің,  
Асқақтайды жыр-әнің.  
Өнегелі өткенің –  
Тұнық, кәусар бұлағың.

Қазағымның ерлігі —  
Басты шарты даңқымның.  
Міндетіміз ендігі —  
Тұтастығы халқымның.

Жалындасын жанымыз,  
Айта алмаймыз көпке сын.  
Басқа қонған бағымыз  
Бұл-бұл ұшып кетпесін.

Бас бермейтін жылқымның  
Ұзын болсын құрығы.  
Намысқұмар ұлтымның  
Уланбасын ұрығы.

Уақытыңмен санаспа  
Ұрпақ үшін, ар үшін.  
Мың тірілген алашқа  
Қыдыр мәңгі дарысын!

## ҚАЗАҚСТАНЫМ

*(Толғау)*

Қолына түсіп алыптың,  
Еркіндік күтіп зарықтың.  
Тізесі батып өкпеңе  
Шығармай дыбыс талықтың,  
Аузыңа асың бұйырмай,  
Ырысың қашып тарықтың.

Өмірдің барлық жүйесі,  
Секілді соның киесі.  
Жіліктің майлы басы да  
Болды ғой оған тиесі.  
Ол алмай тұрып қол созу  
Күнө еді сауға ми, есі.

Төңірден бетер табынып,  
«Төртіпке» қатаң бағынып,  
Жақтырмай қалса жаутандап,  
Жанымыз қалмай жағынып,  
Ұйқымыз, сірә, қашты ғой,  
Кеткенше ызғар айығып.

Осылай көп жыл кешіріп,  
Ширығып едік есіліп,  
Қайғыға толып кеудеміз,  
Кетердей болған тесіліп,  
Келдің-ау, әйтеу, Еркіндік,  
Қалсаң да ептеп кешігіп.

Ес жинадық, желпіндік,  
Бой жазылып серпілдік.



Желбіреп көкте көк Байрақ,  
Елұран шырқап Еркіндік!  
Елтаңба ұстап, заң ұстап,  
Орынға елдік беркіндік!..

Атағын жайған қазақтың  
Күлімдеп шықты азат күн.  
Қорлаудың үнін өшіріп,  
Кісенін үздік азаптың.  
Теңелді Теңгем базарда  
Валютаменен, мөз-ақпын!

Танылып аты әлемге,  
Жөнелткен елші әр елге.  
Біріккен Ұлттар Ұйымға  
Қазағым мүше! Ал енді!  
Кешегі қожа жақтырмай  
Жауып та жатыр пәленді.

Қолдай гөр өзің, а, Құдай,  
Шашылған жұртым тарыдай,  
Қосып та жатыр бастарын  
Қайран да туыс қаным-ай!  
Тарихты бастап оралды  
Аяулы ханым Абылай!

Тіріліп батыр, билерім,  
Шалқыды, әнім, күйлерім.  
Аузыма Алла түседі,  
Иманға басын иді елім.  
Анамның тілі сөз алды,  
Құптатты әлем билерін.

Жарқырап айдай маңдайың,  
Жас өрен, жайна әрдайым!  
Ардақта Қазақстанды,  
Нұрлана берсін таңдайың.  
Еркіндік деген күдірет  
Қолдасын бізді әрдайым!

## ТӘУЕЛСІЗДІК

Жатырмыз біз жаңа есті, сенсең, жиып,  
Тағдыр басын туған ел теңселді иіп.  
Тәуелсіздік – сен неткен абзал едің,  
Алатаудай бұл күні еңсем биік.

Саған жеттік біз аңсап ел-көшімен,  
Бұл ғажап құбылыс ерді өсірген.  
Тәуелсіздік – сен неткен абзал едің,  
Даламыздай көңілім кең көсілген.

Тәуелсіздік сен балдай төтті екенсің,  
Тәуелсіздік – күз жартас, қатты екенсің.  
Біз іздеген жерұйық сен екен ғой,  
Жұмағымдай жаныма, бақ мекенсің.

Боларсың ба, жұртыма соншама асыл,  
Боларсың ба, ұлтыма соншама асыл.  
Тәуелсіздік – мен саған қарайладым,  
Қаншама күн, қанша жыл, қанша ғасыр.

Сай-сүйегім сырқырап елге жетті,  
Төріме өрлеп жат жұрттар серуен етті.  
Қазақ бабам қамығып көз алдынан,  
Тарихтың тәуелділік керуені өтті.

Етек-жеңім, көз бен жас толар мұңға,  
Құлдық-ғұмыр сан ғасыр жеңе алдым ба?  
Тәуелсіздік – сен неткен абзал едің,  
Садағаң боп кетейін мен алдында!

Бодандыққа халқым бар шыдап көнген,  
Тағдырдан да, Тәңірден де сұрап көрген.  
Тәуелсіздік – қымбатым баға жетпес,  
Ғұмырымда өмірге бір-ақ келген!

## ТӘУЕЛСІЗДІК МОНУМЕНТІ

Айы туып, жұлдыз,  
Күні жанған, ел  
Ата-бабам мәңгі аңсаған арман ел.  
Мәңгі тірі, мәңгі Азатсың, қазағым,  
Мұндай ұлы монументті салған ел.

Ұлы өнер алдына кеп бас ұрдық,  
Осындайдан көрінеді асылдық.  
Алатаудың мойнына әкеп ілгендей  
Азаттықтың бойтұмарын ғасырлық!

Күнім келді ақының боп толғайтын,  
Сезім кештім өмір бақи болмайтын.  
Қорамсаққа қолды салсаң — үш жебе  
Қазағымның тұтастығын қорғайтын.

Жан-жағынан жақсылары қалыспай,  
Хан болған соң Азаматым арыстай.  
Алтын Адам — ата-бабам көзі бұл,  
Қанаттанып жауға шапқан барыстай.

Келер Күнге самғауыма — жыр қанат,  
Ескерткішті көрсең көзің нұрланад.  
Мен сияқты Алатауым толғанып,  
Ескерткішке тебіреніп тұр қарап!

Тауым, Дала, Теңізім де толғатып,  
Бір өнерін болашаққа жолдатып,  
Қазақ өзі бақ-бірлігін паш етті,  
Мұндай Ұлы ескерткішті орнатып.

Тәуелсіздік жол басталды, тәуекел,  
Құлдық деген Адамзаттың жауы екен.  
Тәуелсіздік ескерткіші алдында,  
Жаңа туған немеремді тәу етем!

Қақтым қазық қосыл бөлкім, қосылма,  
Қызғанатын дұшпаның да, досың да.

Ғасырлардың көзі келіп түйісті,  
Ескерткіштің құдіреті осында!

Бауырларша құшақтасып сүйісіп,  
Келдік бірге қанымызды құйысып.  
Келер ұрпақ қарар бәлкім дәл біздей,  
Ескерткіште жанарымыз түйісіп.

Жетті Күнім, жетті қанат талдырып,  
Ғасырларға дауысым жетер жаңғырып.  
Тәуелсіздік ескерткішке ант етем,  
Мен – Қазақпын! Мен – Азатпын мәңгілік!

Қуанғаннан күлерміз де жылармыз,  
Тіп-тік ұшып жете алмайтын шынар құс.  
О, Тәңірім, бір өзіңе бас ием,  
Қазақ болып туғанымға мың алғыс!

Келешекке құс боп қанат қақты Адам,  
Ұлы өнердің мәңгі отын жақты Адам!  
Тәуелсіздік монументі алдында  
Қазақ болып туғанымға мақтанам!

## **ТӘУЕЛСІЗ ҰЛЫ ЕЛІМІЗ – ОН ҮШ ЖАСТА!**

Атамекен, атажұрт, қоныс басқа,  
Кәмелетке толған бір ұл мен қыздай,  
Тәуелсіздік, ағайын, он үш жаста!  
Тәуелсіздік тік тұрып аяғынан,  
Толды бүгін алғашқы мүшел жасқа!

Келеді жүрегімді тербеп өлең,  
Махаббаты оянар он үшінде  
Тәуелсіз ұл-қызымның елге деген!  
Баянды бостандықпен гүлде деген,  
Махаббаты оянар он үшінде,  
Ананың ақ сүтіндей тілге деген!

Еңселеніп қазақтың ел ордасы,  
Бәйтерек биігімен бой көтерді,  
Қазақтың туыс елмен дос баласы.  
Алатау құшағында – Алматым бар,  
Сарыарқа құшағында – Астанасы!

Жеткізер алда биік белес әлі,  
Жүріп жатыр елді ойлар кеңес әлі.  
Табиғат мүсін етіп құя салған,  
Хан Тәңірдің шатқалы, қиясы арман.  
Тәуелсіз елім деген,  
Болса да әрбір жанның ішерге асы,  
Бостандықсыз азапқа түсер басы.  
Тәуелсіз ұлы елімнің –  
Баянды болғай алғаш мүшел жасы!

## ЕЛБАСЫ

*Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Алматыда F. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында зиялы қауым өкілдерімен, өнер, мәдениет қайраткерлерімен кездесуіне орай жазылған жыр.*

Айтар ұрпақ бүгін және кейін де,  
Жаралғансыз сенім менен мейірге.  
Ел аралап, ел-халқыңмен кездесіп,  
Шомылдыңыз ықылас пен пейілге.

Бұдан артық ел-жұртыма не дейін?  
Болдың патша Хан Тәңірге теңейін.  
Күллі әлемнің тұлғалары алдында,  
Үстем еттің бұл қазақтың мерейін.

Жүрегінде ар-намысы болғасын,  
Кез келгенге ие бермес ел басын.  
Кіндік жұртым – Сарыарқада тік тұрып,  
Астанадай қала салған Елбасым.

Сөзімді айтсам бармай алыс, әріге,  
Халқымызға қала керек әлі де.  
Париж көрдім, Рим бардым, Дели бар,  
Қала салған ұлылардың бәрі де!

Болар ма еді алтындарды тапса көп,  
Бабы болса мәуелейді бақша көк.  
Қазағымның хан-сұлтаны қаншама,  
Дәл өзіндей қала салған патша жоқ!

Жалған менен ақиқатты тең бөліп,  
Айтам ойды ел аралап, ел көріп.  
Көріп тұрып бағаламау бар істі –  
Барып тұрған пендешілік, пенделік!

Жұлдыздарын жайып салған түн ғажап,  
Тәуелсіз боп атқан әрбір күн ғажап.  
Болашақта болам деген бола алса,  
Дәл өзіндей бола білсін бір қазақ!

Қазақ үшін жанды салып өтелік,  
Алатаудай биік еңсе көтеріп.  
Бұл бір дүние – жеткізбейтін бір жүйрік,  
Тәуелсіздік жалын ұстап жетелік!

Ғұмыр кешкен тау мен дала құмында,  
Білген қазақ қуанышын, мұңын да.  
Азаматтық, қайраткерлік туыңыз  
Желбіресін елорданың шыңында!

Я, Құдайым, Тәңір, өзің қолдашы,  
Бір өзіңмен басталғандай жол басы.  
Алатау мен саған арқа сүйейміз,  
Қазағымның өр еңселі – Елбасы!

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ – ҚАЗАҒЫМ

Тәуелсіз боп артты халқым сенімді,  
Мүз боп қатқан қайғы-мұңым еріді.  
Ақ шыңдары тауларымның биіктеп,  
Кең тыныстап Ұлы Далам кеңіді.

Жер бетіне қайта шықты алтыны,  
Көлдерімде жүзді Аққу, қалқыды.  
Толқын атып, дарияларым тасыды,  
Тау өзені, ақ бұлақтар шалқыды.

Сыртқа көшіп талай әулет ел қалды,  
Аңыраған атақоныс жер қалды,  
Жусан исі жүрегімді толқытты,  
ИСІ ҚАЗАҚ ИГІЛІГІН енді алды!

Тіршілікке бас көтерді жан-жағым,  
ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ! Басталды енді Арманым.  
Ер-тоқымды атқа қонды тарландар  
КҮЛЛІ ӘЛЕМДІК ЖҮК КӨТЕРДІ,  
НАРЛАРЫМ!!!

ТӘУЕЛСІЗДІК жетті бізге бесінде,  
АЙЫМ ТУДЫ,  
ЖҮЛДЫЗ жанған кешімде,  
АЛМАТЫДА атқа қонды АБЫЛАЙ,  
КЕНЕСАРЫ атқа қонды ЕСІЛДЕ!

Мен – Ақынмын! Үлесім бар менің де,  
ТӘУЕЛСІЗДІК орнағаны Елімде.  
ТӨЛЕ БИ мен  
ҚАЗЫБЕК БИ,  
ӘЙТЕКЕ;  
ҮШ БИ отыр АСТАНАМНЫҢ ТӨРІНДЕ!

Өлеңімен айтып өткен Арманын,  
Халқым үшін тартса дағы сан зарын,  
Сан қаламгер – тәуелсіздік құрбаны,  
Қайта оянып тірілгендей МАҒЖАНЫМ!

Тартса тағдыр тауқыметті азабын,  
Сонда дағы көрдік өмір ғажабын.  
Бәріне де ТӘУБЕ БҮГІН, ШҮКІР деп,  
Майдан салар елдігі үшін  
Қазағым!

Халқым айтқан: ЖЕР КӨТЕРЕР ЕР ДАҢҚЫН,  
Елім айтқан:ЕР КӨТЕРЕР ЖЕР ДАҢҚЫН.  
ПРЕЗИДЕНТІМ –  
АМАН БОЛҒАЙ ЕЛ БАСЫ;  
МӘҢГІ ЖАСА!  
МӘҢГІ ЖАСА ЕЛ-ХАЛҚЫМ!!!

ТАУЫМЫЗ БАР,  
Таңырқатқан Шыңымен,  
ҰЛ-ҚЫЗЫНДАЙ ДАЛАМЫЗ БАР –  
ҰЛЫ КЕҢ.  
Алдарында басымды иіп ЕЛ-ХАЛҚЫМ,  
ҚҰТТЫҚТАЙМЫН  
ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН!!!



«Таңдамалы шығармалары». 2-том. – Алматы: Жазушы, 2006

## ҚАЗАҚСТАН

Арыстандай айбаттым,  
Жолбарыстай қайраттым,  
Аспандағы байрақтым,  
Қанша жұлдыз жайнаттың,  
Қанша бұлбұл сайраттың,  
Қазақстан – ардақтым!

Тұлпарыңның шабысын,  
Домбыраңның қағысын,  
Күңіrentкен тау ішін,  
Дарияңның ағысын,  
Сүйем десем – бәрі шын,  
Қазақстан – намысым!

Әрбір тасы – киелі,  
Әр уығы – жүйелім,  
Ән кернеген жүрегін,  
Күй кернеген тиегін,  
Сары алтыннан сүйегің,  
Қазақстан – жыр елім!

Шаңырағың – шырағым,  
Топырағың – тұмарым,  
Ғаламда жоқ сыңарың,  
Ғажайыбым, жұмағым,  
Басы таза бұлағым,  
Басылмайтын құмарым,  
Қазақстан – қыраным!

Айың тусын оңыңнан,  
Күнің тусын солыңнан,  
Жұлдыз жансын жолыңнан,  
Басыңа бақ орнасын,  
Қыдыр болсын жолдасың.  
Құдай сені қолдасын,  
Қазақстан – көз жасым!

## **БОЗ ЖУСАН ДАЛА**

Боз жусан дала, бозаң қыр,  
Тірлікте жоқ-ау мазаң бір.  
Алыстап кетсем өзіңнен  
Сағыныш атты жазам жыр.

Сөз таппай қалам мақтауға  
Қызғаныш қысқан шақтарда  
Қыранға қимас қырыңнан  
Қарғалар ұшып жатқанда.

Кеңсің-ау қыста, жазда да,  
Жатасың кербез наздана.  
Жылан да жылы ұясын  
Салады саған, боз дала.

Шындықпен жаны өштер де  
Алдаумен өмір кешкенде  
Мекендеп сені жүреді  
Өгейлік көрмей еш пенде.

Өзінде тау да, көлдер де,  
Көкмайса жапқан белдер де  
Пана боп барлық жәндікті  
Сыйғызды сендік кең кеуде.

Боз жусан дала, боз белдер,  
Құлданар еркін кезген жер.  
Маңқиған дала-мінезің  
Қадірін аздау сезгендер.



URL: <http://kalamger-uko.kz>

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ

Сен де арманда едің-ау, мен де арманда,  
Сол арманға қол жетті, арман бар ма!  
Өзімізді-өзіміз таба алмастан  
Адасқанбыз, сан тарап ормандарда.

Аспан түсті туымыз желбіреді,  
Шықты және теңгеміз – ел біледі.  
Әнұран да, Елтаңба – өзімдікі,  
Қара аспанды қай саяқ төндіреді?!

Тәуелсіздік болмаса ұғар ма едік,  
Токтар менен Талғаттар шығар ма еді?!  
Абай әнін ғарыштан қазақ айтып,  
Әлем шырқап, қосылып тұрар ма еді!

Тәуелсіз ел қанатын жая алар ма ед,  
Бұратана бұтамды саялар ма ед?  
Тұрарлары тіріліп, Сұлтанбектей  
Ардақтылар архивтен оянар ма ед?!

Тарихтың белгілі енді алдамасы,  
Оңтүстік – достық, бірлік жолдамасы.  
Үш жүздің басын бұрын қосқан болса,  
Тұранды қосты бүгін Ордабасы!

Енді кімнің қаламыз жүлдесінен,  
Тандырмады таңданып кімді есінен?!  
Кең маңдайы жарқырап – Назарбаев  
Сөйлеген жер жүзі мінбесінен!

Қантөгіссіз дербестік алған едік,  
Тәуелсіздік жемісін сау көрелік.  
Ауыр боп тұр, мұнан да қиын болған,  
Қынжылмайық, халайық, тәубе дейік!!!

«Уақыт ұршығы». – Алматы: Жазушы, 2004

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНЫМ

Қазақстаным,  
Тәуелсіз Қазақстаным!  
Ақ қанат таңның көрдім мен  
ғажап ұшқанын.  
Көрдім мен сенің мөп-мөлдір  
айдындарыңды,  
Алатау, Алтай, Қаратау  
айбындарыңды.  
Ұлытауыңды, көрдім мен  
Шыңғыстауыңды,  
Абайдың жыры оқылған  
мың қыстауыңды.  
Гүлденді қазір кең далам  
иесі болмаған,  
Жамбылдың қызыл жолбарыс  
киесі қолдаған.  
Махамбет сөзі лаулаған  
Қараойды көрдім,  
Мағжан боп өзі қаулаған  
дара ойды көрдім.  
Мұстафа, Халел, Жақып пен  
Әлімхандарың  
Міржақып, Ахмет, Жүсіпбек,  
Әлихандарың...  
Бауырың қайта оралды  
өз арыстарың,  
Қазақстаным,  
Тәуелсіз Қазақстаным!  
Көне ғасырлар сыр ашты,  
гүлге де орандың,  
Пырағы жетті Күлтегін,  
Білге қағанның.

Рухсыз жүдеп түр еді,  
жұтап даласы,  
Қайта жаңғырды Отырар  
кітапханасы.  
Түркістаным, Тайқазан –  
құтым оралды,  
Көне Таразым жинады  
бүкіл адамды.  
Тарихтың дариялары  
терең өрілді,  
Арыстан Баб пен Иассауи  
жебеді елімді.  
Естілді қайта жаңғырып  
көне сарындар,  
Бабыр, Фараби, Қашқари,  
Баласағұндар.  
Ұрпаққа жетті өзгермей  
бөз алыстағы үн,  
Қазақстаным,  
Тәуелсіз Қазақстаным!  
Құлпырды жерім, қызғалдақ  
нұрға кенеліп,  
Ақындар өлең оқыды  
жырға бөленіп.  
Күйшілер шертті Тәттімбет,  
Құрманғазыдан,  
Домбыра – дала шанағына  
тұнған қазынам.  
Ынтымақ, ырыс күйлерін  
шертіп аймағым,  
Қырандай қанат қағады  
еркін ойларым.  
Тәуелсіздіктің әншілері  
шырқады әуенін,  
Қазақстаным, не деген  
тұлпар ел едің?!  
Алтын күн алтын далама  
құйыпты нұрын,

Желбіреп түр көк туым,  
биік тұғырым.  
Оралып батыр, билерім,  
хандарым ойға,  
Іргеміз бүтін ел болдық,  
тәуба, Құдайға!  
Қазақстан, Астана, өзен-көл,  
тау-тасым енді,  
Әлемнің барлық жаңарған  
картасына енді.  
Бостандығымның күн санап  
асқақтап өні,  
Нұрлы болашаққа рухымыз  
бастап барады.  
Ғаламға жайдың аспанға  
қазақ ұшқанын,  
Қазақстаным,  
Тәуелсіз Қазақстаным!

*«Әр қазақ – менің жалғызым». – Алматы: Үш қиян, 2001*

## ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАНЫМ

Құлпыдан  
Көйлек киінген,  
Құлпырған қызыл үр жалған.  
Сәуегей қарттан  
Кеудемде  
Сәулелі жарық нұр қалған.  
Нұрланған  
Күміс толқыны  
Жыр болып ақсам жылғаңнан.  
Дүрия  
Шәлі жамылған  
Дүния ару қылықтым.  
Кесеме түсті  
Ай болып  
Кестелі жұлдыз – сынып түн.  
Тебіреніп  
Төсінде,  
Тербетіп қиял тынықтым.  
Көңілдің  
Мұзын сүңгілеп,  
Көмбедей сырын ақтардым.  
Кесілген  
Бастан сұрадым  
Кеселін – өлген Тақтардың.  
Тектінің  
Тердім сүйегін  
Тереңінен қақтардың.  
Мен –  
Ізінде қалған  
Жапырақ,  
Тамыры талауға түскен бақтардың.  
Күлкісі үшін

Сәбидің  
Күнінде күлге айналған шақтармын.  
Тастардың  
Тілін тапсаңыз,  
Тасқынмын – Адами-Тарих ақпардың.  
Бөрілі байрақ –  
Жорықтан  
Бөкенше жортып нәр алдым.

Тамырыңа, Отаным,  
Тамшы қан боп таралдым.  
Нұр менен жырдан жаралдым.  
Хан баласын  
Қақсатқан,  
Құланша шұлғып қасындым.  
Теңізше  
Тулап тасындым.  
Бесіктен  
Белім шықпай-ақ  
Бес қаруымды асындым.  
Мен –  
Алаш емес,  
Айға қармақ лақтырған,  
Қалытқысы қара бұлт,  
Иесі Тәңір – жасынмын!  
Мен –  
Баянмын!  
Сұқтанып Қозы ұрланған.  
Қодарлар аз ба,  
Қоян жым  
Қолтығыңнан сұрланған?!  
Мен – Болашақпын! –  
Жүрегіннің төрінде  
Жүз құбылып нұрланған.  
Сөзімнің айттым  
Расын:  
Отаным –  
Арым, намысым,  
Қол жетпес қия, құба шың.



Күн болып  
Кейде  
Күлімдеп,  
«Гүлім» деп мені тұрасың.  
Арманның,  
Уық шабақтап,  
Алтыннан шатыр құрасың.  
Бабамнан қалған мұрасың,  
Атам бір қаққан сынасын!  
Ақынға біткен  
Ақ жүрек  
Шаттансын, «сен» деп жыласын...  
Санаты бөлек сарасың.  
Дарқансың, мәңгі дарасың.  
Айыра көрме,  
Ақ Құдай,  
«Отан» мен «Меннің» арасын.  
Жүгені күміс  
Жүйріктің  
Жалында лаулап өткенім,  
Өпкенім —  
Сенің дидарың! —  
Жеткенім, әрең, текті елім.  
Құлыным — Отан —  
Тұнығым.  
Сен үшін алғы шептемін.  
Шөлге бір біткен құланым,  
Көлдеуге біткен бұланым.  
Қарашаш тектес  
Бұрымдым,  
Жиренше тектес ұланым,  
Фараби тектес маңдайлым,  
Майқы би тектес жүректім,  
Қажымұқан тектес білектім.  
Зарығу —  
«Сен» деп балдай мұң.  
Балдай мұңыма қанбаймын.  
Шоқандай көзі қарақтым.  
Бөрі сүрлеу

Бөктерім,  
Кенесары,  
Наурызбай,  
Ер Шабай мен Барақтым.  
Тобылғы сапты  
Дойырдың  
Суарған қанға таспасын,  
Желтоқсанда  
Жең түрдім,  
Айтпағанда басқасын.  
Өңешіне өлімнің  
Көлденең тұрып кептелдім.  
Мен —  
Егесті күні  
Ту ұстап,  
Ерлікке ғана бет бердім.  
Қасиетті Қара Жер,  
Қазақ деген ұлыңмын,  
Қанаты қанды кептермін.  
Қақыра жаулық  
Қырларға  
Күмістен моншақ тақтырған,  
Күн — менің жалын жүрегім,  
Ай — менің ұшар қанатым,  
Аманат — ағам тапсырған.  
Сексеуіл — менің саусағым  
Иманын көктен сұраған.  
Көлдерім —  
Көздің шарасы,  
Гауһардың тегін құраған,  
Орманым —  
Күйшіл домбыра  
Құлағын самал бұраған.  
Бұлағым —  
Аппақ сезімім,  
Құрағым — нәзік кірпігім,  
Кірпікке  
Біткен моншағым,  
Ұрпағым — мөлдір кіршігім.

Отаным – Қазақстаным,  
Қайыңға біткен бүршігім.  
Құралайға  
Біткен көз –  
Мендегі жанның жәудірі,  
Қорымға  
Біткен қой тастар –  
Бабамның өшпес мәңгі үні.  
Жұмақта да көрмеспін,  
Отаным, сендей сәндіні.  
Ұраншыл  
Ұлдың бойында  
Қаным бар менің тап-таза.  
Қағысқан жерде  
Жауменен –  
Қаны бар ұлға жоқ қаза.  
Айналайын Отаным,  
Қазақтың шалқар даласы,  
«Қанағат –  
Қарын тойдырар» –  
Тәуелсіз елдің баласы.  
Үш ананың бесігі:  
Алтай менен Атырау,  
Сарыарқаның саласы  
Болашағың  
Кімнен кем –  
Қамшы ұстаған  
«Ерлердің»  
Болмаса іске шаласы?!  
Қазағым – қаным.  
Сүйіктім,  
Алтыннан қалған сынығым.  
Ақынның уыз-өлеңін,  
Арыңмен тыңда, шын ұғын.  
Қалғысаң  
Кімдер жастанбас,  
«Алаш» деген арудың,  
Үш айырған бұрымын.  
Көзімнен менің

Кетпейді  
Кіреукеленген ұры-мұн.  
Әркімдер  
Әбзелдеп жатыр басыңа,  
Алыстан толғап құрығын.  
Көрсетпе,  
Құдай, сен енді  
Ноқталы жаттың жетегін!  
Асыр сап  
Асыл ұл-қызым,  
Сүйдірсін гүлге етегін.  
Әр Қазақ –  
Менің Жалғызым! –  
Жалғыздың тілеп тілегін...  
Жалғаннан мәңгі кетемін.  
Гүлденер  
Елім-Қазағым.  
Сейілтпін сүргін-сүреңін.  
Кермеден  
Кесіп өтермін  
Кербездеп жырдың күреңін.  
Жүрегім менің – Отаным!  
Тоқтама, Отан-Жүрегім.  
«Өлең – сөздің патшасы» –  
Сөзімді саған сыйладым,  
Мен – өзіңмін,  
Отаным! –  
Өзімді саған сыйладым!  
Түгел болғай  
Төрт құбылаң,  
Отаным менің – Иманым.

## ЖІГЕР

Бабам талай медет тілеп тіл қатқан –  
Қолтығымнан бір сүйе деп пірлі аспан!  
Сабыр, сабыр туған елім, сәл кідір:  
Қазақстан – қазақ үшін жалғыз ұл.

Жапырағын жайсын деп ем жалғызым,  
Қабағының еріт, Құдай, қар-мұзын.  
Сабыр, сабыр, туған елім, сәл кідір:  
Қазақстан – қазақ үшін жалғыз ұл.

Тойып ішкен не болады асыңыз,  
Табанында жатса жаттың басыңыз.  
Сабыр, сабыр, туған елім, сәл кідір:  
Қазақстан – қазақ үшін жалғыз ұл.

Бодан болып созғаныңша айға қол,  
Бостандықтың биігінен жайрап өл.  
Сабыр, сабыр, туған елім, сәл кідір:  
Қазақстан – қазақ үшін жалғыз ұл.

Қардан қалқан, жасап жатқан оттан да ық,  
Бозторғай да тілемей ме бостандық.  
Сабыр, сабыр, туған елім, сәл кідір:  
Қазақстан – қазақ үшін жалғыз ұл.

Алаш деген келтірмеші атқа кір,  
Арлы болсаң, Алаш үшін сапқа тұр.  
Сабыр, сабыр, туған елім, сәл кідір:  
Қазақстан – қазақ үшін жалғыз ұл.

Қазақстан қол созады биікке ең,  
Жалғызыңды көтер, елім, иықпен.  
Болмақ емес ақыл мәңгүрт, ар мазақ.  
Қазақстан – жалғыз ұлы Қазақтың –  
Сол жалғыздың құрбандығы бар Қазақ!..



*«Отанымыздың тәуелсіздігіне тарту». — Алматы, 2006*

## РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ

Республикам — арай тұнған күн шуақ,  
Кең төсінде — ырыс, бақыт, ынтымақ.  
Келелі іске, кең өріске ұмтылып,  
Жаңаруға таба білдің тың қуат.

Республикам — мейір толы мәрт ана,  
Тосқауылды бұзып өттің қаншама?!  
Қазыналы ұлан-байтақ өлкеге  
Бүкіл ғалам көз тігеді тамсана.

Заманамен бірге түлеп жаңғырған,  
Женістерің жатты есінен тандырған.  
Дос дегенде жайып аппақ дастархан,  
Құшағыңды тостың оның алдынан.

Жігерінді мұқата алмай сан сынақ,  
Жүздің өрге намысыңды қамшылап.  
Тарихымның жаздың жаңа беттерін  
Көне ғасыр қатпарларын аршып ап.

Бодандықтың тас бұғауы түскелі,  
Арқаланып, ел еңсесін тіктеді.  
Қазағымның талай ғасыр зарығып,  
Тәуелсіздік шуағы еді күткені.

Топырағыңмен тамырласып кіндігім,  
Қуаныштан жүрек толқып тұр бүгін.  
Нығайтамын елдігімнің тұғырын,  
Берік ұстап Тәуелсіздік тізгінін.

Асқақтатса Астанамның айшығы,  
Алматым да ажарланып шалқыды.

Мұнайлы өлке, астықты алқап өңірің  
Қарыш қадам, еселі еңбек әр күні.

Ұқсатамын топтан озған саңлаққа,  
Мақтанышым — ұл-қыздарың марқасқа.  
Талпынасың елу елдің еңселі  
Ортасына ойып орын алмаққа.

Шежіресін шертсе күй ғып көне жыр,  
Ертеңіне, өркеніне сене бер.  
Дүниені дүбірімен таңдапқан  
Міне, осындай Қазақстан деген ел!

«Отанымыздың тәуелсіздігіне тарту». – Алматы, 2006

## ТӘУЕЛСІЗДІК – ТІРЕГІМ

(тарихи-публицистикалық поэма)

Көңілім күйге тоймасын,  
Пернеде саусақ ойнасын.  
Шабытым менің шалқысын,  
Тереңге көңіл бойласын.  
Мінгізгендей бабамыз  
Құлагердей жорғасын,  
Қасқиған дала төсіне  
Хандардың тіккен ордасын,  
Берді ме екен бұл Алла  
Ұлан-ғайыр даланы  
Қазағым лайық болғасын.  
Сымбатты, биік таулары  
Күйік те болды жат үшін.  
Көсілген керім дүние  
Керемет қой жатысың!  
Қай жақта, Құдай біледі,  
Шығысың менен батысың.  
Тянь-Шаньдай алып тауларды  
Бауырыңа басып жатырсың.  
О, қазағым, шетіңнен  
Суырыпсалма ақынсың,  
Жүрекжұтқан батырсың!

\* \* \*

Тарихта талай қалың бұлт  
Аспанның жүзін торлаған.  
Дұшпанның өткір найзасы  
Төбеңе келіп ойнаған.  
Басыңнан солай өтті ғой  
Зарлатып талай зар заман.  
Қазағым қасық қанымен



Отырарын қорғаған.  
Отырар қалды күл болып,  
Ауласында асықпен  
Баласы жоқ ойнаған.  
Моңғол кетсе, қалмақ кеп,  
Қалмақ кетсе, орыс кеп,  
Азаттыққа осылай  
Жету оңай болмаған.  
Бостандық деген оңай ма,  
Кеудесінде жан болса,  
Адам түгіл, дариға-ай,  
Азаттықты аңсайды  
Шырылдаған торғай да.

\* \* \*

Қамап қойсаң шығам деп,  
Жұлқынады тордағы аң.  
Дәл осындай кара бұлт  
Күннің көзін торлаған.  
Бостандықты дүние  
Бұлттан іздеп жүргенде  
Жастық болып жарқырап  
Шыға келді орманнан.  
Бүгінгі күнге дейін  
Біреулерге ол да арман.  
Үндемейтін қазаққа  
Қиын екен «тіл біткен».  
Жуас деген жастардан  
Қайсарлықты кім күткен?!  
Түтін емес бұрқырап  
От шығады түндіктен.  
Жүректегі қызыл қан  
Ағып жатыр кіндіктен.  
Желтоқсанның айында  
Үсті-басы қан болып,  
Тәуелсіздік осылай  
Келіп еді біз күткен.

\* \* \*

Қаратаудың басынан  
Көш құлдилап келе ме?!  
Түр ма әлде балықшы  
Көзін сүзіп кемеге?!  
Аузы күйген адамдар  
Өтірікке сене ме?!  
Сұп-суық болып ащы тер  
Жабысады денеге.  
Жалмандаған жендетке  
Қазақ деген немене?!  
Отаршылдар оп-оңай  
Бостандықты бере ме?!  
Достың құны осындай  
Қиындықта білінді.  
Талаңдар деп аямай,  
Адамдар бір-біріңді...  
Келе жатғың сатқындық,  
Салақтатып тілінді.  
Жұбан деген ұлы ақын  
Дүниеден түңілді.  
Ақ шашты әже, аталар  
Қасіреттен бүгілді.  
Қиындықта қазақтың  
Досы жоғы білінді.  
Аналардың зарынан  
Аруақтар «тірілді».  
Тағдыр тұрды табалап,  
Өзіңе де сол керек  
Сақтамап ең дініңді,  
Сатқан едің тіліңді.  
Тәңірден тілеп ақ тілеу  
Қабақтарым түйілді.

\* \* \*

Желтоқсанда көшеге  
Жендеттер кеп қан шашты.  
Сабағынан гүлдердің  
Үзілді екен қаншасы?!

Қызыл көзі қанталап,  
Тайрандады көшеде.  
Қызыл қанға боялды  
Аналардың ақ шашы.  
Тұрды барлық көшелер  
Жұпар емес, қан сасып.  
«Бұзақы мен нашақор»  
Деді қазақ баласын.  
Улап жатты сол бір сөз  
Адамдардың санасын.  
Ақиқатты ол күні  
Қайдан іздеп табасың?  
Орысқа қарсы шықты деп,  
Білмейтіндер шамасын.  
«Правда» деген газеттің  
Өтірікпен осылай  
Өсірді ғой бағасын.

\* \* \*

Жұлқынады желтоқсан  
Жолбарыстай тордағы.  
Кісен салып аяққа  
Кімдер сені қорлады?!  
Кең даланың аспанын  
Қара бұлттар торлады.  
Белуардан қан кешкен  
Алыстағы, ағайын,  
Аман болсаң болғаны.  
Түрмеде жатқан Қайраттың  
Қанымен жазған хаттарын  
Анасына жолдады.  
Өлтіріп, асып жеңдеттер  
Оған да көңілі толмады.  
Шашынан тартып шыңғыртып,  
Жас қыздарды зорлады.  
Ләззаттай ару қызыңның  
Тағдырымен ойнады.  
Соңына оның түсіп ап,  
Қудалауын қоймады.

Ыңырсып жатты адамдар  
Қазылған терең ордағы.  
Қан сасып жатты, қан сасып,  
Жетісудың орманы.  
Бар қазақтың басына  
Қайғылы күн орнады.  
Ал біреулер осылай  
Қазақ елін «жаулардан»  
Қорғадық деп ойлады.  
Көздің жасы жібермес  
Одан кейін өзі де,  
Үкімет те оңбады.

\* \* \*

Қазақ деген бұл халық  
Ойламайды кері ой.  
Төзімнің де иеленіп  
Тозып біткен тері ғой.  
Желтоқсанда жарылған  
Отарлықтан кешегі  
Ала алмаған кегің ғой.  
Тәуелсіздік дегенің  
Жаңа ғасыр басы ғой.  
Ағыл-тегіл жылаған  
Желтоқсанның жасы ғой.  
Желбіреген ту емес  
Қыздарыңның шашы ғой.  
Елтаңбасы дегенің  
Бостандықтың басы ғой.  
Азаттыққа қол жетіп  
Ақтарылды асыл ой.  
Жасай берсе жақсы ғой,  
Жасай берсе жақсы ғой!

\* \* \*

Тәуелсіздік осылай  
Бізге оңай келмеген.  
«Сен азатсың» дегенде  
Қазақ өзі сенбеген.  
Елге әкелдік арысты

Айдалаға жерлеген.  
Қуаныш пен қайғыны  
Көрдік бірдей елменен.  
Көшіп кетті біреулер  
Соңымызға ермеген.  
Көшіп келді қазақтар  
Атажұртын көрмеген.  
Қос қанатын қағып қап  
Көзбен шалып асқарды  
Қазақ үшін көрмеген  
Жаңа ғасыр басталды.  
Қыран болып туған ер  
Жан-жағына көз салды.  
Көзіндегі от-жалын  
Күйдіреді аспанды.  
Қуанғаннан қазақтың  
Көздерінен жас тамды.  
Назарбаев Нұрсұлтан  
Ел басшысы атанып,  
Қазақ елін басқарды.  
Тарыдай болып шашылған  
Қазақтардың бастарын  
Жақсы көрді қосқанды.  
Құрылтайға жинады  
Жақын, бауыр, достарды.  
Құрылтайы қазақтың  
Дүркіретті әлемді.  
Қазақтың да жүзіне  
Күлкі кепті әдемі.  
Құрылтайға шақырдық  
Түріктерді әуелі.  
Құрылтайға келуге  
Көп екен ғой дәмелі.  
Қызғанды ғой бір елдер  
Өтіп кеткен дәурені.  
Ескі достың бірақ та  
Өзгермеді әуені.  
Жерге осылай қараттық  
Кеңес деген дәу елді.

\* \* \*

Түріктердің тұлпарының  
Тұяғының дауысы  
Тыңдап жатқан талайлардың  
Ауыздары жабылсын.  
Ерегіскенде қазақтың  
Барлық жерінен  
«Алтын Адам» табылсын.  
Көре алмаған жан болса,  
Жүректері жарылсын.  
Тыңдап жаттық Еуропадан,  
Біріккен Ұлттар Ұйымынан  
Өз Президентіміздің  
Саңқылдаған дауысын.  
Көлшіктерім көлге айналып,  
Болсын төбе тауым, шың.  
Адам түгіл Қазақстаннан  
«Алтын қала» табылсын.

\* \* \*

Күйінбей сабыр сақталық,  
Тарихты жатсың ақтарып.  
Бір күнде жанар жұлдызың,  
Бір күнде кетер бақ дарып.  
Қазақта да бар шығар  
Айтатын ерлік мақтанып.  
Тәуелсіз болсаң қуанбас  
Тілегі бөтен жат халық.  
Қуанар дұшпан көк туың  
Табанда жатса тапталып.  
Қазақтың бітпес қайғысы,  
Заманның бар ма жайлысы?  
Ақшасы көп, ақылы жоқ,  
Толып жатыр бай кісі.  
Мүләйімсір кей кісі  
Есебі түгел, майлы іші.  
Араға біреу от салып,  
Келеді кейде тайғысы.  
Бітті деме осымен,

Бұл — қазақтың қайғысы.  
Өсек-аяң, шок тасып  
Бір қазақ пен бір қазақ  
Жатыр, әне, соттасып.  
Қазақта талай тентектер  
Сөз тыңдаған тоқтасып.  
Жер емес, мына табанмен  
Тұрғандайсың от басып.  
Осындай жаман ғадеттен  
Талайын жұттың тұлғаның  
Топасқа қандай сөз өткен?!  
Мәңгүртке жетпес мұң-зарың.  
Аларсың, халқым, жырымның  
Жүрегіңе сыйғанын.  
Қызығам кейбір халыққа  
Үйренген өмір-нарыққа.  
Қазағым әлі «үңгірден»,  
Шыға алмай жатыр жарыққа.  
Міне алмай жатыр қайыққа.  
Біреулер бізді алдайды  
Жем шашқандай тауыққа.  
Қазақ байып кетеді  
Деген әлде қауіп пе?  
Қанша байлық болса да,  
Не жетсін аман-саулыққа?!  
Байлары қандай басқаның  
Қайнайды кейде жас қаның.  
Көк сүтті сенен қызғанар  
Өзі жеп сары қаспағын.  
Қазақтың байы бірақ та  
Одан да асар — саспағын.  
Ақылға келсін, ағайын,  
Өмірдің көрген талайын.  
Қызғаншақ болсам, айт оны,  
Тіліңді мен-ақ алайын.  
Көлеңке болсам, айт оны,  
Соңыңнан мен-ақ қалайын.  
Бір келетін өмірде  
Бір кәдеңе жарайын.

Жүздері қара жандарға  
Қара десей қарайын.  
Қазақ деген халқымның  
Көңілін қалай табайын.  
Даласындай қазақтың  
Кең болсын менің сарайым.  
Бірлік үшін, ағайын,  
Кім болса да алдына  
Басымды иіп барайын.  
Бола бермей тас-қайың,  
Нағыз қазақ болуды  
Мен өзімнен бастайын.  
Біреу састы екен деп,  
Мен бірақ та саспайын.  
Кеудемдегі тікенді  
Жұлып алып тастайын.  
Ұлтыңды сүйсең қазір-ақ  
Сені де сыйлай бастайын.  
Қиянатты көрмесін  
Емен, терек, жас қайың.  
Қайғымды жеңіп іштегі  
Қатып қалған тастайын.  
Нағыз қазақ болуды  
Мен өзімнен бастайын.  
Тәуелсіздік деген тәтті сөз  
Жылағанды жұбатар.  
Құс ұясын кең салар  
Болмасын деп ұя тар.  
Дұшпан сені күлдіріп,  
Досың сені жылатар.  
Тәуелсіздікке керегі —  
Кеудендегі ұят, ар.

Бірікпесе бастарың  
Керегі не басқа әннің?!  
Қанатсызға не пайда  
Кеңдігінен аспанның?!  
Алтын-күміс жатады  
Арасында тастардың.



Іріткі сап біреу жүр  
Арасына жастардың.  
Мұндай ғадет мен білсем,  
Ісі болар сасқанның.  
Қыр көрсетіп біреуге  
Айдалада бос қалдың.  
Мен соларды көрсем ғой  
Арасынан достардың,  
Өтті ғой бастан сұм заман  
Айырған талай тұлғадан.  
Күндерім қайта толғандай  
Көк нөсер жаумай құрғаған.  
Отырар қайта оянды  
Орнында кеше күл қалған.  
Тарих айтып береді  
Кімің жақсы, кім жаман.  
Дұшпаның да дос болды  
Жүзінді кеше тырнаған.  
Айтар сөзді әлі де  
Айта алмай кейде қиналам.  
Отаным кеше шақырып  
Жер жүзінің қазағын  
Құрылтайға жинаған.  
Құлақ тыныш болсын деп,  
Көршілерін сыйлаған.  
Баянды енді болса екен  
Тәуелсіздік берген бұл заман,  
Бостандық берген бұл заман,  
Азаттық берген бұл заман.

## ҚАЗАҚСТАНЫМ – АЙБАРЫМ!

Әнін жазған – Б. Қажымұханов

Тарихы бар дастанындай ерліктің,  
Дәстүрі бар, үлгісіндей елдіктің.  
Қазақстан – алтын бесік Отаным,  
Ұлы Ордасы татулық пен теңдіктің.

Қилы тағдыр, сан тауқымет сомдаған,  
Ер халқың бар мәңгі сені қолдаған.  
Шұғылалы күн нұрымен қазағым,  
Ақ тілегін болашаққа жолдаған.

*Қайырмасы:*

Күллі қазақ ел болып,  
Төрт құбылам тең болып,  
Тәуелсіздік алауын жаққан елім!  
Қасиетті көк байрақ,  
Достық туы нұр жайнап,  
Бейбітшілік тұмарын таққан елім!

Ата-бабам жанын қиып қорғаған,  
Тәңірі қолдап, бақ-береке орнаған.  
Қазақстан, еркін елсің сен бүгін,  
Бұрын-соңды тарихыңда болмаған.

Ұлы Отаным, айбарым, әнұраным,  
Күнге сәлем жолдаған қос пырағым.  
Жаңа ғасыр – мыңжылдықтың көгінде,  
Қалықтай бер, алтын қанат қыраным!

*Қайырмасы.*

## ХАН КЕНЕ

Әнін жазған – М. Қыдырбаев

Қазағымның намысы мен ары едің,  
Халық үшін бас тігуге бар едің.  
Азаттыққа бағыштаған ғұмырын,  
Жан алысып, жан беріскен хан едің!  
Анталасқан жауларыңмен алыстың,  
«Абылайлап», жан аямай шабыстың.  
Дос түгілі дұшпаныңды таң қылып,  
Ерлігіңді бар әлемге таныттың!

*Қайырмасы:*

Алаштың асыл ұланы,  
Сайын дала қыраны,  
Қазақ үшін Хан Кенем –  
Тәуелсіздік ұраны!  
Даналықтың бұлағы,  
Бостандықтың пырағы,  
Болашақтың – Хан Кенем –  
Бағдаршамы, шырағы!

Тар жол-тайғақ кешулерден өттің сен,  
Қайсар Кене, мұратыңа жеттің сен.  
Сарыарқаның қақ төрінен қасқайып,  
Ұрпағыңа рух нұрын септің сен!  
Арманың жоқ, егеменді елің бар,  
Ел бастаған Нұрсұлтандай ерің бар.  
Қазыналы, ұлан-байтақ жерің бар,  
Елде үміт, келешекке сенім бар!

*Қайырмасы.*

# ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ БАТЫРЛАРЫ

Әнін жазған – М. Қыдырбаев

Қарасай мен Ағыбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Қаракерей Қабанбай,  
Шапырашты Наурызбай.  
Батырлары қазақтың,  
Көзінің қарашығындай.  
Жарқыраған жалындай,  
Буырқанған дауылдай,  
Ғұмырларын өткізген  
Халқы үшін аттың жалында-ай!

*Қайырмасы:*

Қазақтың қасиетті батырлары,  
Дарабоз, жақсы-жайсаң асылдары.  
Елі үшін қасық қанын аямаған,  
Әрбірі мың кісіге татыр-дағы.  
Қазақтың айбынды Сардарлары-ай!  
Жауды жеңіп жайпаған Сарбаздары-ай!

Хан Кене мен Наурызбай,  
Махамбет, Сырым, Исатай,  
Бауыржан, Мәлік, Қарсыбай,  
Әлия, Мәншүк арудай.  
Ләззат, Ербол, Қайратым,  
Ер Тоқтарым, Талғатым –  
Ұятым мен арымдай!  
Алатаудың шыңындай,  
Сарыарқаның сырындай,  
Еділ-Жайық – егіз дария суындай!

*Қайырмасы.*

# ҚАЗАҚСТАНЫМ – ҒАЖАПСТАНЫМ

Әнін жазған – М. Қыдырбаев

Туған жер, алтын бесік, ұлы Отаным,  
Мәңгілік, бір өзінді пір тұтамын.  
Айналдым ата-баба аруағынан,  
Ұрпаққа мирас еткен жер байтағын.

Қазақтың ұлан-ғайыр жазирасы,  
Тау-қыры, өзен-көлі, сай-саласы.  
Халқымның пейіліне тәңірім берген,  
Тұнып тұр ен даламның қазынасы!

*Қайырмасы:*

Қыдыр дарып, бақ қонған  
Қазақтың сайын даласы.  
Қасиетті Отаным,  
Береке-бірлік Ордасы!  
Қариясы дана – Дария,  
Ағасы – елдің жағасы!  
Ұл-қызы – елдің тынысы,  
Бақытты ата-анасы!

Жайнатып қаласы мен ауылын да,  
Дос түгіл, тілін тауып жауының да,  
Баласын жүз ұлыстың өгейсінбей,  
Басыпты дана қазақ бауырына.

Алдыңда алтын ғасыр, туған елім,  
Бар халқың болашаққа артқан сенім.  
«Бақ қайда – ынтымақта!» деген сөз бар,  
Қазағым, мықты болсын ел бірлігің!

# НҮРСҰЛТАННЫҢ НҮРЛЫ ЖОЛЫ

Әнін жазған – Б. Рыспамбетов

Нұрсұлтанның нұрлы жолы – арман жол,  
Бабалардан мұрат болып қалған жол.  
Ғасырлардың тоғысында Нұрағам,  
Қазағымның бақыты үшін салған жол!

## *Қайырмасы:*

Ел тізгінін қолға алған,  
Тыңнан түріп, жол салған.  
Сарыарқаның төріне,  
Ойып орда қондырған.  
Көреген көсем, нар тұлға,  
Болашақты болжаған.  
Бақытына халқымның  
Нұрсұлтан сынды ер туған!

Бейбіт елдің арқалаған мол жүгін,  
Елбасына сенім артқан ел бүгін.  
Қазақстан – жүз ұлыстың ордасы,  
Ынтымаққа бұрған бетін, нұр жүзін!

## *Қайырмасы.*

Нұрсұлтанның нұрлы жолы – дара жол,  
Болашаққа алып барар сара жол.  
Тарихынан тағылым алған халқымның.  
Бақытына бастау болар дана жол!

## *Қайырмасы.*

«Тұмарлы таң». – Алматы: Көркем, 2003

## ТӘУЕЛСІЗДІК

Қазағым қайтты әр қырдан,  
Қазаным қайтты – өз мұрам.  
Түркістан түлеп төрімде,  
Айдай жаңа жаңғырған.  
Жолына шалам жан құрбан.

Көк туым дара шаншылды,  
Кебіннен тілім аршылды.  
Тәуелсіздік, жұртым-ау,  
Шапағатты жар сынды.  
Тұмар таққан таң сынды.

Қайтқаны хақ, қадамы – ақ,  
Қағаным мінген қазанат.  
Қалың бұдун қағанат  
Тоныкөк тасқа қашатып  
Қағанаттан жазған хат.  
Қанағат, халқым, қанағат.

Рухым қайта оралған,  
Ұлысым қайта оңалған.  
Арқаға қонған алтын тақ  
Тумысын тапқан жоғалған.

Елдіктен өзге  
Ендігі  
Алты Алашта жоқ арман.  
Бөрінен де сол арман.

*«Аяз бен қыдыр». – Астана: Елорда, 2001*

## **РАХМЕТ**

Сен сыйладың таң нұрын,  
Күннің күміс шапағын.  
Еркін күнім – тағдырым,  
Рахмет саған, Отаным!

Көз жетпейтін алысқа  
Жетіп жатыр атағың.  
Ұшты қазақ ғарышқа,  
Рахмет саған, Отаным!

Жауқазындай құлпырған  
Келеді өсіп қатарым.  
Жақсылыққа ұмтылған  
Рахмет саған, Отаным!

Жүрегімде сен барда  
Таусылмайды сапарым.  
Енді түстік кең жолға,  
Рахмет саған, Отаным!

Өзің үшін бұғам бел,  
Шарықтасын шат әнім.  
Рахмет саған, туған ел,  
Айналайын, Отаным!



## ОТАН

Аспанның асты түнеріп,  
Жауратты бойды күз лебі.  
Түстікке қайтты үдеріп,  
Қараша қаздар тізбегі.  
Кеудеме тұнды мұң еріп,  
Құс-көңіл нені іздеді?

Қайтады құстар... егілме,  
Сала алмас бізге ол қайғы.  
Оралып ертең өңірге  
Көктемнің жырын толғайды.  
Өйткені, мынау өмірде  
Отаның екеу болмайды.

*«Жүрегімдесің, Қазақстаным». — Алматы, 2009*

## ОТАНЫМ

Отаным!  
Айбыным да, жалыным да,  
Қуат берген күнімсің, жарығым да!  
Отаным — ұлан-байтақ Қазақстан —  
Арым да, намысым да, арыным да!

Отаным!  
Арқауымсың өлеңіме,  
Жарап жатсам арман жоқ керегіңе.  
Теңіздің тамшысындай мөлдірлікпен  
Таңғы шықтай тазамын өз елімде!

Отаным — өр қазағым бұл өмірде,  
Өзіңсің сүйенерім, тірегім де!  
Сен десе сарқылмайтын сағыныш бар  
Менің мынау тулаған жүрегімде!

Ақпараттық-құқық қорғау  
орталығының құрамына кіреді.  
Құқық қорғаушының  
құқығын қорғауға  
құқығы бар.

*«Екі мыңжылдық дала жыры». —  
Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000*

## АҚТЫҚ СӨЗ

Елбең-елбең жүгірген,  
Ебелек отқа семірген,  
Арғымақ мінген жаратып,  
Ақ сауыт киген темірден,  
Алатаудай бабалар,  
Аруағыңмен жебей гөр!

Ал енді қазір неткен күн,  
Орыстан ынсап кеткен күн.  
Тізесі қатты батқан соң,  
Шыдай алмай ақыры  
Қарғыс атқан Алаңда  
Қарғыс атқыр жеткен күн.

Қаймана қазақ қамы үшін  
Қарусыз шықтық алаңға.  
Алыстан әскер алдырып,  
Қырып салды-ау табанда.

Сөйлесем даусым жетпейтін  
Кез болдық мынау заманған.  
Шовинизм еді ғой  
Басты себеп жанжалға.  
Екі жүзің қырылып,  
Екі жүзің ұрылып,  
Екі жүзің сотталып,  
Жоқтаусыз кетіп барасың!

Қатарым жусап қалғанда  
Қыршынымнан қиылып,

Солармен бірге өлсемші-ай!  
Артта қалған ата-анам  
Арулап қолдан көмсеңші-ай!

Тұтқынға түстім жауандай,  
Жоламай ешкім қасыма.  
Бара қалсаң, сәлем айт  
Сырттағы құрбы-досыма.

«Ақтық сөзің не?» деген  
Бүгін қойды сот сұрақ.  
Айтайын оны халқыма:  
Жоқ пиғыл менде жасымақ.

Қорлай да беріп қайтадан,  
Титыққа орыс жетпесін.  
Туған жердің намысы  
Бөтен қолда кетпесін!

Осы айтылған ақтық сөз  
Туың болсын әрдайым.  
Мойныма алып жаланы  
Мен болайын құрбаның!

Бас-аяғы сол болсын  
Басыңа түскен қатердің.  
Ақтық сөзді енді мен  
Сотқа бір айтайын:

Күнәдан таза басым бар,  
Жиырма бірде жасым бар,  
Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар,  
Алам десең, алыңдар!

Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар,  
«Еркек — тоқты-құрбандық»,  
Атам десең, атыңдар!

## ҚАЗАҚСТАНЫМ

Бір Алла атты теңдессіз ғажап ұстаның  
Бойына жиған имани, тазалық нәрін.  
Төріңе қанша төнсе де қара дұшпаның  
Болашағы үшін бастарын бәйгеге тігіп,  
Қорғады сені серт беріп сан Арыстарым –  
Қазақстаным!

Төндіріп тағдыр басыңа қара бұлттарын,  
Тарихтан білем ұлтымның жан ауыртқанын.  
Ұрпақтарыңның былғаған балалық шағын,  
Қариялардың ұрлаған даналық шағын,  
Замандар да өтті-ау, жататын тоналып бағың –  
Қазақстаным!

Өмір-өзеннің бұлқынған долы ағыстарын,  
Елең де қылмай, еңкеймей, алабұртпадың.  
Қап-қара жерге қып-қызыл көп ағып қаның,  
Ақырып теңдік сұрап ең, Алашыңды айтып,  
Ақыры келіп қолыңа жалау ұстадың –  
Қазақстаным!

Босатып тордан, зарыққан дала құстарын,  
Алдыңнан атты рауандап, ағарып таңың.  
Соның үшін де қолыма қалам ұстадым...  
Жүрегіменен жүремін үнемі сезіп,  
Бойыңда сенің асқақ рух, дара күш барын –  
Қазақстаным!

«Жүректегі ағыстар». — Алматы: Жалын, 2008

## ТӘУЕЛСІЗДІК АЛАҒЫНДА ТҰРМЫН МЕН

Бұл күндер де өтті-ау талай сүргінмен,  
Ердің ісін жалғастырар ұлмын мен.  
Желтоқсандық жастар рухын жоғалтпай,  
Тәуелсіздік алаңында тұрмын мен.

Желтоқсанда жастар өткір, намысты,  
Аждаһамен батырларша алысты.  
Қайрат, Ербол, Сәбира менен Ләззаттар  
Аруақ болып кезіп жүр ме ғарышты?!

Тазалықтан жанарлары мөлдіреп,  
Олар жас ед, балаусадай өндірі ед.  
Желтоқсанның аяз қысқан ауасын  
Жұтты-ау сонда сол қыршындар соңғы рет.

Қанға толды Жігер мен Рух алаңы,  
Соны ойласам... жүрек әлі жаралы.  
Қыздарымның аялауға тиісті  
Балтырларын қасқыр-иттер талады.

Жалын жастар мұзды шайнап, қайғы алды,  
Бұғып жатқан ұлт төзімі қайралды.  
Желтоқсанда кеуделері от болып  
Жігіттерім арыстанға айналды.

Бұл күндер өтті-ау талай сүргінмен,  
Ердің ісін жалғастырар ұлмын мен.  
Желтоқсандық жастар рухын жоғалтпай,  
Тәуелсіздік алаңында тұрмын мен.

## **ҚАЗАҚСТАН!**

Қазақстан!

Көзіміздің жасы саған тасаттық,

Ақындардың басы саған тасаттық.

Қасіреттен кеткен мүлде ағарып

Аналардың шашы саған тасаттық.

Жануардың жаны саған тасаттық,

Жалғызымның бағы саған тасаттық.

Ел қамы үшін елден кеткен елік боп,

Таулық қыздың қаны саған тасаттық.

## **БОСТАНДЫҚ**

Құладық, жыладық, сұрадық біз сені, Бостандық,

Жүректің жасымен құрадық біз сені, Бостандық!

Күнәсіз ұрпаққа келетін қазақтың жеріне

Қалдыру үшін де мұра ғып біз сені, Бостандық!

Бағың нық байлаған тағдырға амалсыз бағындық,

Бостандық, біз сені расында керемет сағындық.

## **СЕН – ҚАЗАҚСЫҢ!**

Сен – қазақсың!  
Қазақ деген ел бөлек,  
Қазақ салған соқпақ бөлек, жол бөлек.  
Киіз үйі Жер сияқты жұп-жұмыр,  
Шаңырағы Күн сияқты дөңгелек.

Сен – қазақсың!  
Бір Алланың құлысың!  
Адамға адам құл болғаны құрысын.  
Жойқын соғыс, зұлматтарда жойылмай,  
Қалған ұлтсың. Қаһармансың! Ұлысың!

Сен – қазақсың!  
Ұлы Дала – тұғыры.  
Күмбір-күмбір күрескерлік – ғұмыры,  
Тірескеннің дірілдеткен тізесін  
Тұлпарының тұяғының дүбірі!

Сен – қазақсың!  
Алғызбайтын барыссың!  
Ар-ожданның асқағысың, намыссың!  
Тағдырыңды танығысы келгендер  
Тасқа басқан тарихыңмен таныссын!

Сен – қазақсың!  
Байырғы жұрт – түздегі ең,  
Табиғаттан тән тамырын үзбеген.  
Қолын жайып, Көктен өмір сұраған,  
Жер бетінен жерұйықты іздеген.

Сен – қазақсың!  
Қазынасы – нәсіп, құт.



Қазақ болу — ғаламатқа ғашықтық.  
Жерің, суың, тауың сұлу соншалық,  
Көрген кезде кететіндей жас ытқып.

Сен — қазақсың!  
Отаншылсың, тектісің!  
Досыңа адал, дұшпаныңа кектісің.  
Бұл далаға мұрагерлік, иелік —  
Ұрпақтарға ұлы аманат деп түсін.

Сен — қазақсың!  
Айралалысың, ептісің!  
Айбарлысың, ақылдысың, беттісің.  
Көп болуға, бір болуға тиіссің,  
Көрмеу үшін жаттың езгі, тепкісін!

Сен — қазақсың!  
Рухы еркін, өзі еркін!  
Мұзбалақсың, сорғалаған сөзі еркін!  
Қайталанбас күйшісің сен құя алған  
Домбыраның өзегіне өз өртің.

Сен — қазақсың!  
Келе жатқан бағы асып,  
Адамзаттық ізгілікке жол ашып,  
Дастарханың — елшілігің ежелден,  
Мейірбансың, меймандоссың қолы ашық.

Сен — қазақсың!  
Ғарышкерсің, жаны — аспан.  
Өрелісің, өз орнына таласқан.  
Төрге лайық марғасқасың, мықтысың,  
Төрткүл дүние саясатта санасқан.

Сен — қазақсың!  
Қазақ едің туғанда!  
Онда, дүние тағылымынан үлгі ал да,  
Ата жұрттан, ана тілден айрылма,  
Төбенде Күн, төменде Жер тұрғанда!

## **НҰРАҒАНЫҢ НҰРЛЫ ЖОЛЫ**

Таршылықта көз жасын төге келіп,  
Төре болған жан бар ма төреге еріп.  
Есім салған ескі жол ғайып болған  
Ескі киім секілді көнеленіп.

Қайраса да намысын тасқа жанып,  
Қарт танылап күн кешкен, жас та налып.  
Подвалдағы архивке жол тартқан-ды  
Қасым салған қасқа жол таспаланып.

Үміттері үзілмей жалғасқанда,  
Жанар еді жұлдызы арлы аспанда.  
Жер бетінен аты өшіп жоғалған-ды  
Ақ патшаның ақ жолы шаң басқанда.

Өліктердің құралған қаңқасынан  
Сұм кеңестің өн бойы қан сасыған.  
Қанды жолы құрыған көз көрмеске  
Құлағанда бұл қоғам шалқасынан.

Тәңір бізді тәуелсіз түлеткелі  
Өмірімнің жаңғырып түр өткелі.  
Нұрсұлтанның таңдаған нұрлы жолын  
Ер қазақтың жолбарыс жүректі елі.

Көкірегін жылытқан сұр даланың,  
Бәрі биік жұлдызды мұнараның.  
Нұрлы арманға жетпеуі мүмкін емес  
Нұрлы жолын таңдаған Нұрағаның.

## ЕЛБАСЫНЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ

Аты ойқастап тұрса егер қазығында,  
Азаматтың бағы артық асылында.  
Елбасының маңдайы жазық болған  
Үшқоңырдың туғасын жазығында.

Көңілінің күмбірлеп күйі күнде,  
Тұрған жоқ па бар салмақ иінінде.  
Елбасы ылғи биіктен көрінеді  
Үшқоңырдың туғасын биігінде.

Үкі таққан үміті үлбіреген,  
Елбасының қадірін кім білмеген?!  
Үшқоңырдың сыбызғы тартқан желі  
Көкірегінде күй болып күмбірлеген.

Таршылықтың ызғары қарығасын,  
Неге елді ойлап азамат арымасын?!  
Үшқоңырдан Елбасы түлеп ұшқан  
Үшқоңырдың киесі дарығасын.

Екі күннің бірінде жат егесіп,  
Көрген емес алдынан қатер есіп.  
Қателессе оқыстан Елбасы егер,  
Жол шегеді халқы да қателесіп.

Сүйегі асыл кісі ғой арға сенер,  
Жүрегіне жол тауып жалғаса бер.  
Туған елдің жұлдызы қайдан жансын,  
Елбасының жұлдызы жанбаса егер.

## НҰРАҒАНЫ ЖЫРЛАСАМ

Шыр айналған шынғырып шырғалаңда,  
Не құдірет жоқ дейсің бұл ғаламда.  
Аруақтанып кетемін қасиетінен  
Нұрағаны айбынды жырлағанда.

Арлы анадан асыл ұл талай туған,  
Қуаныштан шалмасын қалай құрбан?!  
Нұрағаны жырласам толқынданып,  
Көңілімнің көліне арай тұнған.

Тентек пенен телпекті алқымға алып,  
Тектілерді өсірген нарқын танып.  
Нұрағаны жырласам жалт-жұлт етіп,  
Тербетілген шалғыным жалқынданып.

Садағымнан атылып жебе күнде,  
Тасқындағын, шабытым, ерен мүлде.  
Нұрағаны жырласам жарқ-жүрқ етіп,  
Алтын балық жүзеді тереңімде.

Мұң торласа көңілді теңбілденіп,  
Өлең жазсам қаламын жеңілденіп.  
Нұрағаны жырласам жата алмаған  
Туған жердің тасы да тебіреніп.

Теңдік сұрап қонғанда ат беліне,  
Өмірімнің өзені ақты өріне.  
Хан-Тәңірі секілді көрінеді  
Дүниенің жайғасқан қақ төріне.

*«Арыстардың мен де бір жалғасымын». — Алматы: Жазушы, 2004*

## **ЕЛБАСЫМЫЗДАН ЕҢ ЖАҚСЫМЫЗҒА ДЕЙІН**

*(диптих)*

### **Қасиетті қас қағым**

*1991 жылдың 10 желтоқсанында Қазақстан Президентінің қызметіне кірісуіне арналған салтанат болды.*

Бар екенсің азаттығым, асқағым,  
Бар екенсің арқа сүйер асқарым.  
Көз алдымда... салтанатты сәттегі  
Мәні мәңгі ескірмейтін қас қағым!

Көз алдымда... тіл жеткісіз күй мүлдем,  
Тосын жайдың болатынын кім білген? —  
Құлап бара жатқан туды Елбасы  
Ұстап қалды көз ілеспес қимылмен!

Айтар кезде «Ел тағдырын оңда!» деп,  
Бұдан асқан қандай кие болмақ ед —  
Көз алдымда... дүр сілкінген әлеумет:  
«Тәуелсіздік туы берік қолда!», — деп.

Кең даламның қайта ашылып тынысы  
Қуанышқа толды қуыс-қуысы.  
Көз алдымда... тұрып қалды біржола  
Елбасының ту ұстаған уысы!

Көз алдымда... сол қас қағым жайдары,  
Көз алдымда... сол қас қағым айбары,  
Елбасының әлуетті уысы,  
Уыстағы — Қазақстан байрағы!

Сол байраққа бізден басқа ие кім,  
Сол байрақты емін-еркін сүй, Елім!  
Мөлдіретіп Отанымның аспанын,  
Желбірей түс, желбірей түс, Киелім!



«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

## ҰЛЫ ТОЙ

Жасыл жұмақ Алматымда  
Күнестен  
Орын теуіп,  
Дидарымнан нұр ескен.  
Азамат ем  
Несібесі Алладан,  
Тағдыры  
Құр қалдырмаған үлестен.

О, Алматым!  
Жас дәуренім сенде өтті.  
Шабыт – бесік  
Түндер бойы тербетті!  
Отыз үш жыл  
Әлпештедім анамды,  
Ұл-қыздарым  
Сенде өсті,  
Ер жетті.

Алатауда  
Алшаң басып жүргенде,  
Өн бойымды жинап алдым бір демде:  
Ұйықтап жатқан күш-жігерім оянды,  
Елбасыға  
Елім құлақ түргенде.

Уа, Нүреке!  
Халқыңды бір сынадың!  
Шырақаттың да келешектің ұлы әнін,  
Көш шеруін  
Бастап кеттің Арқаға,  
Жүректерде  
Жаңғырықты ұраның!

Өзің ұстап,  
Қазақстан тізгінін,  
Көш бастадың!  
Жанарыңда —  
Жүзді күн!  
Ұрпақ үшін  
Келешекке жол тарттық,  
Ортасында  
Зиялы мен ізгінің!

Бірі қоштап,  
Бірі:  
«Мұның бекер ғып... —  
Десті, —  
Бұған дәулет қайда жетерлік?..»  
«Тәуекелі тастай жігіт екен!» деп,  
Басын шайқап,  
Таңғалады шетелдік.

Ұлы көштен қалмасқа серт бергенмін,  
«Астаналық» купесінде тербелдім.  
Алматылық ақындардың ішінен  
Бірінші боп  
Ақмолаға мен келдім...

Көрдім Елдің  
Ұлан асу асқанын,  
Болашаққа  
Батыл қадам басқанын!  
Сарыарқаның  
Қақап тұрған қысында  
Жылытты кеп,  
Қайсар замандастарым!

Шеру тартып,  
Асқар шыңға жөнелдік!  
Қатал қысты  
Шат күлкіге бөледік!  
Бразилия,  
Пәкістаннан кейінгі  
Астанасын ауыстырған ел едік!

Бөле-жармай,  
Тау,  
Орман,  
Сай,  
Түз деп біз,  
Бас қалаға  
Жайлы қоныс іздеппіз.  
Орынборым,  
Қызылордам, Алматым  
Бас қала деп аталғанда —  
Біз жоқпыз!

Бодан елдің  
Сонда таңы атыпты,  
Үш қала да  
Даңқ дәмін татыпты.  
Егемен ел Астанасы қақпасын  
Аштық біздер!  
Біз —  
Ұрпақпыз бақытты!

Отандасым!  
Ақыныңнан тыңда сыр!  
«Қазақ елі!  
Сен даңқыңды  
Шыңға асыр!  
Келер ғасыр —  
Сенікі» —  
Деп қоштасты  
Жиырмасыншы —  
Қияметі мол Ғасыр!

Бүгін жайып,  
Кең дастархан — Даласын,  
Барша ұлтты қонақ егер  
Алашым!  
Жер-Ананың бес перзенті —  
Бес құрлық  
Он жылдықты тойлап,  
Мәз боп тарасын!



# ТАРИХШЫЛАР МАРШЫ

Әнін жазған – Б. Мұсабеков

Сөзін жазғандар – С. Мәдуан, Б. Аяған

Ата-бабам жанын қиып қорғаған,  
Тәңір қолдап, бақ-береке орнаған.  
Қазақстан – еркін елсің сен бүгін,  
Егемендік тарихыңды сомдаған.  
Халқымыздың дәстүрінен нәр алған  
Тарихшылар ар-намыстан жаралған.  
Ата тарих – Астанаға ту тігіп,  
Атақ-даңқы бар әлемге таралған.

*Қайырмасы:*

Өткен күннен алыс бар ма?  
Келер күннен жақын жоқ.  
Тарихыңнан терең бар ма?  
Тарихшыдан қалыс жоқ...  
Тәуелсіздік – шамшырағы,  
Ғылым-білім – бұлағы.  
Сәулесінен түрілгендей  
Қараңғылық – мұнары!

Ұранымыз – алты Алаштың арысы,  
Мұратымыз – мемлекеттің тарихы.  
Ұлтымыздың ұлықтайтын үмітін  
Тәуелсіздік шамшырағы – тарихшы.  
Ұлы Отаным – айбарым, әнұраным,  
Күнге сәлем жолдаған қос пырағым.  
Жаңа ғасыр – мыңжылдықтың көгінде,  
Қалықтай бер, алтын қанат қыраным!

*Қайырмасы.*




2 - б ө л і м



*Астана — ән шуағым,  
жыр тұмарым*





# АРМАН ҚАЛА – АСТАНА

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Әнін жазған – М. Омаров

Өлеңін жазған – Е. Шаймерден

Ағылып Атыраудан, Алатаудан,  
Көш қонды Қараөткелге таласа ауған.  
Жайнайды астана ару алқасындай  
Ғажайып ғимараттар жаңа салған.

*Қайырмасы:*

Сарыарқа сауырында  
Ерке Есіл бауырында  
Келеді бой көтеріп арман қала.  
Арман қала,  
Асыл дала,  
Жаңа Астана! Өз Астана! Астана!

Төріне туған жердің туын тігіп,  
Ерекше ел еңсесі бүгін биік.  
Астана – ақ ордасы қазағымның  
Алтын тәж ақ маңдайға қонған сүйіп.

*Қайырмасы.*

Көз тоймас келбетіңе – қандай көркем!  
Астанам – жаңа қала жайған өркен.  
Астанам – жүрегі елдің, жүрегі елдің  
Соғатын жаңа ғасыр болып ертең.

*Қайырмасы.*

# БИІК БОЛСЫН МӘРТЕБЕҢ

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

(Әншілер, аралас хор, үлкен симфониялық оркестрге арналған кантата)

Әнін жазған – М. Омаров

Өлеңін жазған – Е. Шаймерден

Бұғаудан босағанда білегі елдің  
Қиялға қанат байлап түрегелдің.  
Айналған бас қалаға өз Астана  
Сен болып соғады енді жүрегі елдің.

Аспанда аласарып сөнбес ай, күн,  
Келешек – кемең жүзер кемел айдын.  
Шақырған Сарыарқаға аруағы  
Абылай, Қазыбек би, Бөгенбайдың.

Айтуға қысылмайық, тарылмайық,  
Атайық қарындарға тауын лайық.  
Астана – Нұрсұлтанның ақ ордасы,  
Қондырған алақандай жанын жайып.

О, менің өз Астанам, жауһар қалам,  
Сен – бесік болашаққа бау қаулаған.  
Жаршысы жаңа заман болуыңды  
Тілейді асқар тауың, шалқар далаң.

О, менің өз Астанам, жауһар қалам,  
Үмітпен қарайды енді халқым саған.  
Алдымен сенің тізең бүгілмесін  
Жаутаңдап жүрмеу үшін азат балаң!

# АСТАНА

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Әні мен өлеңін жазған – Қ. Әлімқұлов

Сарыарқа түледі  
Түрленіп гүл өңі.  
Астана – аруды  
Бар әлем біледі.

*Қайырмасы:*

Құлпырған,  
Сыр тұнған,  
Жыр тұнған Астана.  
Нұр тұлғаң бұлқынған  
Ұмтылған Астана,  
Астана!

Шұғылаң шырайлы  
Жасқап-ақ түр Айды.  
Жарасты келбетің  
Жаныма ұнайды.

*Қайырмасы.*

Күн сүйіп сыландың,  
Бас қалам – Астанам.  
Шын сүйген ұланның  
Тартуы – асқақ өн.

*Қайырмасы.*

# АЛТЫН БЕСІК – АСТАНАМ

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Әні мен өлеңін жазған – Қ. Өлімқұлов

Ерке Есіл тербеліп  
Сән қосады сәніңе.  
Көкіректі кернедің,  
Арқау болып әніме.

*Қайырмасы:*

Алтын бесік – Астанам,  
Арайланған жас қалам.  
Көркейе бер күн санап  
Тіл бітіріп тасқа да.  
Еркін елдің еңсесін  
Биіктеткен бас қалам.

*Қайырмасы.*

Ақ ордасы алаштың  
Ұлың болып самғадым.  
Тұғырыңды қаластым,  
Арманымды жалғадым.

*Қайырмасы.*

Ұранындай халқымның  
Бастайтұғын арманға.  
Аялайды алтын күн  
Нұрын төгіп таңдарда.

# МАҚТАНЫШЫМ – АСТАНАМ

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Өлеңін жазған – Е. Өтетілеуов

Алтын Арқа даласы,  
Жасыл Есіл жағасы.  
Қанат жайып құлпырған  
Аспаны ашық қаласы.

*Қайырмасы:*

Болашаққа бастаған  
Шарықтайды асқақ ән.  
Елордасы Отанның –  
Мақтанышым – Астанам.

*Қайырмасы.*

Қызу еңбек қайнаған,  
Алып құрылыс айналам.  
Ғимараттар ғажайып,  
Шоқтығындай бай далам.

*Қайырмасы.*

Батыс, шығыс зергері,  
Үйлескендей өрнегі.  
Астана – алып көрмесі  
Әсем сәулет өнері.



# АСТАНАМ МЕНІҢ

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Әнін жазған – Б. Нақанұлы

Өлеңін жазған – Т. Иіпұлы

Төсінде Сарыарқаның орын тепкен,  
Бірлік пен татулықтың дәнін сепкен.  
Астана елорда боп бой көтерді  
Жарысып келешекпен, нұрлы көкпен.

*Қайырмасы:*

Кең-байтақ елім,  
Жаннаттай жерім,  
Асқар тау белім,  
Астанам менің!  
Қырандай самғап,  
Әлемді шарлап,  
Кетеді әлі-ақ  
Атағың сенің.

Астанам ізгілікпен маржан таққан,  
Көп ұлттың көңілімен қолдау тапқан.  
Сеніммен болашаққа қадам басып,  
Достықтың, еркіндіктің шамын жаққан.

*Қайырмасы.*

Көңілге толқын атып жыр толады,  
Құшаққа сыйып жатыр бар қонағы.  
Астанам – қасиетті ұлы мекен,  
Халқымның жүрегімен бір соғады.

*Қайырмасы.*

# АРМЫСЫҢ, АСТАНАМ!

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Әні мен өлеңін жазған – Б. Орындықұлы

Көгінде ойнап сазды әуен мен асқақ ән,  
Шаттықпен жетті Сарыарқама Астанам.  
Шын жүректен, пәк көңілмен айтамын:  
Алға бассын, құт болсын деп бастамаң!

*Қайырмасы:*

Армысың, асыл Астанам!  
Атыңды әнмен мақтанам.  
Күн нұрына бөленіп  
Көркейе бер, гүлдене бер,  
Қанат жайған жас қалам.

Елін сүйген жандар еді-ау халқымыз,  
Бойға біткен бар өнерді сарқыңыз.  
Астанамның көркіменен бірге өссін  
Өркендесін тіліміз бен салтымыз.

*Қайырмасы.*

# АҚ ОРДАМ, ЕЛІМ, АСТАНАМ

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Әні мен өлеңін жазған – А. Қыраубайтегі

Ақ ордам, елім, Астанам,  
Арайлы күндерім!  
Жарқырайды айшықты  
Алқызыл түндерім.

*Қайырмасы:*

Қуанышқа кенелсін  
Бақытқа үйлерің,  
Жақсылыққа арманың,  
Ұрпағың, бар жаның.  
Жақсылыққа арманың,  
Ұрпағың, бар жаның.

*Қайырмасы.*

Астанада болдың ба  
Гүлдері жайқалған?!  
Қазағымның жүрегі  
Жүзінен байқалған.

*Қайырмасы.*

Байтақ елім, Отаным,  
Өзіңмен жүрегім.  
Береке, бірлік, нұр өмір –  
Бөріңе тіледім.

# ЕЛ ЖҮРЕГІ – АСТАНА

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Әні мен өлеңін жазған – Қ. Қайым

Ел жүрегі Астана  
Жаңа қала, жас қала.  
Зәулім, сәнді үйлері  
Үлгі болған басқаға.

*Қайырмасы:*

Е-е-ей!  
Астана, Астана!  
Ел тілегі – бас қала.  
Астана, Астана!  
Ел жүрегі – Астана!

Алтын орда – Астана,  
Ғасыр үні бастама.  
Есіл бойын ен жайлап,  
Көз тартады бас қала.

Ел үміті – Астана,  
Бейбіт өмір басты алға.  
«Бірлік болса, тірлік бар» –  
Бағыт, бағдар жастарға.

# АСТАНА – БӘЙТЕРЕК

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Әнін жазған – О. Ақжарқын-Сәрсенбек

Өлеңін жазған – С. Тұрғынбекұлы

Бақытқа жол ашқандай  
Қазақтың қайсар елі.  
Аспанмен таласқандай  
Астана-Бәйтерегі.  
Арайлы Астанам,  
Бастаған асыл дана,  
Ғасырдан ғасырларға  
Жалғасқан жасыл қала.

*Қайырмасы:*

Астана-Бәйтерек  
Тал бесік жерімде.  
Астана-Бәйтерек  
Тәуелсіз елімде.  
Жұлдыздай жарқыраған  
Нұр-Астана!

Бақ-дәулет бәрі осында  
Елімнің ертеңіңдей.  
Есілдің жағасында  
Ғажайып ертегідей.

*Қайырмасы.*

Арайлы Астанам  
Даламда дара туған.  
Аққудың қанатынан,  
Ақ нұрдан жаратылған.

*Қайырмасы.*

# АСТАНА

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Әнін жазған – К. Дүйсекеев

Өлеңін жазған – Ш. Сариев

Айналғандай пейіш-жұмақ баққа да,  
Тарихи жер – тұғыр болған таққа да, ей!  
Абылайхан ақ туындай – ақ қала,  
Қазағымның бас қаласы – ей, Астана!

*Қайырмасы:*

Ел елдігі – Астана,  
Кемелдігі – Астана!  
Ел-анама – бас қала, Астана! –  
Кең далама – бас қала, Астана! –  
Қазағыма қонған бақыт – бақ қала,  
Армандардың ақ ордасы – ей, Астана!

Ата-бабам қонған талай атқа да,  
Бермес үшін дұшпан-жауға, жатқа да, ей!  
Жаңа жауған аппақ қардай ақ қала,  
Қазағымның қара орманы – ей, Астана!

*Қайырмасы.*

# АРАЙЛЫ МЕНІҢ АСТАНАМ

*«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006*

Әні мен өлеңін жазған – О. Сүлейменов

Көкорай шөбің,  
Жайқалып егін,  
Байлыққа толы кең дала.  
Көркейіп өсіп,  
Жайқалып жетіп,  
Келесің, міне, күн қала.

Самал жел ескен,  
Жастарым өскен,  
Бақытым сенсің, Астана!  
Асқарым болар,  
Ырысым толар,  
Айналдым сенен, Астана!

Есіл мен Нұра  
Жағасы тола  
Ағады көктем кезінде.  
Аруақ қолдап,  
Елімді қорғап  
Бабалар өткен кезінде.

Бөгенбей бабам,  
Қажымұқан атам  
Армандап өткен Ақмола.  
Гүлге енді толып,  
Астана болып,  
Жайнашы өсіп, жас қала.

Қиқу сап тұстан,  
Аққулар ұшқан,  
Толықсып далам жатқанда.  
Ереймен жерін,

Қорғалжын көлін  
Мақтаныш тұтам қашанда.

Сарыарқа елім,  
Кең-байтақ жерім,  
Мекен болған бар ұлттың.  
Көңілі толып,  
Астана болып,  
Ақтарсың елдің үмітін.



# АСТАНА АРУЫ

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Әні мен өлеңін жазған – З. Сүйіндіков

Қыр гүліндей қырмызы  
Жүректі оттай жандырдың.  
Астананың нұр қызы  
Қайда жүрсің жан құрбым?  
Кең даламның елігі,  
Жаралдың ба сағымнан?!  
Ұмытпаймын мен сені  
Бақытымдай табынған.

*Қайырмасы:*

А-а-ау...  
Таң нұрынан жаралғандай,  
Мөлдіреген жанар қандай!  
Астананың арулары-ай,  
Арулары жас қаланың  
Өзіңсің ғой асқақ әнім,  
Қайда жүрсем естен кетпес  
Асау Есіл жағалауы.  
Өзіңсің ғой көктем-елес,  
От сезімім алаулады.

Жас қалаға жарасқан  
Қолаң шашты аруым.  
Ай-жұлдызбен таласқан  
Сендей жанға зәрумін.

*Қайырмасы.*

Махаббатты ән қылып,  
Ақ толқынға ілесіп,  
Жүрейікші мәңгілік  
Жүректерден жыр есіп.

*Қайырмасы.*

# АҚҚУ ҚАЛА – АСТАНА

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Әнін жазған – Д. Қажымов

Өлеңін жазған – К. Салықов

Есімің ай, әлемге тұрақталып,  
Келіпсің Сарыарқаға жұмақты алып.  
Көзіме көрінесің, жас Астана,  
Есілге қонған аққу сияқтанып.

Орнаса айдыныма алтын маусым,  
Ақ қанат, ашық қабак жарқылдасын.  
Келбетің туған елді сүйсіндіріп,  
Құлпырып күннен-күнге қарқындасын.

Қуансам айналама жар салғандай,  
Ғажапсың көрген адам тамсанғандай.  
Толқыдым ақ қайындар арасынан  
Ауылдас қара көздер қарсы алғандай.

Есімің ай, әлемге тұрақталып,  
Келіпсің Сарыарқаға жұмақты алып.  
Көзіме көрінесің, жас Астана,  
Есілге қонған аққу сияқтанып.

# АСТАНА – ЖАС ҚАЛА

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

Әні мен өлеңін жазған – Е. Тілепбердиев

Бұрқырап еңбек қайнаған,  
Жарқырап шамы жайнаған.  
Отаным тіккен жас отау  
Төріне көк ту байлаған.

*Қайырмасы:*

Жас қала – Астана,  
Көгерсін көктеп көсегең.  
Бас қала – Астана,  
Көркейіп, жайнап өсе бер.  
Ер жетіп ұл-қыз бақытты  
Өзіңмен бірге өсер ел.  
Қызықтап мәңгі жастықты  
Тамаша өмір кеше бер.

Есілдің бойлап жағасын  
Қанатын жайған қаласың.  
Көз жауын алып сәулетің  
Қалықтап көкке барасың.

*Қайырмасы.*

Басқа елге болып өнеге,  
Шығарсың биік белеңге.  
Жас қалам – менің Астанам,  
Тарихың кетер тереңге.

*Қайырмасы.*

## НҰР АСТАНА

*Әнін жазғандар – Қ. Жұмабаев, М. Қыдырбаев*

Нұр сәулемен арайланған ақ таңы,  
Нұр Астана – бар қазақтың мақтаны.  
Еуразия жүрегіне мәңгілік,  
Жазылғандай сұлулықтың дастаны!

### *Қайырмасы:*

Ата-бабам аңсаған арман қала,  
Самалы Сарыарқаның жанға дауа.  
Нұр Астана – айнасы болашақтың,  
Бақ-жұлдызы қазақтың жанған қала!

Бәйтерегім – даналықтың мысалы,  
Ақ Ордамыз – елдік, ерлік нышаны.  
Хан шатыры – тарих сыйы, тәбәрік,  
Пирамида – бейбітшілік нысаны!

### *Қайырмасы.*

Тарихы бар – тамыр тартқан сақтардан,  
Дәстүрі бар – “қара қылды қақ жарған”.  
Нұр Астана Ұлы елімнің Ордасы,  
Ұрпағына қыдыр дарып, бақ қонған!

### *Қайырмасы.*

# АСТАНА ЖЫРЫ

Әнін жазған – Ш. Сәрсенбаев

Алматыдан Ақмолаға аттанған,  
Ұлы көшті – Ұлы тұлға басқарған.  
Сарыарқаның самал ескен төрінде,  
Тәуелсіздік шежіресі басталған.

Астанамыз ел үмітін ақтады,  
Қасиетті – ел бірлігін сақтады.  
Көрегендік, ерлік, елдік үлгісі,  
Тойын тойлап, қала-далам шаттанды!

## *Қайырмасы:*

Астанада – «Ақ Орда»,  
Қазағыма – Бақ Орда,  
Қыдыр дарып, құт қонған,  
Елімізге, жерімізге,  
Халқымызға бақ орна!

Бас сәулетші Астананы сомдаған,  
Нұр ағамды дана халқы қолдаған.  
Бар ғаламды таң қалдырған ұлы ісін,  
Кітап қылып, жазар ұрпақ томдаған!

Шоқ жұлдыздай жымыңдаған алыстан,  
Шамшырақтай мұнарланған ғарыштан.  
«Бәйтерегі» аспандаған астанам,  
Қазақ елін бар әлемге танытқан!

## *Қайырмасы.*

# БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМ МАРШЫ

*(Тұңғыш Президентіміз  
Н.Ә. Назарбаевқа арналады)*

Уа, Адамзат, келді кезің ойланар,  
Тарихыңды оймен шолып, толғанар.  
Мойын бұрып, өткеніңе көз таста,  
Не жоқ, не бар – тамсанар, ия сан соғар?

Түгендейтін мезгіл жетті сын сағат,  
Таусылатын кез келгендей құм сағат...  
Жер Ананың зары ма, әлде білмеймін,  
Талып жеткен құлағыма зар-набат!

*Қайырмасы:*

Келер күннен күткен үміт, шапағат,  
Уа, Адамзат, өткеніңе салауат!  
Тәңіріміз туын тіккен Жер-Ана –  
Келер ұрпақ еншісіне аманат!  
Тәңір өзі нәсіп еткен,  
Тылсым терең сырын бүккен.  
Жаса мәңгі ізгілік пен махаббат!  
Жасай берсін, қасиетті Адамзат!

Қилы тағдыр, сан тауқымет сомдаған,  
Адамзатты Тәңір жебеп, қолдаған.  
Бейбітшілік, келісімнің ордасы,  
Астананың жүрегінде орнаған!

Ұранымыз – бейбітшілік әлемге,  
Мұратымыз – өркениет бар елге.  
Дін-аралық татулықтың – үміті,  
Жетелесін Адамзатты сәлемге!

*Қайырмасы.*

*«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006*

## **БАР ҚАЗАҚТЫҢ БАС ҚАЛАСЫ**

Көш бастап елдің сұлу, жас қаласы,  
Жалғасты ата мирас салт-санасы.  
Жан-жаққа Алматыдан қанат жайды,  
Абайлар, Абылайлар бастамасы.  
Астана – Қазақстан жас қаласы,  
Астана – бар қазақтың бас қаласы.

Махаббат жұмағына сенер ме едің,  
Сенгенім өзінді аңсап елендедім.  
Әйгерім, Баян Сұлу, Қыз Жібектер  
Көз көрді Алматыда дегендердің.  
Астана – Қазақстан жас қаласы,  
Астана – бар қазақтың бас қаласы.

Жамбылдай жаттап сөздің ірілерін,  
Ардақтап даңғыл жолын тірілердің.  
Суыспай сыйысатын кең жеріне  
Туышты барлық қазақ бірігер күн.  
Астана – Қазақстан жас қаласы,  
Астана – бар қазақтың бас қаласы.

Жарқырап «Жібек жолы» ұлан істің,  
Бой тастап бел-белесі тым алыстың.  
Азаттық биігіне шақырады,  
Желбіреп көк жалауы қуаныштың.  
Астана – Қазақстан жас қаласы,  
Астана – бар қазақтың бас қаласы.



*«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006*

## АЛТЫН ДІҢГЕК – АСТАНА

Алтын діңгек – Астана  
Ай бейнелі дегенде  
Айға жетіп өсем бе?  
Нұр құйып тұр жаныма  
Ай сәулесі көшемде.

Алтын қала, ақ қала,  
Халқым үшін бақ қала,  
Ел айдары – астана –  
Қайта туған Ақмола.

Алқасы оның ерке Есіл,  
Сәулесі – айна, елге сыр.  
Судағы үйлер-суреттер  
Тізбек-тізбек көл-көсір.

Түнде сәннен таймайды,  
Гауһар болып жайнайды,  
Әр ғимарат – Тәж-Махал  
Құмар көзді байлайды.

Көруге асық халқы бар,  
Қомағай көз бал құмар –  
Тояттауға Төңірдің  
Тәубе берер салтын ал.

Тәуелсіздік тірегі,  
Отанымның жүрегі.  
Еңселенді ел бүгін,  
Жалын жұтып жүр еді.



Бостандыққа бас жүлде –  
Қала ұқсайды  
Бақ гүлге,  
Мөңгілікке осылай,  
Асуларды ас  
Жас күйде.

Астанамыз – ұраным!  
Түлетті ойдың қыранын.  
Өнерің сай өзіңе  
Аспандасын жыр-өнің!

*«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006*

## **АҚОРДА. АҚ БЕСІК. АҚ БӨБЕК**

Есілдің сол бүйірін нұрландырып,  
Қазақтың Ақордасы тұр жаңғырып.  
Көк туын бұлғап-бұлғап шақырғасын  
Қасына жетіп бардым жылдам жүріп.

Күмбезін күмбірлетіп бөрі лебім,  
Сатылап Бәйтерекке өрмеледім.  
Биктеп шыққан сайын көңілім өсіп,  
Айдай боп аспандағы көрінемін.

Шыққандай алтын тауға асқарала,  
Қарадым сол биіктен бас қалаға.  
Алтын бесік ішінде тербетілген  
Астана ұқсайды екен жас балаға.

Қол создым ақ бесікке тербеткім кеп,  
Ақ бөбек, әлди бөбек ер жетсін деп.  
Кіндігін патша кескен сол баланың  
Есімін бұл күндері жер-көк білмек.

Көңілінде жоқ бұлтарысы, қалтарысы,  
Тілеуін тілеп отыр алты арысы.  
Марқайып келе жатқан сағат сайын  
Алаштың осы болар Алпамысы.

*«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006*

## ЕЛ ЖҮРЕГІ

Жүр деп қалай айтамыз ашылмай бақ,  
Басыма бас, қайратқа қосылды айбат.  
Елім еркін,  
Ақмолам Астана боп,  
Жайып жатыр қанатын Есіл бойлап.

Босанар шақ құрсаған тор-қамалдан,  
Бабаларға сан ғасыр болған арман.  
Тәубе дейік  
Абылай ат суарған  
Күнді көрдік өткелге орда қонған.

Бойды кернеп салтанат,  
Қызады қан,  
Босап шықтық бодандық тұзағынан.  
Бір Алладан тілейміз сүйіндір деп,  
Тәуелсіздік қызығын ұзағынан.

Тарихымнан тамсанып құжат терем,  
Өткел жоқ қой шынында біз өтпеген.  
Ерке Есілдің бойында  
Ел жүрегі  
Жаңа Астана келеді түзеп көлем.

Қараөткелден кім өтіп,  
Қыр аспаған,  
Қай қиырға көшіміз ұласпаған?!  
Еңселеніп,  
Танытып елдігімді  
Болашаққа қол созып тұр Астанам!

## ЕСКЕРТКІШ

Тоғысты тағдырымыз, жол-арнамыз,  
Астана, төл тұрғынбыз саған нағыз.  
Көшке еріп,  
Беріп тұрған заман маңыз,  
Қалдырдық Қараөткелде қадамдап із.

Қозғалыс Орынбордан бастау алып,  
Дүбірге сан ұрпақты қосқаны анық.  
Жоқ бізде биіктіктен басқа бағыт,  
Қол созды көкке Астана асқақ, алып.

Түбірі қазақтың бар аймағының,  
Тұғыры Тәуелсіздік байрағының.  
Тастаған тоғыстырып ойға қырын,  
Астанам – бастауы елдік қайнарымның.

Кеудесі ерке Есілдің көмкерілген,  
Астана – жайған кеме желкенін кең.  
Ісі ірі – алқабына тер төгілген,  
Мүсіні көрінетін ертеңімен.

Төсіне түскен ізі сан алыптың,  
Көшіне бағдар болған жаңалықтың.  
Сомдаған ел тағдырын ойлаған жан  
Астана – ескерткіші даналықтың!

*«Көңіл көкпары». – Астана: Фолиант, 2009*

## ЖАС ҚАЛА — АСТАНАМ

Қарт Алатау — қазақтың қара шалы,  
Өрлігіне кім оның таласады?!  
Елге ғана осындай таулары бар,  
Алматыдай — Бас қала жарасады!..

Салады еске Сарыарқа — алашаны,  
Кендігіне кім оның таласады?!  
Елге ғана осындай даласы бар,  
Астанадай — Жас қала жарасады!..

Алматының төрінде — қара шалы  
Ал, Астана — керілген дала сәні!..  
Алатауда — қазақтың алған шыңы,  
Сарыарқада — қазақтың болашағы!..

## ТУ

*(Поэмадан үзінді)*

*Төбеңнен елдік нұрын тұрған құйып,  
Өмірде ешнәрсе жоқ Тудан биік!*

**Автор**

## VIII

Айбынды ту көтеріп, тұлпар мінген,  
Бабалар ерлігіне іңкәрмін мен.  
Тайған соң бастан бақыт, төрден тақыт,  
Бетпе-бет келдік талай сұм тағдырмен.

Кең дала қасіреттен тұрды аңырап,  
Халықтың көкірегі құр қаңырап.  
Байрағы Бостандықтың көзден тайды,  
Басымен хан Кененің бірге құлап.

Ту үшін қан төгістік, кескілестік,  
Көрмеген сұмдық көрдік ешкім естіп.  
Тар бұғау желкемізді қиғаннан соң,  
Әйтеуір еріксізден көшке ілестік.

Кеудесін атқан оққа төсеп өлген,  
Алаштың туы қайда кеше көрген?  
Жарқырап Тәуелсіздік таңы атпаса,  
Өктемдік бізге қашан есе берген?

Көздеумен шауып шығар көктөбені,  
Әркімнің өз тұлпары ерттегені.  
Қиылған қыршындардың Желтоқсанда,  
Елесі түн ұйқымды төрт бөледі.

Жауыздың ешбірі жоқ жаза көрген,  
Қашанда қиянаттан қазақ өлген.  
Көк тудың қасиетті киесі атар,  
Сабынан ұстамасақ таза қолмен!

Жығылмас еш қашанда елі жарға,  
Алдында ту ұстайтын Ері барда!  
Көтеріп алып Байрақ қазақ отыр,  
Тілегін аңсап күткен беріп Алла!

Төбеңнен елдік нұрын тұрған құйып,  
Өмірде еш нәрсе жоқ тудан биік!  
Күн туса ел басына туды қорғап,  
Өледі Қазымбеттей кім жан қиып?!

Бола ма ата салтын ұмытуға,  
Тағзым ет, бауырларым, ұлы Туға!  
Шуағы сұм өмірден шындық таппай,  
Мұздаған жүрегімді жылытуда!..



*«Шығармалары». – Астана: Фолиант, 2009*

## ТОЛҒАУ

Қара жерге тамыр тартып ендім мен,  
Көшпенді едім – тағдырымды жел білген.  
Бүгін міне, өз аспаны, өз күні,  
Өз даласы, өз тауы бар елмін мен!

Басыбайлы бодан болсам кім тыңдар?  
Жайым да жоқ қайғы менен мұң тыңдар.  
Ұлтымыз бар, қазақ атты киелі,  
Қасиетті қара орманым – жұртым бар!

Сағынумен жетті маған ғажап күн,  
Өткен ғасыр аяғында азат күн.  
Көк байрақты Елбасы бар елімнің,  
Тәуелсіз ел – егеменді қазақтың!

Сабырлы елім толқып асып таспаған,  
Өз жолым бар жаңа ғасыр бастаған,  
Оңтүстікте бір астанам – Алматым,  
Солтүстікте – Сарыарқамда – Астанам!

Сайын дала күдіретін сездік кең,  
Қазақ жайлы сыр тартады сөз біткен.  
Мойындады қазағымды жер-жаһан,  
Кең далама бүкіл әлем көз тіккен!

Мен – қазақпын! Жүрегімді тыңда, әлем,  
Қазағымның атты таңы – нұрлы әлем,  
Мойындады Президентім – Елбасын,  
Тыңдап жатыр ел ұранын күллі әлем!

Жарқыл қағып найзағайдай жасыны,  
Қазағыма Құдай берген асылы.



Жаңа ғасыр құшағында тербелдік,  
Басталды енді қазағымның ғасыры!

Алғашында айналғанмен тосынға,  
Бәрі осында, көзкөргендер, досым да.  
Жаңа Астанам құшағына жиылды,  
Ел халқымның зиялысы осында!

Мен – ақынмын! Мен несіне жасқанам,  
Ар-ожданым – ақ ордамсың, бас қалам.  
Ту көтерген құшағында Сарыарқа,  
Мың сан алғыс, келдім саған, Астанам!

Қуан далам, таңдан, әлем, таңырқа,  
Жаңа әлем, жаңа ғасыр, жаңа Арқа.  
Астанамды тік көтерген биікке,  
Мың сан алғыс, саған келдім, Сарыарқа!

## **АСТАНА**

Тәңір қосып аспан-жер кез болып ең,  
Тілдесіп адамзатқа сөз қонып ең.  
Астана – Нүрекеңнің дастанындай,  
Әр жолын жазып жатқан өз қолымен.

Бұл қала – Алатаудың терегіндей,  
Жайқалып өскен көркем желегіндей.  
Сөз қашап Абай жазған ойы биік,  
Астана – Нүрекеңнің өлеңіндей!

Тұз-дәмнің сыйға тартқан сан кесесі,  
Ойшылдың кетпес әсте жанға есесі.  
Нұрсұлтан Әбішұлы жазған жырлар –  
Аяулы Астанамның әр көшесі.

Тарихтың керуен-сазды көші білген,  
Ұлылар ғой тербеткен бесігімнен.

Астанамның аталған өр көшесі,  
Аруақ — ата-бабам есімімен.

Көктегі жұлдыздарға жанар ғашық,  
Тағдырлар тарихында сан арбасып.  
Ұлылар көшелері қиылысып,  
Жатқандай бір-бірімен амандасып.

Тәуелсіз бұзған елім тас қамалын,  
Ел-жұртым Сарыарқамда басқан адым.  
Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би,  
Төрінде үш би отыр Астананың!

Тәуелсіз елім бүгін жарық көрді,  
Әлемге қазақ дейтін танытты елді.  
Бұл Нүрекең — Нұрсұлтан Әбішұлы,  
Көзінің тірісінде тарихқа енді!

Тәуелсіздік — бүгінім, кеше келді,  
Сол ғана көгертеді көсегемді.  
Сол тарихқа өлеңмен бірге енсек деп,  
Өзіңізге арнадым осы өлеңді!

Көңіл ғой — көкорайлы жасыл кілем,  
Ұлтым ғой — қасиетті асыл кием.  
Халқыма тәуелсіздік алып берген,  
Жиырманшы ғасырға басымды ием!

Иіріп алшы тұрған асығындай,  
Жас ұрпақ найзағайлы жасынымдай.  
— Жиырма бір! Ғасыр осы, о, Нүреке,  
Алла жазса, қазақтың ғасырындай!

## АССАЛАУМАҒАЛЕЙКҮМ, ЖАҢА АСТАНАМ!

Бет алған Астанаға жол басы деп,  
Ақмолаға келгенім алғаш рет.  
Сақтаймын деп ордалы кіндік жұртын,  
Қазағым тартқан талай сан қасірет.

Азаттық туы үшін аласұрдым,  
Еркін дәмін татам деп қара судың.  
Ат басын бұрған бері Ақмолаға,  
Арманы болған талай алашымның!

Жайқалып сонадайдан көрінді орман,  
Қазақпын Тәңір қолдап, жолым болған.  
Жиырмасыншы ғасырдың басында осы,  
Астана шеру тартқан Орынбордан.

Қазағым — қазақ атын қақты есікке,  
Ұрпағың — жата ала ма жат бесікте?  
Астанам Сыр бойына қоныс тепті,  
Орынбор төрін сыйлап Ақмешітке.

Жұлдыздар қия шыңнан көрінді анық,  
Қайда апарып соғады өмір барып?...  
Ақмешіт Алатауға төр сыйлады,  
Қазақтың зиялысы шоғырланып.

Бірлік болмай, — халқыма бақ қона ма?!  
Ағайын араласпай, — жат бола ма?!  
Алматыға рахмет кіндік жұрты —  
Астанасын сыйлаған Ақмолаға!

Ақмолам ертенінді көрдім анық,  
Жұлдызы жансын биік елдің жарық.  
Ассалаумағалейкүм, жаңа астанам,  
Ақындардың сәлемін келдім алып!..

«Шығармалары». – Астана: Фолиант, 2009

## ӘНІМ – АСТАНАМ

Шаттығың шарықтаған,  
                    қалықтаған ән боп атың,  
Көрген жан сәнді атыңа,  
                    сымбатыңа таң қалатын,  
Арқаның әр таңын сүйіп құшып,  
Астанам,  
                    ертеңге  
                    бастаған  
Қадамың қасиетті,  
                    шабыттысың.

### *Қайырмасы:*

Керемет бәйтерегің,  
Не деген көркем едің!  
Бауырмал құшағыңда сәбиіңдей,  
Келеді еркелегім, еркелегім!

Жыл сайын жарқылдайтын,  
                    сарқылмайтын қуат күшің,  
Ғасырдың бел құрдасы,  
                    қолтаңбасы сияқтысың.  
Достықтың,  
                    жастықтың отауысың,  
Арайлы,  
                    арманы талайдың,  
Асқақтап,  
                    биіктей бер Отан үшін!

### *Қайырмасы.*

Бақыттың бесігінде  
есімнің де тербеледі,  
Халқымның беріктігі —  
биік туы желбіреді.  
Мен сенен дос табам,  
туыс табам,  
Шарықтап,  
ән болып қалықтап,  
Жасай бер, жарқыраған  
Нұр Астанам!

*Қайырмасы:*

Ел қанық есіміңе,  
Бар бақыт осы, міне.  
Сән беріп жас жүректер жүр көшеңде,  
Тербеліп махаббаттың бесігіне!



*«Айбозым менің». – Астана: Күлтегін, 2006*

## АСТАНА

Айлы аспанның жанары төңкеріліп,  
Шашыраған сәулесі өрге өріліп.  
Ерке Есілдің жағасы баққа айналған  
Шымқай жасыл желекпен көмкеріліп.

Дұшпан көрген, жау көрген айналасын,  
Өзге жұрттың пір тұтам қай қаласын?!  
Өз Астанам бәрінен мәртебелі  
Ерке Есілдің жағасын жайлағасын.

Астананың маңдайын өпкен арай,  
Шұғыласын шашпасын көпке қалай?!  
Күннен-күнге биіктеп жатыр өсіп,  
Зәулім үйлер қол созып көкке қарай.

Елбасының қолдаған бастамасын,  
Ұран еткен ұлтының жас қаласын.  
Асқақ рухты қай жұрт та өріс ашып,  
Асқақ етіп көтерген Астанасын.

Айдарынан айбынды жел ескені –  
Қай елмен де иығы теңескені.  
Күллі өлемнің ағылған басшылары  
Астанада бас қосып кеңескелі.

Ақиқаттың сөнгенде шырағы өшіп,  
Тіршіліктің жайқалмас шынары өшіп.  
Жер-жаһанның тоң-мұзын жібітуде  
Астананың жүзінен шуақ есіп.

## КӨК БАЙРАҚ

Қараулықтың қамалын бұзып өтіп,  
Жауын қалай жеңеді күші жетіп?!  
Ғарышқа адам ұшырып жатқан елім  
Ұшырмаған ел қанша құс түлетіп.

Жұрт жаңарып, мезгілде ел түлеген,  
Найзағайға азуын ер білеген.  
Айға ұша алмай жүргенде көп жұрт әлі  
Қазақ туы ғарышта желбіреген.

Қара бұлттың көбесі сөгілгенде,  
Бағы ашылған өмірдің көңілді елде.  
Ғарыш жаққа күллі әлем жалт қараған  
Қазақ туы төрінен көрінгенде.

Көңілінің мұң-шерін құзға ақтарып,  
Қазақ қашан күн кешті ұсақталып?!  
Ғарышкер ту атанып көк байрағы  
Мұражайда тыныстап тұр сақталып.

*«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006*

## ЖАҒАСЫНДА ЕСІЛДІҢ

Есімде, сәулем, есімде,  
Сылаңдап аққан Есілге  
Жаутаңдай қарап қоштастың,  
Жабырқау күздің кешінде.

Сен барда, сәулем, бар аймақ,  
Тұрады жайнап, арайлап.  
Мен жүрмін сені келер деп  
Алатау жаққа қарайлап.

Сол бір кез енді армандай,  
Еске алсам – жүрек жанғандай.  
Сен кеттің қайтқан қаздармен  
Бірге ұшып кете барғандай.

Сағынған көңіл ділгірі –  
Оралды көктем күндері...  
Оралған жоқсың сен бірақ,  
Жұбатар енді кім мені?!

Оранды гүлге қырқалар,  
Әніміз қашан шырқалар?!  
Қауышар кезді аңсаумен  
Күтумен жүрмін бір хабар.





«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

## АСТАНА КЕШІ

Гүлзарлар қандай әсем қаладағы,  
Құлпырған Астананың әр алаңы.  
Жылы кеш жан тербеген,  
Ән кернеген,  
Жастықтың жалыны боп аралады.

Болашақ басталар көші,  
Айшықты Астана кеші.  
Ерке Есіл наздана ағып,  
Нұр құшар бас қала төсі.

Маңайды бөлеп ән-күйге,  
Астана кеші, әлдиле.  
Әнімді сәулем тыңдасын,  
Тыңдасын көше,  
Сәнді үйлер!

Сансыз шам Ай нұрына ұласады,  
Көңілім жадыраған гүл ашады.  
Еркелеп ескен желмен салған әнім  
Бұлттарменен араласып қыр асады.

Астанам – махаббатым,  
Сырласымдай,  
Өзіңе іңкәрлігім жүр басылмай.  
Төсінде Есіл ару тербеледі  
Сұлудың сынғыр қаққан сырғасындай.

## **ЕЛОРДА ТУРАЛЫ ЖЫР**

Жабыққанды жадыратар жас қала,  
Баспанасыз жанға болар баспана.  
Ақмоланың жандандырып ажарын  
Жаңа орда болған маған, басқаға –  
Астана!

Қазақы түр, қазақы тіл қордасы,  
Ойлылардың, тойлылардың ордасы.  
Нар талапты нарық қысқан заманда  
Қорғансызды, армандыны қорғашы,  
Астана!

Сүйсінеді сені көріп сырт көздер,  
Түйсіктіні түлен сынды түртті ездер...  
Маған ғана емес, алыс-жақын шеттерден  
Саған келіп жайғасуды жұрт көздер,  
Астана!

Жасың сенің сегіз жасқа таянды,  
Қайдан табам өз даңқыңа сай әнді?!  
Азияның ажарына айналып,  
Бейбіт күнің болсын мәңгі баянды,  
Астана!

Ғимараттар төбесімен тіреп көк,  
Көшелерің күн көзінен нұр өппек.  
Қазақтардың тар жол, тайғақ кешулі  
Тағдырын сен тұра берші реттеп,  
Астана!

Астанасыз өмір сүрген қай халық,  
Жаңа астана, саған басты байладық...  
Бар қазақтың басына нұр шашатын  
Тұра берші күнімізге айналып,  
Астана!

## **АСТАНА**

Астана – ұлттың ажары,  
Баянды мақсат базары.  
Әдемі бастау әрине  
Әлемнің ауған назары.

Қанатын жайып құрылыс,  
Басталып кетті бір ұлы іс.  
Бағдарлы бейбіт бағыттан  
Болмайды кері бұрылыс.

Аялы әрбір ақ таңы,  
Керемет шалқып жатқаны.  
Есілдің бойы ен қала –  
Елімнің мәңгі мақтаны!

Көңілді кернеп наз ағын,  
Жырлайды жырлар ғажабын.  
Астана болып еңсесін  
Көтеріп жатыр қазағым!

*«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006*

## **АЙБАРЫҢ АССЫН, АСТАНАМ!**

Бабаннан қалған ұран деп,  
Астана жұртты айналып,  
Қазақты қазақ қылам деп,  
Дауға да, жауға да сайланып,

Жігерін жанып өреннің,  
Талпынтып өрге бір биік.  
Қаланы мола дегеннің  
Аузына бүгін құм құйып.

Нұрсұлтан сынды ұлымен  
Жаңаша дәуір бастаған,  
Жасаған Жаппар нұрымен  
Жасай бер мәңгі, Астанам!

Көре алмай жүрген наданның  
Өзімен кетсін тілегі!  
Аман бол мәңгі даламның  
Дүрсілдеп соққан жүрегі!

Ақ жаңбыр шайып төсінді,  
Сілкінтіп мөлдір дауылдар,  
Түзей бер шалқар көшінді,  
Қағындар бейбіт дабылдар!

Желбіреп көкте байрағың,  
Тарта бер алға, бас қалам!  
Аман боп ауыл-аймағың,  
Айбарың ассын, Астанам!

## ӨС, АСТАНА!

Жалқаулықты жер қылар қарсы ағыстай,  
Шеберлер шықты қайла, балтаны ұстай.  
Күн емес,  
сағат санап өс, Астана,  
Алты айда атқа мінген Алпамыстай.

Әспетте астананы, тосылма, жыр,  
Заулаған көп көліктен шошынба, қыр.  
Көшеңнің шаңын басып беремін деп,  
Алатаудың бұлты да осында жүр.

Қазақ тіл  
шаттанды алда бағы бардай,  
Алтын тақтан сөйлеп бір ағылар ма-ай!  
Қуаныштың көз жасын сүртіп тастап,  
Сарыарқа жүр жүрегі жарылардай.

Сарыарқа  
әр қалаға сүйсінуде,  
Жел келді жүрдектікті үйіруге.  
Ескі Ақмола  
ескі ойын шешіп тастап,  
Жағалы,  
жаңа орман киінуде.

Тоқтатқанмен соғуын сағаттары,  
Отыз жеті...  
өшкен жоқ санатта әлі.  
Қайтты, міне, ауылыңа, сол жылдары,  
Тұтқында қалған қазақ жер аттары.

Ертеңгі кереметке асықшы, үміт,  
Жалқаулық жиналыстан қашып шығып.  
Қазақтың даласынан қашқан жаудай,  
Жұтаңдықтар көшеңнен қашып шығып.

Сәт туды өскенінді санап тұрар,  
Өс, Астана,  
Сүйінтіп алапты бар!  
Хас сұлу бол,  
Париждер мойнын созып,  
Лондон кеп,  
Таңдай қағып қарап тұрар.



«Ардакүрең». – Алматы: Қайнар, 2008

## АСТАНАДА, АҚПАНДА...

*Астана жұртын айналған...*

*Махамбет*

*Ақын жоқ Қараөткелде менен асқан.*

*Ғазиз*

Белім шықпай жатқанда бесікте мен,  
Керуен соққан кездерден көшіпті өлең.  
Астанада,  
                    ақпанда,  
                                    ақ боранда  
Аппақ-аппақ түстерді кешіп келем.

Ақпан әні,  
Астана, көшең де кең,  
Ақ бораны – аппақ нұр десем бе екен?!  
Ел қондырған Есілдің жағасына  
Есіл де есіл,  
                                    есіл жұрт есен бе екен?!

Барысқа да ұмтылар бақанды алып,  
Қазақ деген – нар халық, атан халық.  
Ұмтылмаса – жарады, жұтылмаса –  
Жалмауыздың аузында жаһанданып.

Тиер жерге тың тиіп мына маңдай,  
Сыңар арман сыңсиды сыналанбай.  
Құйқылжытқым келіп тұр қыстың әнін,  
Құстың әнін жырлаған Тұмағамдай.

Үмітіңнің үрлетіп үр шырайын,  
Нұр сұрайын саған кеп, жыршы қайың.  
Айтулы ағам Айтұлы секілденіп,  
Бәйтеректің басына бір шығайын.

Айдындардай жағада кеме қашқан,  
Ортаймайын...  
Көлімде – көне дастан.  
Қара өлеңнің қазанын қайнатайын,  
«Қараөткелде ақын жоқ менен асқан».

Қара өлеңнің қазаны қайнағасын,  
Астананың өз жұртын айналасың.  
Ақпан киіп кірер ме  
Астанаға,  
Онда мені күтеді қай нағашым?!

Есіл жұртта тосайын арысымды,  
Есілге әкеп қосайын ағысымды.  
Ақ дүниеге сыйлайды ақын бақыт,  
Жақындатып кетейін алысыңды.

Қосын қонғым келеді, қосұдай жыр,  
Тоңған шығар жолымды тосып Ай-нұр.  
Астанада,  
ақпанда,  
ақ боранда,  
Өлеңдетіп қояйын осылай бір.



## ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚ ЕЛІ!

Көңілде, күй, ағында,  
Дабылда, дара тұлға,  
Тұлпардың тұяғында,  
Аққудың қанатында,  
Қайырлы таң, Қазақ елі!

Жаның жарасымды  
Бақ құшқан бар аймағы.  
Оятсын Алашымды  
Шұғыла, арайлары!  
Қайырлы таң, Қазақ елі!

Басыма бақ түнеді,  
Ұрпақпыз заты асылдай.  
Анамның ақ тілегі,  
Бабамның батасындай —  
Қайырлы таң, Қазақ елі!

Заманның қазақтары  
Ертеңге жол ашады.  
Ғаламның ғажаптары,  
Баламның болашағы —  
Қайырлы таң, Қазақ елі!

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

## «БӘЙТЕРЕГІ» БАР ҚАЛА

Астана күні  
Аспанмен үйлер таласқан,  
Асырып бойын  
Бұлттардан биік әрі асқан.  
Бәрінен бұрын  
«Бәйтерегі» бар қалаға  
Дос түгіл, дұшпан  
Қызығып бәрі қарасқан.

Еркелеп Есіл  
Ертерек есін жиғандай,  
Әлемнің гүлі құшаққа түгел сыйғандай.  
Арыны ерек толқынға қосқан әуенін  
Сарыны бөлек «Сарыарқа» деген күй қандай?!

Астана күні  
Асқан ән үні кернеген,  
Төгіліп толғау  
Тоқсан да тоғыз пернеден.  
Аспанның астын жұлдыздар жайнап,  
Әуені –  
Астана түгіл,  
Әлемнің өзін тербеген.

Астана күні  
От-шашу – жарық, нұрлана,  
Бас қала бүгін,  
Айналды алып тұлғаға.  
Ғасырдың сөзі  
Асылдың өзі болғандай,  
Өңірі ғажап,  
Өмірі ғажап бұл қала!

## САЛЫНЫП ЖАТЫР АСТАНА

Салынып жатыр Астана...  
Ұласып шеті  
Ұлан бел, бауға, бақшаға.  
Ұласып үні  
Экран,  
эфир,  
баспаға.  
Жұмсалып жатқан  
Доллар ма,  
сом ба,  
теңге ме  
зәредей қорқып,  
зәру боп қалма ақшаға.  
Ғасырларыма ғибрат болар  
Ғимарат  
Салынып жатыр,  
Салынып жатыр Астана!

Салынып жатыр...  
Самсаған сансыз сарайлар  
Күмбезі күнмен шұғыла шашып,  
Қанында қайнап қазақтың  
Ар мен Намысы.  
Өзінді ойлап  
Ағарсын талай самайлар,  
Өрбісін тағы жаңа ойлар.  
Самұрық құстай қанатын қаққан қала бұл  
Түрі жоқ артқа қарайлар.  
Шетелдік небір компаниялар қосылып,  
Қол ұшын берген  
Қалтасы қалың  
Інішектер мен ағайлар.

Салынып жатыр Ақорда —  
Әлемде сирек ғимарат.  
Дәл ондай үй жоқ  
Құлағың салсаң «Хабарға».

Толқышы Есіл,  
Шалқышы бүгін,  
Шабыттан сайран Сарыарқа!  
Келгендей кеңдік,  
Тигендей теңдік саған да!  
Ақындар қайда  
Арқалы тойда  
Ақ алмас жырды төгетін?!  
Суырып салып табанда!  
Салынып жатыр Астана!

Салынып жатыр Астана,  
Салынып жатыр...  
Ресторан,  
Кафе,  
Асхана.  
Балта мен балға,  
Қашау мен қайла қосылса,  
Ақыл мен айла қосылса,  
Тіл бітер тегі тасқа да!  
Салынып жатыр Астана!

Салынып жатыр Астана...  
Мазасыз бүгін маң далам,  
Бақытын іздеп жанбаған,  
Өз жолын жаңа таңдаған.  
Салынып жатыр  
Желбіреп жалау,  
Жалындап алау  
Күн менен түнді жалғаған.  
Жерімде кран,  
Көгімде қыран самғаған  
Салынып жатыр Астана!

Салынып жатыр Астана,  
Қарамай тіпті  
Дауылға,  
Желге,  
Жаңбырға.

Жанына серік  
Жан-жақтан келіп  
Береді ерік ән-жырға.  
Салынып жатыр...  
Салынып жатыр Астана,  
Малынып жатыр ақ нұрға.  
Ризамын мен де тағдырға!  
Салынып жатыр Астана...

## **АСТАНАНЫҢ ҚАҚПАСЫ**

1

Көрдіндер ме,  
Ағайын,  
Астананың қақпасын.  
Аңсап келіп алыстан  
Тірегенде ат басың,  
Жолы болған жолаушы  
Осы араға тоқтасын...  
Асыл бейне абыздай  
Бата беріп жатқасын.  
Аман болсын дегендей  
Үй-орманың,  
Отбасың.  
Арманыңа жетерсің,  
Жайраң қағып кетерсің.  
Астананың өзің де  
Адал дәмін татқасын!

2

Көріге де,  
Жасқа да,  
Бауырға да,  
Досқа да  
Осы арадан бастайды  
Баспалдағын бас қала.  
Тарих тұнған шежіре

Гүл көктейді көшеге,  
Тіл бітеді тасқа да.  
Хас батырдай осылай  
Берік болсын тұғырың.  
Ұзақ болсын ғұмырың.  
Қазақ жері  
Үйінде,  
Қазақы аспан астында  
Асқақтай бер,  
Астана!

## **АСТАНАМЕН ҚҰРДАСПЫН**

*(7 жастағы баланың көзімен)*

Алған бірден бастауын  
Желкілдеген жас қауым.  
Астанамен бірге өскен  
Мен де жеті жастамын.

Астанамен құрдаспын,  
Аспан-жермен сырласпын.  
Астананы жырлаудан  
Ешқашан да тынбаспын.

Өзім туған Астана,  
Әрі көне жас қала.  
Салыстырып қарасам  
Тең келмейді басқаға.

Кең құшағын күнге ашқан,  
Көшелерін гүл басқан.  
Төгіп қойған жұлдыздай  
Жарқырайды түнгі аспан.

Әлі жас қой демесең  
Мен өзіңмен кеңесем.

Мен де өсіп, ер жетіп,  
Бәйтерекпен теңесем.

Жарқыраған аспаным,  
Мен де жеті жастамын.  
Астанамен құрдаспын,  
Құттықтаңдар, достарым!

## **АСТАНАДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК МОНУМЕНТІ ТҮБІНДЕГІ ОЙ**

Тәуелсіздік!  
Туың биік ұлы елім.  
Өзіңменен бірге соққан жүрегім.  
Сенің ғана тағдырыңа аландап,  
Сенің ғана бақытыңды тіледім.

Соның, міне, тұғырындай тұр белгі.  
Туған елім таңғажайып күйге енді.  
Барлық халық құптағандай тілекті,  
Тәуелсіздік нықтағандай іргемді.

Арманым бар асулардан әрі асқан,  
Адамдары бір-біріне қарасқан.  
Бұл монумент —  
Елдігімнің еңсесі,  
Бұл монумент  
Астанаға жарасқан.

Туған елім,  
Тұлғаң биік  
Тым ірі,  
Шайқалмаған туған жердің тұнығы.  
Бақыт,  
Бірлік  
Болашаққа бет алып,  
Биіктей бер  
Тәуелсіздік тұғыры!

«Таңдамалы шығармалары». 2-том. – Алматы: Жазушы, 2006

## АСТАНАЛАР

*Оралхан Бөкейге*

Қайдасыңдар,  
Қайран, менің астаналарым?!  
Сендерді ойлап жанымды жасқа маламын.  
Өзегімде өртеніп Отырар жатар  
Кезіп жүргенде әлемнің тас қалаларын.

Сәулеті асқан Сауран мен Сығанақтарым,  
Құмның астында қалдыңдар сығалап бәрің.  
Катапульттердің күрзісі күйретіп кеткен  
Түсіме менің кіреді бұла бақтарың.

Астаналарым,  
Армандай Сарайшықтарым,  
Жермен-жексен болып жоғалды-ау зер-айшықтарың.  
Ұмыттым ба әлде  
Жаулардың сұқтанып саған  
Жарқабағына Жайықтың қалай шыққанын.

Табылды десе қалдығы Баласағұнның  
Шапаттап санды шаттаным балаша бүгін.  
Мәскеуден басқа шаһарды шенейлетпеген  
Тарих деген неткен бұл «тамаша» ғылым!

Орынборды да жайым жоқ тосырқағандай,  
Көп қала көзден ұшты ғой асыл қамардай.  
Пұшайман болам киелі Түркістанды ойлап,  
Тойлайық десек біз жүрміз жасын таба алмай.



Туған жылы жоқ тарихым тереңде менің,  
Күмбезді күлге көміліп көнерген едім.  
Көне шаһарлар аруағы жебесін сені,  
Көсегесі де көк тудай көгерген елім.

Дәуірлер бар ма  
Қазақты бастан ұрмаған,  
Патшалар бар ма  
Алашты босқа қырмаған?!  
Ата-бабалар аруағы қолдасын сені,  
Аяулы менің Астанама – жас, сәби қалам.

Бір тоқпақтан соң ұшырап бір тоқпағына,  
Төтеп бердік қой замандар сырқаттарына.  
Астана жұртын айналған Асан Қайғы ата,  
Маяңнан түсіп,  
Бата бер ұрпақтарыңа.

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

## **АЛЫСТАСАМ, АЙБАРЫМ – СЕН!**

Бас қалаға бастайтұғын жол қанша,  
Соқыр соқпақ адастырған болған шақ.  
Астананың ашық екен ажары  
Ақмоладай емес қала қорғаншақ.

Астанада банк те бар, парк бар,  
Қиялыңыз қыран құстай қалықтар.  
Түнгі қала тартады екен қойнына  
Сан алмасып қызыл-жасыл жарықтар.

Астанада театр да бар, холл да бар,  
Телерадио таратады мол хабар.  
Көшелерде көбейіпті қарасы  
Мерседестер, маздалар мен хондалар.

Астанада қонақ үй көп, пошта бар,  
Дос құшақта көңіліңіз хош табар.  
Келіп жатыр алыс-жақын ағайын,  
Көрік беріп керуенді көшке нар.

Астанада мұз қала бар, қыз бала,  
Қарайсың-ай қызыға да қызғана.  
Қалың қазақ көшіп келіп алыпты,  
Алматыны қимай жүрген біз ғана.

Нұр-қаланың шынында да бағы бар,  
Есіл сынды ерке өзені тағы бар.  
Айт та айтпа, бір Алатау жетпей тұр,  
Ал басқасы Астанадан табылар.

Астанада білім, ғылым ордасы,  
Қарауында қалың әскер, қолбасы...  
Ақпанда да шуақ шашқан Астана  
Асқақтай бер, Алла жар боп қолдасын!

Қарсы ал мені, шығарып сал, Астана,  
Алыстасам, айбарым – сен басқаға.  
Сарыарқаның ақ бораны аймалап,  
Ақ жауыны шомылдырған Астана.

*«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006*

## **БАРАДЫ АҒЫП ЕРКЕ ЕСІЛ**

Сылқ-сылқ күліп сылдырлап,  
Нәзік белін мың бұрап,  
Барады ағып ерке Есіл  
Қарайды орман тұнжырап.

Ғашықтайын елжіреп,  
Желпілдейді жел жібек.  
Суарады өлкесін  
Ерке Есіл мөлдіреп.

Сылқ-сылқ күліп басылып,  
Буырқанып тасынып.  
Барады ағып ерке Есіл  
Мұз-Мұхитқа асығып.

Нәзік белін мың бұрап,  
Ағады Есіл сылдырап.  
Күлкісі – күміс қазына,  
Қарайды Арқа тұнжырап.

*«Жүрегімдесің, Қазақстаным». – Алматы, 2009*

## **АРУ ҚАЛА – АСТАНАМ**

Ұлы көшті бастаған,  
Мақтанышым бас қалам.  
Шаттық үн болып шырқалған,  
Ару қалам – Астанам!

Алатаудың өрлігін,  
Сарыарқаның кеңдігін.  
Алтай-Жайық елді ұлы  
Табыстырған келді күн!

Тәуелсіздік түлегі,  
Ұлы достық тірегі –  
Жаса мәңгі, Астана,  
Қазағымның жүрегі!

## **ТҮНГІ АСТАНА**

Астанада ғажап-ақ қой түн мүлдем,  
Дүниенің дидарына нұр сіңген.  
Самаладай жарқыраған даңғылда  
Сеніменен серуен құрып жүрдім мен.

Жаңбырменен жүзімізді жудық та,  
Көп қарадық көктен жауған бұл құтқа.  
Тамшылармен ұқсас тылсым сырлары,  
Жасыл терек астында ұзақ тұрдық та...

Қандай ғажап сиқырлы әлем бұл деген,  
Көкірегімде аппақ сезім гүлдеген...  
Түннің-дағы мұнша сұлу боларын  
Шыныменен бұрын қалай білмегем?!

Астанада ғажап-ақ қой түн мүлдем,  
Дүниенің дидарына нұр кірген.  
Самаладай жарқыраған даңғылда  
Сеніменен серуен құрып жүрдім мен.

*«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006*

## КӨК БАЙРАҚТЫҢ АСТЫНДА

Бабаларым ойларын заңғар еткен,  
Болашаққа тілегін жалғап өткен.  
Қанша ғасыр күресіп, аттан түспей,  
Тәуелсіз ел болсақ деп арман еткен.

Күштілердің зәбірін шеккендіктен,  
Желтоқсанда алыстың өктемдікпен.  
Бодандықтың құтылып бұғауынан  
Бостандыққа қол жетті көптен күткен!

Аман шығып ішінен сан таластың,  
Осы күнге ұмтылып, жанталастың.  
Абылайхан ақ туын тіккен жерге  
Ақ ордасын орнаттың алты Алаштың!

Тәлім алар тарихта тағылым бар,  
Көшпелі елдің заңына бағыныңдар.  
Көкбөрінің ұрпағы бөлек жортпай,  
Көк байрақтың астынан табылыңдар.

Ай мен жұлдыз сығалап түндігінен,  
Өнеге алған ел едік үлгіліден.  
Тәңірімнен тілеймін жалғыз тілек,  
Айырма деп халқымды бірлігінен.

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

## ЕСІЛ ЖАҒАСЫНДА

Есіл ағады,  
Көсіле ағады,  
Өткенді бір сәт есіне алады.  
Тынық түндерде,  
Тұнық күндерде  
Өзен тілімен шешіле алады.

Есіл ағады –  
Тұнып ағады,  
Күнмен қауышып күліп алады.  
Ару қаланы  
Сайын даланы –  
Үні тербетер тынық ауаны.

Есінде бөрі –  
Бәрін біледі,  
Салтанатты елдің сәнін біледі.  
Ақ сауыт киген  
Аламан біткен,  
«Алаш» деп ұран салып жүр еді.  
Тыңды да көрді –  
Мұңды да көрді,  
Бір кезең сағын сындыра келді.  
Сырлас та қылды,  
Мұңдас та қылды  
Толқын сүйген сұңғыла желді.  
...Толқиды Есіл  
Бүгіні – нұрлы,  
Шаттық боп шарпып ғұмыры күллі,  
Жағада тұрған салт атты жанның,  
Айтылып бітпес сырын ұғынды.  
Бұлқынсын Есіл ертеңі нұрлы,

Тамашаласын ертеңгі-күнді,  
Самал еседі өзен бойынан,  
Кекілден сипап келте ғұмырды.  
Есіл ағады,  
Көсіле ағады,  
Ару астана есіне алады.  
Самал нұрды көшіріп алып,  
Кербез қылықпен есіле ағады.

## **ХАН КЕНЕ ЕСКЕРТКІШІ**

Сарыарқаға жаққа жетіп,  
Көкжал Кене, Кене батыр  
Бір ғасырды аттап өтіп  
Жас қалаға келе жатыр –  
Астанаға келе жатыр.

...Сона-ау шақта бүлік қалды.  
Бүлікті ел ұмытқан-ды.  
Есілдің кеп жағасына  
Тізгін тартып тұрып қалды.  
Көз алдында – көрік қандай,  
Қоймас, сірә, ерікті алмай,  
Ер Кенекем тебіренді  
Арманына жолыққандай.

...Арқа жері, құба белі  
Желге үн қосып жылап еді,  
Қаһарлана атқа мініп,  
Азаттықты сұрап еді.  
...Содан бері ғасыр өткен...  
Алаш жылап қасіреттен,  
Қапылыста хас батырдың,  
Кек жолында басы кеткен.

Есеңгіреп қаза қалды,  
Ерін іздеп азаптанды.  
«Елім» деген ері – шәйіт,



Болды өмірі тозақ қанды.  
Арыстары бұғауланды —  
Санасында сұрау қалды.  
Налып жүрген қалың қазақ,  
Жүз сорланып, мың алданды.  
Тұман-дәуір тұншықтырып,  
Алқымнан ап қырсық күдік.  
Езген сәтте кегі оянып,  
Қайрат қылды ыршып тұрып.  
Сілкінумен түледі бір,  
Орындалды тілегі бір,  
Ел еңсесін тік көтерді,  
Сұлтан ұлдар-жүрегі нұр.

...Өткен елес, елес бәрі,  
Талып жетер көмескі әні.  
Кене батыр тұр ойланып,  
Ойдан қуып елесті әрі.

Көз алдында — қала қандай,  
Разы боп қарағандай.  
Кенекендей арыстанын  
Құт-қонаққа балағандай.

Есіл бойы нұрға бөккен,  
Асқақ мынау тұлға неткен!  
Құтты мекен осы болар,  
Күллі жырау жырлап өткен.

Бәйтерек тұр көкке бойлап,  
Күнге сөйлеп, көкпен ойнап.  
Болашақтың көз жауын ап,  
Құлпырған бұл неткен аймақ!

Жасанып тұр жас қаласы —  
Байтақ жұрттың Бас Панасы.  
Асқақтайды көз алдында  
Азат елдің Астанасы.



*«Екі мыңжылдық дала жыры». —  
Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000*

## АҚ ОРДА

Шаңырағы күнмен беттесіп,  
Шаншулы уығы көк тесіп.  
Керегесінің кеңдігі —  
Көкжиегі жоқ шартараппен шектесіп,  
Босағасының бойлығы сырыққа сырық қостырған,  
Есігінің ендігі ергенек жетпей бос тұрған,  
Еру де еру көш қылған;  
Үзігімен ауыстырып аспанды  
Басқұрынан кемпірқосақ тудырып,  
Желбауымен жұмыршақ жерді будырып,  
Туырлығының тасасына түс-тұстан елді кудырып,  
Тәңірден тыным қашқан-ды;  
Төркін де төркін, төркін жұрт,  
Төменшіктемес еркін жұрт,  
Төрінде алтын сандық бар —  
Тауыла алмас топылып келген хандықтар.  
Ал тағы да айталық,  
Қырымды көздеп қайталық,  
Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ —  
Бақан көтерген батыры білектімен белдесер,  
Ептіменен елдесер;  
Түндік ашқан аруы  
Күнікеймен күндесер,  
Тінікеймен теңдесер;  
Жар астында — жау елі,  
Желкілдеген туының,  
Жер қайысқан қолының  
Жолын бөгер әуелі —  
Табалдырығы тау еді;  
Айхой, менің арманнан туған Ақ ордам,  
Қазынам-тұғын қолдағы!

Жардың басын жайлапты —  
Жығылмаса болғаны.  
Құз шетіне қоныпты —  
Құламаса болғаны.  
Ор аузына орнапты —  
Опынбаса болғаны.  
Айтып-айтып не керек,  
Арқан тартып қазаққа  
Желбауына жүк болсақ,  
Ерлігіміз сол-дағы,  
Елдігіміз сол-дағы...

## АҚМОЛА КЕЛДІМ

Ақмола келдім, керемет ауа, құп-құрғақ,  
(Дей көрме достым: бұл жерде боран сұмдық-ақ).  
Етігім құрғақ, кептіріп әуре болмаймын,  
Өзімсіп боран денеңе енер шым-шымдап.

Ақмола келдім, бетімді өпті ызғырық,  
(Достарым бейне тұрғандай тыста ысқырып).  
Құп-құрғақ әлем, тынысым кеңіп, сергідім,  
Тұс-тұстан шымшып, көрсетті назды қыс қылық.

Ақмола келдім, суыққа денем шынықты,  
(Өн-бойын қармен ысқылап жатыр шын мықты).  
Кегеннің желі тербетіп талды тұрғандай,  
Медеуден келген секілді бойым тынықты.

Ақмола келдім, әуенге салар ақ қарлар,  
(Жолыңды білсең жетелеп боран ап барар).  
Қыс-қонақ кетіп, ұзын сары да кеп қалар,  
Астана бізге баспана болар, бақ болар.

## АСТАНА – ҒАСЫР ҚАЛАСЫ

*(Баллада)*

Астана – бағым, баспанам,  
(Берейін өзім бастап ән).  
Тәуелсіз қазақ ордасын  
Жырлауға асық жас қалам.

Көктем кеп қала түрленді,  
Теріп жүр жарым гүлдерді.  
Көшелер кеңіп, көркейіп,  
Жанарды арбар түрге енді.

Есілден ессе самал жел  
Желпініп қалар тамам ел.  
Кенекем жаудан қорғаған  
Қараөткел — көне қамал дер.

Елордам менің еңселі,  
Мақтан етем мен сені.  
Аузынан ұлым тастамас,  
Кіндік қалам деп сені.

Астана түні ғажап-ақ,  
Ауасы тымық, таза бақ.  
Ұйқыда біздер жатқанда  
Ауланы өтер тазалап.

Сенім шырағы жағылды,  
Астана ашты бағымды.  
Өмірде алғаш пәтер ап,  
Көкейден жырым ағылды.

— Үйіміз, көке, жақсы, — деп,  
Былдырлап қызым жатты кеп.  
Бақыттың татып бал дәмін.  
Қуаныш жасы атты кеп.

Ғаламат елдің ертеңі,  
Дей көрме: «Мұның ертегі».  
Жанымның тылсым күйлерін  
Домбыра көңіл шертеді.

Елімнің басты қаласы,  
Елордам әсем, қарашы!  
Жерұйық іздеп сабылмас  
Арманшыл қазақ баласы.

Жұмақ-ау Есіл жағасы,  
Арқаның кербез даласы.  
Әлемнің жұрты сүйсінген,  
Астана — ғасыр қаласы.

## АСТАНА, БІЛЕСІҢ БЕ?

Сарыарқаның самалын  
Жұттырғаның үшін,  
Бауырыңа бәйек боп,  
Тік тұрғаның үшін  
Көп қазақ саған қарыздар.

Биік-биік мансаптар ұсынып  
Қызмет әпергенің үшін,  
Жетім бұрышты жағалап жүрген  
Жандарға пәтер бергенің үшін  
Көп қазақ саған қарыздар.

Көз тоймас көркемдікті  
Көрсеткенің үшін,  
Есті де мейірбан боп  
Ержеткенің үшін  
Көп қазақ саған қарыздар.

Есілдің суымен шөлін  
Бір қандырғаның үшін,  
Жаңаша өмір бастатып,  
Ғұмырын нұрландырғаның үшін  
Астана, көп қазақ саған қарыздар.

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

## ЕЙ, БАС ҚАЛА – АСТАНАМ!

Қадамың бар баспаған,  
Асуың бар аспаған,  
Халқың жетсін мұратқа  
Ей, бас қала – Астанам!

Тың жылдары бастаған,  
Жалған атын тастаған,  
Қайта түлеп құлпырған  
Ей, бас қала – Астанам!

Жетпіс тоғыз – жас жаран,  
Жау-дұшпанын жасқаған!  
Намысың бар найзадай,  
Ей, бас қала – Астанам!

Кенесары – бас бабаң,  
Озық туған басқадан.  
Арыстарды ардақта,  
Ей, бас қала – Астанам!

Шырқап көкке аспан ән,  
Болашаққа бас қадам.  
Қазақ рухын биіктет,  
Ей, бас қала – Астанам!

Жас Астанам – жас ғалам,  
Тарихың бар ашпаған.  
Ордасы бол ойшылдың,  
Ей, бас қала – Астанам!

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

## АСТАНАНЫҢ АҚ САМАЛЫ

*Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,  
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.  
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,  
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!*

*Мағжан*

Қайран ақын!  
Қайран Мағжан!  
Терең, өткір жыр-кенім,  
От құсқанда өзегіңнен  
Өлең деген өрт едің.  
Өзің де бір оттан туған ұл едің,  
Өз отыңмен дүниені өртедің.  
Жүрегіңмен, жаныңменен, арыңмен,  
Иманыңмен, тағдырымен, тәніңмен.  
Өзің де – от, көзің де – от, сөзің де – от,  
Таңғалтасың төңіректі, бар үнді.

Мағжан аға!  
От-үмітің қазағыңнан өшпеді,  
Ой билейтін күлің қандай күшті еді!  
Тағдыр талай салса дағы азапқа,  
Бабам тілі тұғырынан түспеді.  
Еркін құсым қайта қонды қолыма  
Ақ таңменен нұр шашылды жолыма.

Қайғы көрген қазағымның қайраты  
Намыс болып желбіреп тұр тағы да.  
Жүздерінде мерейлі әуен, шуақ бар,  
Күлтегіннің көк тасындай қуат бар.  
Тілім, дінім, салт-дәстүрім – сабағым  
Шырай ашқан мың-мың сансыз шырақтар.



Алға ұмтылған ізгі жолға Ай керек,  
Ескі үміт, өткір қимыл Бәйтерек!  
Алла оңғарсын қазағымның ақ жолын!  
Он үш жасын тұлпар емес, тай көріп,  
Қыран қабақ, қыран қанат бар ұлы  
Түссін оған дүниенің жарығы.  
Ел ордасын, ел ағасын қазақтың  
Көкте күні, қолдай берсін Тәңірі!

Қазақ едім!  
Қалың жұртым! Еңселім!  
Қара жердей сабыр жеңсін деуші еді.  
Алтын таңды ашық күнге шүкір ет,  
Көкіректен үзілмесін өр сенім.  
Қолға қонған бақ құсы бар Алашым!  
Арқа, Алтай, Алатау, Жайық арасы  
Құс қанаты талатын кең тынысты  
Жасай берші, қазақтың кең даласы!  
Киелі төр, ырысты құт Елордам  
Өлеңіме қанат бердің, сен ордам!  
Астанамның ақ самалы сүйіп тұр  
Жалын атқан жанардан...

Қасиетті Қазақстан! Отаным!  
Сендей жерді,  
Сендей елді баталы  
Дүниенің төрт бұрышын  
Шарласам да таба алман.  
Сенсіз менің таңым қалай атады!






*«Елім деп келдім  
елжіреп...»*

Шетте ту  
Дәл оры  
Атамекен  
Шерсің б







*Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. — Алматы: Мерей, 1995*

## ҚАЙДАН КЕЛДІҢ ДЕЙСІҢ БЕ?

Алтай таудың аржағынан келдім,  
Баян-Өлгей аймағынан келдім,  
Әлі өңі бұзылмаған  
Қазақтың қаймағынан келдім.

Алтайдың өрінен келдім,  
Мұңғылдың жерінен келдім.  
Дастарқаны жиылмаған  
Керейдің төрінен келдім.  
Күпия сеніммен келдім,  
Кеппеген теріммен келдім.  
Ата-мекенімді аңсап  
Туған жерімнен келдім.  
Таулы алқаптан келдім,  
Әрине, алшақтан келдім.  
Қазақи сағынышымды,  
Сағынышымды тартқатқалы келдім.

## АТАМЕКЕНІМЕ НЕГЕ КЕЛДІМ?

Жан мұңымды айтайыншы деп келдім,  
Қазақ күйін тартайыншы деп келдім,  
Қазақстан орыстанып барад дейді,  
Рас па екен, байқайыншы деп келдім.

Алтын Ордам, көрейінші деп келдім,  
Қолым ұшын берейінші деп келдім.  
Шетте тудым, шетте өстім, ағайын,  
Дәл ортада өлейінші деп келдім.

Атамекен, нұр алайын деп келдім,  
Шертіп бір күй уанайын деп келдім.

Сен жыласаң – жоқтау айтып тоқтаусыз,  
Сен қуансаң – қуанайын деп келдім.

Қазақ болып жарысайын деп келдім,  
Ағайын бір – қауышайын деп келдім.  
Қазақ үшін көзін біреу алартса,  
Жаным пида, соғысайын деп келдім.

Атамекен, айналайын деп келдім,  
Күтіп алар бар ма ағайын деп келдім.  
Қасіретің тұнып жатса көкейде,  
Жырың болып сорғалайын деп келдім.

Дұшпандарды бұқтырайын деп келдім,  
Кірмелерді ықтырайын деп келдім.  
Шетелде де ақындар бар айбарлы  
Құдіретін ұқтырайын деп келдім.

Дүниеден бір кетейін деп келдім,  
Мәңгүрттерді күлкі етейін деп келдім.  
Салт-санам мен дәстүрімді сіздерге,  
Ұға білсең, үлгі етейін деп келдім.

## **НЕ ӘКЕЛДІҢ ДЕЙСІҢ БЕ?**

Сағыныш сырымды әкелдім,  
Шықпаған үнімді әкелдім.  
Ешбір дақ түспеген,  
Тап-таза тілімді әкелдім.  
Асылдың сүйегін әкелдім,  
Ғасырдың тілегін әкелдім.  
Ескі қазақтың  
Аңқау жүрегін әкелдім.

Бабамның мұратын әкелдім,  
Қажымас қуатын әкелдім.  
Ескі қазақтың  
Инабат-ұятын әкелдім.

*«Алкүрең арман». – Астана: Астана полиграфия, 2008*

## **АСТАНАМ МЕНІҢ**

Арайға бөгіп сөгілген,  
Алтыннан шапақ төгілген,  
Тәтті бір күй боп төгілген,  
Ертеңім күліп көрінген,  
Тандарың да менікі!

Тамырдай бүлк-бүлк тулайтын,  
Сансыз мың саңлақ зулайтын,  
Жүргенде көңіл қунайтын,  
Арманның алдын бумайтын  
Жолдарың да менікі!

Жаныма шуақ, сепкен нұр,  
Ырыс пен байлық төккен кіл.  
Жиегі тола шөккен жыр,  
Күміс күмбездей көк теңбіл  
Аспаның да менікі!

Шағала құсы шаңқылдап,  
Қаз-үйректері қаңқылдап,  
Күліп бір аққан жарқылдап,  
Тынып бір жатқан салқындап  
Есілің де менікі!

Көк туды көкке ілгізген,  
Ғаламға құлақ түргізген,  
Заманға пырақ мінгізген,  
Түндері бірдей күндізбен –  
Бұл АСТАНА менікі!

*«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006*

## АСТАНА

Астана, сен жерімнің кіндігісің,  
Қойныңнан көктеген күнде ырысым.  
Қызығып та қарайды ел, қызғанып та,  
Өйткені, сен – өмірдің шындығысың.

Тұғырысың Қазақтың асқаралы,  
Бар жықсылық өзіңнен басталады.  
Сондықтан тынысыңды отыр бағып  
Достың да, дұшпанның да қас-қабағы.

Мекен еткен Есілдің кең жағасын,  
Қасиетіңе, киеңе сенді Алашым.  
Жиырма бірінші ғасырда Қазағымның  
Маңдайына қонған бақ сен боласың!

Астана – Отанымның жүрегісің,  
Елімнің сан ғасырлық тілегісің.  
Ғайыптан жерге түсіп орнай қалған  
Көктегі жеті жұмақтың біреуісің.

Қойнымда құт дарыған, баста бағым,  
Тыңда мені, дүние, асқақ әнім.  
Мына ғасыр – ғасыры біздің елдің,  
Мына ғасыр – ғасыры Астананың!

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

## ТУ

Күнді құшқан қас қыран,  
Аясында қалқыған  
Аспан түсті туым бар,  
Көк теңіздей шалқыған.  
Көкірек жауар шымқай өң,  
Көрген жерден елітер,  
Көркем өрнек кең көңіл  
Көл пейілге кенелтер.  
Тәжім етіп бас иер,  
Туы елімнің егемен.  
Тұтастығым куәсі  
Туғандай бір енеден.  
Елдігімді әлемге  
Паш ететін байрағым,  
Тұнық менің көгімдей  
Әуемде мәңгі жайнаған!

## ЕЛТАҢБА

Дүние әлем көзіндей,  
Дөңгеленген жамалы.  
Еге елімнің қорғаны —  
Кереге қанат қамалы.  
Көгілдір көктің жүзінде  
Шаңырақ — күн, уық — нұр.  
Мәңгі сәнбес күйінде,  
Мандайдан жұлдыз туып тұр.  
Қуат отын қоздырған  
Қос қанатты пырағым.  
Хас тұғырға қондырған  
«Қазақстан» — ұраным.



Тұлғасында түзілген  
Ыстық қаным, діл, арым.  
Төріме іліп,  
Төсіме  
Тағып жүрер тұмарым!

## **ӘНҰРАН**

Қаһарман қажыр, қайратым,  
Шайлықпас текті айбатым.  
Арман, абырой, толғаныс –  
Айтылатын ар, затым.  
Жұртымның мұң-мұратын  
Құлқыма құйып тұратын  
Сіңірген тұла бойыма,  
Төңірлік күштің қуатын.  
Жан дауысы халқымның  
Шабыттана шырқалар.  
Киелі сөз, сазды әуен  
Шырқағанда нұр тамар.  
Беріле тыңдап,  
Егіле  
Жанып тұра мың жанар.

«Жұлдызды түн». — Алматы: Құс жолы, 2002

## БЕУ, ХАЛҚЫМ

*1995 жылдың 22 сәуірінде Алматыда Президент Нұрсұлтан Назарбаев қазақтың қасқалары мен жайсаңдарына шеттен келген қара көздерді қосып, үлкен жиналыс өткізді. Жиналыста әлдекімдердің кедергісінен Қытайдан келген қазақ өкілі болған маған белгіленген сөз кезегі берілмей қалды... Президиумда отыру керек болатын, ол да болмады. Жиналыс тарау сәтінде, екі айналып келмес кезекті жіберіп алмауға құлшыным да, сөз сұрадым. Обалы неге? Елбасы келісімін берді. Сөйледім (әрине, ел тағдыры жайлы). Нұрекең сұрақтарыма жауап берді...*

*Бұл өлең Елбасына арналып, халық алдында оқылған еді.*

Ағызған шерменде едің  
Нөсер жасты.  
Келмеске  
Күнің кетті кесер басты...  
Жар — ғалам  
Жалт қарады Елдігіңе,  
Беу, халқым,  
Сілкін, қане,  
Көтер басты.

Беу, халқым,  
Сілкін қане,  
Жи есінді.  
Маңқима  
Мағынаңды ұқпай түйе сынды.  
Абылай,  
Абайлардың перзенті едік,  
Жақпайық аққа қара  
Күйе сынды...

Шықты ма естен бүгін  
Ақтабандар...  
Ақындар —  
Ақиқатты жақтағандар?  
Есектей судан өткен шегіншектеп  
Не болды,  
Сталинді мақтағандар?!

Жатпасын десең тағы  
«Мұзың» күйіп...  
Тартпасын десең ұл мен қызың күйік,  
Беу, халқым,  
Жақта мына Сұлтаныңды,  
Жатпасаң жүз-жүз болып,  
Жүзің күйіп!..

Кешпеймін десең тағы тамұқ-қанды,  
Соқпаймын десең естен танып санды.  
Төріңе Тәуелсіздік туын тігіп,  
Тани біл,  
Ел ғып сені Танытқанды!

Ұмытпа құтыңды алған Құзғыныңды...  
Шығарғын шұғылаға ізгі үніңді.  
Ұстасын Нұрсұлтаның,  
Бер, қанеки,  
Бересің қашанғы елге тізгініңді?!

«Ұлыңды «Халқым» — деген қорға,  
Халқым!  
Ойлама қадірсіз деп қолдағы алтын.  
Сен үшін  
Қара шашы бурыл болды,  
Еріңді «Елім» — деген қорға,  
Халқым!!!

«Сүтті іңір». – Алматы: Баянжүрек, 2008

## МЕН – АЛТАЙДАН АҚҚАН ҚОБДАМЫН

Мен – Алтайдан аққан Қобдамын,  
Арнама асып толғамын.  
Дастан да қылған тарихын,  
Тастан табылған олжамын.  
Алтайдың алтын тасынан,  
Бесбоғданың басынан,  
Қауырсын қанат қомдадым.  
Айтқан да сайын ағылған,  
Табанынан жарылған,  
Тайпалған тарлан жорғамын.  
Қаламы қатқан уық ем,  
Шаңырағына шаншылдым,  
Атажұрт – Алтын орданың.  
Мен – қаяқая шапқан қарагер,  
Шапқан да сайын өрлеген.  
Тарланға тарлау жұлдырып,  
Шашасын шыққа жудырып,  
Тізгінді қағып, делбеген.  
Мен – Жәнібек мінген көк дөнен.  
Жоңғармен жойқын ұрыста,  
Абылай ханның алдына  
Тартылған кесе-көлденең.  
Мен – Күлтегін бабамның,  
Моласының тасы едім.  
Қазақ деген халқымның  
Тарихының басы едім  
Мың жылдан кейін сөйлеген!

Мен – құранды ердің қапталы ем  
Қайыңнан қақтай шабылған.  
Жүгеннің күміс жақтауы ем  
Арғымақ атқа тағылған.

Мен – боз бураның ботасы ем,  
Бұйырғынын сағынған.  
Аруана жұртым ар жақта,  
Тағдырым қаққа жарылған.  
Табанына тарланның,  
Мен – қағылған ай таға,  
Көшпенділікпен жұқарған.  
Мен – сексеуілдің шоғыры ем,  
Тағдыр балтаға бұталған.  
Солай да сүргін көрсем де,  
Рухым жоқ-ты мұқалған.  
Күдірге шапқан күлікпін,  
Түбірге тұяқ қақпаған  
Дүбірге қозған ақтабан!  
Алтай мен Қобда арасы,  
Абаққа құтты төр еді.  
Кеңесін құрған келелі,  
Күлтегін, Білге, Тоныкөк,  
Бабалар жатқан жер еді.  
Ежелгі елдің дерегі,  
Орхон да менен Енесай,  
Керулен, Толы кемері.  
Үлесін беріп нөкерден,  
Шыңғысты хан ғып көтерген,  
Тарихтың тылсым тереңі.  
Тұғырыл ханым ту тіккен,  
Толайым жауын үркіткен,  
Аруақты ер шапқан бел еді.  
Шаңырағым – Шығыс Түркістан,  
Еркіндігі үшін қырқысқан,  
Оспаным көкжал бөрі еді.  
Сұлубайым мен Бүркітбай –  
Ұлдар еді ұлттың бегіндей,  
Үкінің үлпілдегіндей,  
Тұқымым қара көк еді.  
Атамыз Алтай – ақ бөрік,  
Анамыз Ертіс ежелден,  
Несібем кімнен кем еді?!  
Жапырағым ұшты-ау жан-жаққа,

Шайқалып заман терегі.  
Бәлен де түген десең де,  
Тәңірдің болар дегені!

Қытайда қалған бабам бар,  
Моңғолда қалған атам бар,  
Әмірін екі етпеген,  
Қай құдайыма кектенем?!  
Төс айыл қатты, ер батты,  
Тағдырым тоқсан толғақты,  
Қай бақытымды жек көрем?  
Жайлап та қыстап жүргенде,  
Опынтып өмір бір демде,  
Шекара сызып шеттегем.  
Өкпек жел ұрды-ау өкпеден.  
Тәңірі Түркі тегімнен,  
Елімнен солай бөлінген,  
Ұлыған айға көкбөрі ем.  
Асаулығынан қанымның,  
Ардақтылығынан арымның,  
Шекемнен ешкім шертпеген.  
Мен – ТӘҢІРІМ шашқан тары едім,  
ӘР ТОПЫРАҚҚА КӨКТЕГЕН!

## **ДҮРДАРАЗ ЖАУҒА ӨШІГІП КЕКТІ**

Дүрдараз жауға өшігіп кекті,  
Кененің басы кесіліп кетті.  
Бақа басты жау бақ-баққа басып,  
Есерлікпенен есіріп кетті.

Оспанның басын қытай жалмады,  
Ұлтымның жауы ұпай қармады.  
Шығыс Түркістан шырқырап сонда,  
Көрмеген қазақ құқай қалмады.

Бас аман тұрса ерен ердегі,  
Ай тақырға атан шөггерер ме еді?

Марғасқа туған Махамбеттердің,  
Тілеуін Тәңір неге бермеді?!

Исатайлардың иығы мықты,  
Арлан арманы миын ұлытты.  
Дулығысына сыймаған басын  
Құтырған қара құйын ұрыпты.

Тайлақ дәуренін тасыраңдатып,  
Жазықсыз көздің жасын аунатып.  
Иманы кәміл Иманжүсіптің,  
Үркіп те қашқан басынан бақыт.

Зарға бөктіріп запыран үндер,  
Жанының жалмап жапырағын Көр.  
Құдықта қалған Шәкәрімнің де,  
Бата оқып еді басына кімдер?

Алынбай аға, әкеден кегі,  
Халқына жеткен хат-өлеңдері.  
Сарыарқасынан сая таппастан,  
Мәдидің басы мәпеленбеді.

Ерге туғанда егестің күні,  
Кейкінің басын Кеңес қылғыды.  
Эрмиитаждағы сөреден сөйлеп,  
Ертеңге болды елес тірлігі.

Ешкімнің көрмей әспетін ұлық,  
Жалғанның жалпақ тас беті күліп.  
Балпаң да басып бабалар өтті-ау,  
Алтын бастары бәске тігіліп.

Қалдырған жұртқа хас тағылымды,  
Күлімдеп тұрған аспаны нұрлы.  
Қара орманына қадірі артқан,  
Ал, бүгін кімнің бастары құнды?!

Бабамның бағзы күйін үлгі етем,  
Ата жолыма сыйынып өтем.  
Ал, Абылайдың түсіне неге,  
Бақа мен шаян, бүйі кірді екен?!

## ТАРБАҒАТАЙ

Бозталың бүршік жарғанда бозбала ақындай,  
Қусақтың күйін жататын боз дала тыңдай.  
Қоңырлап самал ескенде қоңырқай кеште,  
Қонжық жон, қоңыр жоталар қозғалатындай.

Аюлысайдың ну тоғай жынысы-ай қалың,  
Аққайран өзен-тасыған күміс айраның.  
Алланың ісі – деймін де басымды иемін, –  
Алманың иісі аңқыған ұры сайларың.

Бидайлы бөктер масаты-пүліш аймағым,  
(Жұдырықтай құс, қарашы тілі сайрауын).  
Шаң жуытпастан шыңыңды сүртіп жүретін,  
Асқарындағы ақ бұлтпен туыс ойларым.

Көгеріп беткей біткенде – көктемде атырап,  
Баба тау күйін жамбастап шерткен жатып ап.  
Керемет қандай кереге қанатын керген  
Қыран шәулі жүр ұясын көктен бақылап?

Көшкен бұлтпенен көрінген құзы сыңар боп,  
Көктеді ме екен өткеннің сыры шынар боп.  
Сайларды қуып беремін, сүрлеуге түсіп,  
Қытайға асқан бабамның ізі шығар деп!

Заманың жетгі сорыңа бағың алмасқан,  
Іздесем әрбір тасыңнан табылар дастан.  
Мойыл мұңыма батам да, телмірем саған,  
Суырлы тауым, сырыңа қаныға алмастан.

Қарағаштарың қаз-қатар жол үсті емініп,  
Тамылжып тамыз жеткенде жеміс төгіліп.  
Табиғатыңның табынам ғажайыбына,  
Танытып пенде пейілден періште қылық.

Шалқығанменен төсіңде шайыр-ақының,  
Мақтауға сені жетпейді қайыра тілім.  
Апам айтатын сен бе едің, сол – Тарбағатай,  
Бес түлік түгіл адамы жайылатұғын?!



## АЛТАЙДАН КҮН КӨТЕРІЛДІ

Алтайдан күн көтерілді,  
Ақ бесік – нұр мекенімді еске сап.  
Аманат қылдым кімге төрімді?  
Қайқы бас ермен бірге тебінгі,  
Есіме түсті-ау, ескі ошақ.  
Менің айбалта төзімді төске сап!

Көгеннен қозы ағытқанда,  
Бозқырау бозамық таңда ұйқы ашып.  
Қозы-лақ таңнан шұбырып,  
Көнектен саумал сіміріп,  
Кеудемнен қоңыр күй тасып.  
Табиғат жатар таңғы мезгілмен ұйқасып!

Сабаны күрпілдеткендей,  
Даланы дүрсілдеткендей қарқынмен.  
Жотадан жортқан күндерім,  
Додадан көкпарды ілгенім –  
Самалды жұтқан, салқын дем.  
Балалығымды жырлай алам ба бал тілмен?!

Тартпа айыл тартылып қатты,  
Асаукер алқынып бақты – тасып қан.  
Жүрісін жолға сайлатып,  
«Дәй-дәй, дәй, жорғатайлатып»  
Кештер-ай, ауылға асыққан.  
Тілініп езу, астымдағы асау басыққан.

Алтын күн күңгейден асып,  
Қотанда «күргейге» басып – кешкілік.  
Түн жайып алып қанатын,  
Ұйқыға ел қарық болатын.  
Құтпанның даусын сес қылып,  
Ырғайлы сайдан байғыздың үні естіліп.

Ұйқыда уыздай ұйып,  
Ата мал күйіс қайырып саркідір.

Түсіме көк дөнен кіріп,  
Кететін кермеден мініп,  
Тәтті елестейсің таңғы бір.  
Қайран да менің, балалығым-ай, бал ғұмыр!

...Алтайдан күн құлап келеді,  
Алтын жал судырап келеді — бабында.  
Емгесін төсіңнен нәрді,  
Алтайым, есімде мәңгі —  
Жанымды орап жалынға.  
Тәңір сыйлаған тақ төбемде Күн барында!

## АҚОРДА

Бақыттымыз, қазақтар, бұл өмірде,  
Алаулайды мақтаныш жүрегімде.  
Астанада жарқырап Ақордам тұр,  
Ұқсамайтын Ақүйге, Кремльге.

Бір туысқан ежелден Есіл Іле,  
Ризамын тағдырдың кесіміне.  
Астанада жарқырап Ақордам тұр,  
Ұқсамайтын қытайдың Пекинiне.

Тараймасын Есілдің кең арнасы,  
Тартсын алға тоқтамай ел арбасы.  
Жылдар бойы зарығып әрең жеткен  
Қазағымның бұл нағыз төл ордасы.

Қаңғытпастан бір тайын, бір ботасын  
Тарихтың түзетіп мың қатасын  
Аманаты бойынша бабалардың  
Қалады оның Нұрсұлтан ірге тасын.

Ерім ғой ол ел үшін түрген білек,  
Келді азаттық атылмай бір зеңбірек.  
Абылайдан мұра боп қалған бізге  
Төбесінде көк туым тұр желбіреп.

Өмірдегі сүйетін осы абатым,  
Атын жырға әйгілеп қосады ақын.  
Ойлау керек халықты қазақ деген,  
Аттағандар бұл үйдің босағасын.

Жұқпайды аққа жаққанмен күйе бірден,  
Гүлге толсын айналам жиі егілген.

Босағасын аттасын Ақорданың,  
Жандар ғана Отанын сүйе білген.

Өзіне шақ әр ғасыр табады әнін,  
Сатпағандар ұнайды маған арын.  
Даласы үшін қазақтың жылдар бойы  
Толарсақтан қан кешті бабаларым.

Жетті бізге ерліктің тасқын әні,  
Өткенді ойлап көзіме жас тұнады.  
Күні қарап тұрған соң Кремльге,  
Аталарым қорғады Москваны.

Әрі байтақ ел болдық, әрі мығым,  
Төкті нұрын аспаннан кәрі күнім.  
Әлемдегі жасайтын бар қазақтың  
Ақорданың үстінде жаны бүгін.

Жау кірмейді ішіме жалбызбалап,  
Күзетеді іргемді сан мұзбалақ.  
Ақорданы қорғауға хақылымыз,  
Жер бетінде қалғанша жалғыз қазақ.



## САҚТАР

Қан жұққан сапысын асынып,  
Жебесін жеті бел асырып.  
Айдаһар ысқырған түндерде үрейлі,  
Жолбарыс терісін жамылып,  
Молалар басында түнейді.  
Қабыланға сілтеген найзасын,  
Нар өркеш жартасқа сіңіріп,  
Уа, менің семсермен серттескен ерлерім!  
Көрмеген тізесі бүгіліп.  
Алты күн, алты түн айқасқан жауының  
Ып-ыстық қандарын қымызша сіміріп.  
Ауызданып бөрі-ана сүтімен,  
Жер басқан жебеге сүйеніп.  
Беріспей сілтескен берендер ұшынан  
Мың түрлі ажалдың күйі өніп.

Хан тіккен қаһарлы ордаға,  
Қолдарын қусырмай кіретін.  
Қодасты құлатқан қамшысын  
Қайыра маңдайшаға ілетін.  
Ханзада жүзінен төгілген қатулы сұраққа,  
Қабанның жалындай  
Қайратты мұртымен күлетін.

Жарық еткен қылыштар жүзіндегі ақ сәуле  
Бесіктен оятып,  
Аптаған сәбилер жүрегін.  
О, менің киелім!  
Сен онда кім едің?!

Арқалап сол күннің рухын, тілегін,  
Қайғысын, азабын, түнегін,  
Көтеріп жүретін сан ғұмыр

Жалында тұлпардың, комында түйенің.  
...Бүгінгі көртышқан ас етті-ау,  
Сондағы оғландар сүйегін.  
О, менің киелім!  
Сен басқан әр тасты етпеттеп сүйемін!

... ..

Ал, бүгін қасиетің үрғырлар  
Молаңды құлқынға сатса да,  
Аналар көз жасы көл болып ақса да,  
Өткенін ұмытып, тегіне тас атса да,  
Теңгеге тапталып намысы,  
Арына ит сиіп жатса да...

... ..

Көзіне қып-қызыл қан ұйып,  
Сақалы кемсендеп  
Сендерді еске алар жаралы тарих.  
Бостандық берші, ей, уақыт

Файыптың күшімен еш ойға түспеген,  
Фәни мен бақилық сапарлар үстінде.  
Мен, бір Жұмақтай түс көрем:  
Кеше,  
Бүгінім,  
Ертеңім,  
Жазылған осынау қып-қысқа үш күнге.

...Мың жылдың алдында...  
Тағы сол фәнимен бақилық сапарлар үстінде,  
Бесігін боранға тербеткен тамызда,  
Құлшылық ілімді құлшына уағыздап...  
Иегі бозала шаң болған софылар,  
Тылсымат ғылыммен гүлденген Отырар.  
Көшпенді ұлдары  
(Сақалы қауғадай),  
Әндетіп өтеді түйелі арбада...  
Боз атан мойынында боздаған қоңырау,  
Жіберші сол күнге,  
Босатшы, өмір-ау!  
Сауранның құмындай тағдырым қолымда,

Кенезем кепсінші,  
Самарқанд жолында,  
Тесілген қалқанға ұя сап құзғындар...  
Саусағым ұшында ерісін мұз жылдар.  
Ертектегі ерлерше қаңғып бір кетейін,  
Есілде ес жинап, Ертістен өтейін.  
Сүйегім қурасын төсінде даламның,  
Обал жоқ!  
(Ол жаққа бар депті маған кім?)  
Босатшы, тәуекел!  
Жазмыштан көрейін,  
Сақсырым сықырлап ордаға енейін.  
Қараханид сұлуын естуші ем бұрыннан,  
Жіберші, көрейін оған бір қырындап...  
Жүрейін нөсерлі түндер де адасып,  
Қарақшы тобының жыртайын жағасын.  
Қиялшаң өмірім,  
Үмітшіл тағдырым,  
Түк емес, ей, өмір, жасаған тарлығың.

Оралмас қайсы бір уақытқа елеңдеп,  
Іздегем мен сені,  
Іздегем өлеңнен...  
Сұрыңнан қорқамын табыттай көнерген,  
...Алты қаз тағы ұшып барады төбемнен.

Босатшы мені, ей, уақыт!

## **ҚҰМДАҒЫ ШАЙЫР МОЛАСЫНА ҚАШАЛҒАН ЖЫР**

Күн астына арқандаулы есектей,  
Көмпіс ғасыр мүжілуде судағы мұз кесектей.  
Сайф-Сарай жырындағы сол дана түн —  
Қара түн,  
Тамұқтың ең түбіндегі нұрға малып қанатын.  
Мың сан жасақ жұлдызымен қоршап алып іргені,

Босағада тұрған құлдай келеке етер түн мені.  
Байырғы бір керуендер басып өткен сүрлеуге,  
Бозаң айдың боз сәулесі шашылады бір демге.  
Қиқуы өшпей құлағында қантөгіс пен ұрыстың,  
Ежелден-ақ соры қалың бұл бейкүнө шығыстың.  
Қарға, құзғын сұлулардың омырауында тояттап,  
Кешкі ұйқымнан құрсақтағы сәби дауысы оятқан...  
Шық тұнған қыр бейне менің күзгі өкініш жасымдай,  
Бозаңғырт ай шөлде құрап қалған ақын басындай.  
Иесінің өмір-көшін алдап соққан ұры күн,  
Қосаяқтар кеміреді алдаспанның сынығын.  
Көне Түркі сарбазының санына ілген садақтан,  
Орта шығыс орманынан үркіп атқан абат таң!  
Сақал-шашын қылау-қылау шаңы басып ғасырдың,  
Көшпенді шал жүзін құмға көшіп жүріп жасырды.  
Енді олар жоқ!  
Сен де жоқсың, ей, мызғымас құба қыр,  
Қария құм құрсауында болар ақыры тұрағың.  
Әлі күнге ажал жайлы ақиқатқа берілмей,  
Адамдар жүр қателігін қайталаудан ерінбей.  
Жәбірейіл семсеріне күніне бір кездесіп,  
Оған тағы асықпайды ақындардан өзгесі.  
Хауыз бақта шарап ішіп, айтылып сан күпірлер,  
Кедейліктің күрмеуіне сабаздарың түкірген!  
Тынымсыз бұл тіршілікке бермей өткен кеудесін,  
Маусымдар кеп мәпелейді өлгесін.  
Сол ерлердің моласына керуен-керуен жыр түнер,  
Шоқ жусанды жуындырып таңғы жаңбыр сіркірер.  
...Сайф-Сарай жырындағы сол дана түн —  
Қара түн,  
Тамұқтың ең түбіндегі нұрға малып қанатын.  
Айрық жолға өзің тіккен жыртық-жыртық қосыңда,  
Саған да бір кезек берер соңғы жырыңды оқуға.  
Суық күліп табытыңды өз қолымен шегелер,  
Құм жырына құлақ аспай құлыптасың көнерер.  
Рухыңды бауырына басып үнсіз тұмандар,  
Мазарыңның іргесінен ін қазады жыландар.  
Мен сияқты дос боласың үнсіздік пен мезгілге,  
Мен сияқты қас боласың уайымшыл сол күзге...



Бейуақта еске салып фәнидегі күнәсін,  
Жанап өткен жолаушыға үрей сыйлап тұрасың!!  
Мен сияқты...

## АҢСАР

Осынау бағдарсыз өмірде,  
Қай маңнан табылар жол, тұрақ?  
Мен сені күтемін, қараша желінде,  
Бұтадай қалтырап.

Жаныма бір нұрлы от жақты,  
Сен жақтан ерменнің иісі.  
Жолаушы кезеді сан тарау соқпақты,  
Кешкі өкпек кетірген күйісін.

Ойында жусанды даласы,  
Найзағай кемірген һәм ескі таулары.  
Бөрілер жататын таласып,  
Шілде де жауатын қарлары.

Жортуыл жолдары,  
Сынған бір сойылдар арманда.  
...Қарт Алтай Тәңіріге созатын қолдарын,  
«Көкжиек көзінен қызыл қан тамғанда...»

Аршалар!  
О, нұрлы жасындар,  
Қанымда қаһарлы сел аққан.  
Мен сені күтемін,  
Гүлзарлар қасында,  
Ғашықтар мекені – көзінде таң атқан.

Ол маңда бізге енді жоқ өлім,  
Жалғыздық парағы пәниден жыртылған.  
Мен оған сәбидей сенемін,  
Сәбидей иірімге ұмтылған.

Ешқашан тарқамай мастығы.  
Уақыт шаңдағы самайға қонады.  
...Әкемнің жоғалтқан жастығы,  
Анамның ескірген жамалы...  
...Осынау бағдарсыз өмірде,  
Қай маңнан табылар жол, тұрақ?  
Мен сені күтемін,  
Қараша желінде,  
Бұтадай қалтырап...

## ДАЛА

Жорықтар тұтқыны шулаған,  
Сары дала төсінде жөнқиді күн-ғалам.  
Секундтар сыртылы ғасырларды ұрлаған,  
Алдаспан жүзінен ақиқат іздеген,  
Көшпенді сардары қол бастап мыңдаған.

Бейуаққы үрейді жамылып,  
Тапжылмай түнеріп қарайды шоқылар.  
Періште тілімен дұғалар оқылар.  
Ежелгі шығыстық шайырлар –  
Рубаб сазына елітіп,  
Кешкі бақ сәулесін жамылып отырар.

Ғашықтық хаттары...  
Үздіге сағыну,  
Семсерге серт байлап, есінен жаңылу.  
Жас сұлу көне бір ғашықтар жырымен,  
Майдандағы арысын аңсайды түнімен.  
Ырысы арнадан төгілген,  
Қоян жон алаптар – аңыздар тіліндей,  
Бүгінді сезбейсің кешеге үңілмей.

Белестер...  
Елестер кешегі,  
Бүгіннен ертеңге аңыз боп көшеді.  
Ежелгі қас Сақтың қаһарман сарбазы,  
Қанжардан қанданған сауытын шешеді.

Көшпенді сардары!  
О, менің үлгі алар ұраным,  
Бұл дала мәңгілік тұрағым.  
Бір сүйем жер үшін у жұтқан  
Рух жырыңмен,  
Ұлымның бесігін аластап тұрамын.  
О, менің қасиеттім, пырағым!!

... ..

Ертектер ғасыры,  
Мен одан кеш қалып,  
Қиуасыз жерлерден қиуалы дос тауып.  
Күп-күрең кеш қанын сіміріп отырам,  
Аңыздағы әлдекімді еске алып...

## ТОПЫРАҚ

Жесірлер жасынан көктеген,  
Дәуірлер ғазалы бір соқпай өтпеген.  
Мен сені еске алам жаралы тораңғы,  
Бауырыма басамын топырақ анамды,  
Күйіктер отымен қуарған санамды,  
Оңаша жалаймын жарамды.

Қабағы қатулы ғасырлар,  
Саған кеп мінәжат етеді.  
Сұлуын табытқа жасырған,  
Ханзада керуені қоңыраулап өтеді...

Шарапқа желпінген диуана,  
(Шекпенін қамыстан тоқыған...)  
Жүздері албырап сексеуіл отынан,  
Бал ашып береді өткенің туралы,  
Ойыңды көзіңнен оқыған.

— Отаның — топырақ, тоқымдай болса да,  
Өзгесін армандап у жұттың қаншама?  
Қай жерде жан шықса сол жерді мекендеп,

Қалады рухың қасиетін бекемдеп.  
Жол үсті өлгенін жатпай-ақ ұрандап,  
Сол жерге көмеді мекенсіз сығандар...  
Жер үстін себебі: мола деп таниды,  
Мысалы інінде өледі жыландар.

Жастығын сауықпен өлтірген,  
Уақыт қамшысы тәубасын келтірген.  
Топырақ туралы еріні кемсеңдеп,  
Мәтелдеп береді қаусаған кемпір де.

Байланған осынау киелі танымға,  
Топырақ деп қақсайды қу томар шалың да,  
Бір дәлел келтіріп көне бір аңыздан,  
Топырақ туралы береді уағыздап.

...Бағытым белгісіз,  
Белгісіз дерегім,  
Киелі топырақ!  
Мен саған сенемін.  
Сапарлар соңында сағына оралып,  
Өзінді құшақтап өлемін!!

...Топырақ... Рух...

## **ХАТ**

Селенгіге сел жауса да,  
Орхон бойын оқ жауса да,  
Мен сендерді ұмытқам жоқ, бауырлар!  
Әр кеш сайын сағынышым ауырлар.  
Күн астында келем жалғыз тепендеп,  
Жүрегімді қалды бұлттар мекендеп.  
Дауыл жұлған қайындарға жүгірем,  
Құлап жатқан Ғүн сардары екен деп...  
Сендер көрген түсті мен де көремін,  
Сендер көрген құсты мен де көремін.  
Алдап-алдап кетті мені уақыт,

Алданыш боп қалды жалғыз өлеңім!  
Біздің көктем ондағыдай мұңлы емес,  
Келеді әйтеу, бірде ерте, бірде кеш.  
Маусымы да мейірімді һәм жаңбырлы,  
Қыз самалы кесе өтпейді алдыңды.  
Бағыт алып өзі ұмтылған жайына,  
Жатыр ағып әне, Сейхұндария.  
Қыс кетті ғой арқа-жарқа дәуірлеп,  
Сарыарқаға қонып жатыр сәуір кеп.  
Көбелектер қарсы алып жүр көктемді,  
Шіркінде бір мен сияқты дамыл жоқ...  
(Тек, бұл қала!  
Қабағы сәл қатулы,  
Мен іздеген мейірімдер де сатулы...)  
Оны қойшы...  
Бәрі өтпелі өмір бұл,  
Біздің жаққа көктем келді көгілдір.  
Уа, көгілдір, көгілдір!  
Мол шуаққа бізді тегін шомылдыр!  
Кімдер қонды?  
Күлкі үйіріліп мұртына,  
Орхонсуда қалған ескі жұртыма.  
Шалғын бойын шалдырма көп ораққа,  
Шаршап жеткен...  
Құстар жатсын қонақтап!  
Сенерімді жоғалтсаң да, дерегімді жоғалтпа!  
Өлеңімді жоғалтсаң да көгенімді жоғалтпа!  
Жегі мұңдар жанды жесе жел өтінде тұрып мен,  
Желден сәлем жіберемін,  
Жерден ауыр үмітпен.  
... ..  
«Селенгіні сел алған жоқ!  
Жау алды,  
Орхонсуды оқ алған жоқ!  
Дау алды.  
Дәм бұйырса құшағыңа бір қысарсың оларды...».  
Қайтқан құстың ғазалынан у ішіп,  
Мен жұбатып тұрмын шерлі анамды...

«Жас толқын». — Алматы: Жалын, 2006

## ҚАЗАҚ

Алпыс екі тамырымда ой балқып,  
Өлең аңқып өзегім.  
Кешегімнің күлгін сәулелі іздерін  
Бүгінгімнің күрсінісінен іздедім.  
Көкірегімде ақ раушан бұр жарып,  
Бір Аллаға жүгіндім.  
Сайтан билеген санаға іштей дұға оқып,  
Күнәлі ісіне үгілдім.  
Тұманнан тұнған тамшыдай мөлдір болса да,  
Кірпікке ауыр мұң ілдім...

Кеше...

Кеудемде Күн тұтылып;  
Жанарымда Ай қорғалап;  
Көмейімде үнім тұншығып;  
Самайымнан сорым сорғалап;  
Таңдайымда Тілім бұралып;  
Жылт-жылт еткен жылтыр сөзбен мақталып;  
Ішімнен шыққан сасықтың сыбырымен сотталып;  
Арсыз саясат арлы жанымды шайнаған;  
Әдет-ғұрпым әміріне тапталып,  
Аңғалдығымды айласына байлаған;  
Түйсігімді түрмесіне қамаған;  
Күліп тұрып, күңіреніп,  
Қасиетімді қанаған —  
Ей, тәубесіз тоталитарлық тор — қоғам,  
Имансыз идеологияңа түкірдім!  
Иманды жұртты арбаған!  
Қызғаныштың жирен демінен жаралып,  
Менің Ұлттық Ар-намысымды қорлаған;  
Сенің сайқал саясатыңның шатасы —  
Қызыл жағалы итақайын айтақтап,  
Обалымның бет-ауызын қанатқан,  
Боздақтарымды талатқан.

Көз алдымда көзін уқалап жетім мұң,  
Өткенімде өшім кетіп,  
Өкіндім!  
...Бақ тілеп мына нұрлы да нұрлы ғаламға,  
Баталы байтақ даламда,  
Құдаймен ғана Дос болып,  
Сабырым тұнған санамда –  
Мен – Қазақ деген ақынмын –  
Сегіз қырлы өткір сөзіммен  
Адырнасын тартып ақылдың,  
Адыра қалғыр арам пиғылға ақ жебе болып атылдым!!!  
«...Азаттық!», – деп аппақ тілекпен,  
Ұлы далалық жүрекпен;  
Абақтыдан айқайлаған арыммен;  
Желтоқсанның қар-мұзындай ызғарлы –  
қан сасыған мың ғасырдың табымен;  
көкшіл түнде көкке ұмсынған Тәңірлі –  
көк бөрінің зарымен;  
жан дүниемнің жасынды жаңбырын селдетіп,  
Соқыр заман мен Ақырзаманның арасын,  
Өлеңімнің музыкасымен тербетіп,  
Жалап жазып жүрегімнің жарасын,  
Елім деген есті үмітке елжіреп,  
Көк байрағым желге қарсы желбіреп,  
Ауызымда аласұрып қызыл тіл,  
Тәуелсіздігіме сүйініп,  
Таңдайыммен таңданып,  
Мандайыммен иіліп,  
Қан майданда қаным сіңген топырағымда тебіреніп,  
Уай, Әділет, алдында,  
Теңіздей толқып,  
теңіздей толқып сөйледім!

## ЖАЗМЫШ

*Ауган соғысында қан кешкен  
Ерлерге арнаймын*

...Дауыл-сөзі Дүнияны тербеген,  
Жан әлемі ақиқатқа шөлдеген.

Әділетін жоғалтқан соң қан жұтып,  
Қасіретін кеудесіне жерлеген,  
Самайында сор ұйыған ғасырдың,  
Жанарынан сорғалатып жасыл мұң.  
Жаратқанға «Жалғызым!!!», – деп жалынған,  
Жалғыздықты жұбата алмай ашындым!  
...Жырым-жырым жүрегінен жас тамған,  
Ақ үміті қызыл қанмен ластанған.  
Қас маңдайын қарсы қойған ажалға,  
Қас батырдың жас қабірін жастанған,  
Бүйіріндегі бұйрығынан сөз алып,  
Қан сасыған Ауған тауын аза қып,  
Қу тізесін құшақтатып жесірдің...  
Уақыт өтті...  
Сазарып.  
...Көк сұр түнде көк бөрі ой ұлытып,  
Көкірегімді суық жаспен жылытып...  
Жұлдыз болып ағып түскен сан игім,  
Көкке қарап налимін.  
Сүт аңқыған күлкісі үшін сәбидің  
Бү дүнияны тәрк етіп...  
О дүнияны олжалап,  
Қанмен салып тағдырының келбетін,  
Қаһарымен қалтыратқан жер бетін,  
Шаһиттерге басын исін күллі Адам,  
Дұға қылсын иігендей Жерге Күн!  
Ел мен елді қарсы қойған Қара Сұм,  
Адамизаттың сиқырлаған санасын,  
Қан қақсатқан данасын!  
Қан сасытқан даласын.  
Құтын құлқын билеген  
Мен жезөкше-саясаттан жиренем!  
Басын сұққан байлық деген балшықты  
Бұқараның көз жасымен илеген!  
Содан кейін, сасық кеуде көтерген,  
Ел алдында еңбегі жоқ өтелген –  
Көбік сөзді «көсемдерді» аяймын,  
Беттерінің еті өлген!!!



# АҚЫН РУХЫМЕН СЕРТТЕСУ

*Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты  
Мен жастарға сенемін!*

*Мағжан*

Кере қарыс маңдайынан ғарышқа жол салып,  
Шаһиттік Ер ғұмыр шалқыған!  
Сұңғыла сертінде бодандық булығып,  
Дұғалы сөзінде Азаттық аңқыған!  
Арыстан жүректі, абадан мінезді асылым!  
Ажалды жылатып, айбынды от жырың,  
Жалғанды жұбатты періште пәктігің.  
Жан мұңын сөйлетіп,  
Ар құнын құлпыртып,  
Алаштың демінен Жұмақтың суретін билетіп,  
Кешегі керауыз сатқынды састырып,  
Бүгінгі сорауыз жалтаққа қастығып,  
Көңілдің көгінде қырандай сусылдап,  
Жүректің қобызын күңіреңтіп  
Қош келдің біздерге, Ақ Сәуле – Ақтық Үн!  
Тәңірі тірілтіп, Тәңірі қолдаған,  
Бес күндік өмірдің өзегін жалғаған,  
Ер Баба тілінен  
Өр, дана Рухың нәр алып,  
Сегіз қыр Сөзіңнен –  
Сегіз нұр таралып,  
Күн шығыс көзінен күрең нұр қара өлең лаулатып,  
Күнбатыс көгіне Күн болып жаралып,  
Алашқа Алланың Самалын естіріп,  
Қош келдің бұл жерге, Қаһарман хас Ақын!  
Қош келдің, Жанарым,  
Туған жер топырағын толғатып,  
жібектей желімен сырласып,  
шөбімен, аңымен, құсымен мұндасып,  
Түбі бір Түркі үшін  
Алтайдай құлазып,  
Арқадай аңырап,

Тұранның төсіне жұлдызды ойлары жамырап...  
Қаламның ұшынан әлемнің сезімін түрленткен  
Ұлы Ақын!  
Қош келдің Тәуелсіз Түркіге!  
Қош келдің Тәуелсіз Қазаққа!  
Даланың көшпелі Обалын ойлаған –  
Сананың мәңгілік Шырағы  
Ойының киелі тұмары,  
Рухы сусаса сусындар қасиет бұлағы –  
Сендегі Аңсардың зарымен,  
Үміттің қанымен көктеген жазбалар –  
Қазақтың Есінде Дес болып жайқалып,  
Жусандай бұрқырап тұр әлі!  
Сен сендің Жастарға,  
Сен сенген мына Мен –  
Сөзіммен шайтанды шошыттым!  
Өзіммен кәпірді жасыттым!  
Желтоқсан желінде Қайрат боп қаһарым жұлқынып,  
Ажалға жүгірдім кегіммен ұмытылып!  
Содан соң...  
Кірпікте марқасқа қуаныш мөлдіреп,  
Көзімнің ішінде Көк Туым желбіреп,  
Арқаның төсіне айбарлы Астана орнатып,  
Алаштың мерейін тасыттым!  
Сен сенген мына – Мен,  
Е-е-хе-хе-ей!!!  
Қарашы,  
Адамның Аспантек баласы!  
Иманым жүзімнен жыр болып шашырап,  
Күн болып шаттанып шалқақтап күлемін!  
Білемін,  
Көмейден күй сынды сұңқылдап тілегім,  
Ел үшін жұлыным жұлынса өкінбен!  
Хас Ақын,  
Мен саған Ант етем!  
Алланың жұпарлы Атымен Ант етем –  
Әлемге сүйгізем Қазақтың хұсни Жүрегін!

## ТАРИХ

Бөкен жон, бөрте қыраттар астында  
Шөптермен жабылған,  
Ақсөңке сүйектер сөйлейді,  
Не түйдік аруақтар зарынан?!  
Менің тарихым — ап-ащы, күп-күрең,  
Себебі ол, анамның жасымен,  
Атамның қанымен жазылған.  
Қария қыраттар сөйлейді күңіреніп,  
Қобыздың тілімен,  
Бір әуен талықсып жетеді құлаққа  
Торғын жел үнімен.  
Қан бөккен даламның қайғысын сеземін,  
Жылқының жалы мен жусанның бүрінен.  
Қайран, қабылан бабалар  
Басының ішінде күн жанып,  
Шуағы жүзінен байқалған.  
Орхонның көк мәрмәр тасына кертіліп,  
Ерлігі айтылған.  
Түз жүрек, тау мінез түркінің  
Астында қара жер теңселіп,  
Ауызында көк аспан шайқалған.  
Ойхой, Орхонның жазуы,  
Сен едің расы —  
Бабамның жәдігер мұрасы.  
Тамырымда күркіреп ағатын,  
Қайда сол көк тастың көгілдір дұғасы?!  
Көгілдір дұғамды  
Кеудеме кісінетіп,  
Боздадым зарлы үнмен,  
Боздадым қазақы тағдырмен.  
Сөйттім де,  
Жылқының иісіндей бұрқырып,

Тұлпардың тостақтай көзінде  
Тұңғыық шер болып қалдым мен.

## БАЗЫНА

*(Қайрат Рысқұлбековтың рухына)*

Обалымды О дүние шешеді,  
Бар болғаны, адаммын һәм мүрдемін.  
Бү дүниелік бұйырғаны тәніме,  
Бір иткөйлек, бір кебін.  
Қазан басы қаңсып қалған қара жұрт,  
Құдайындай қағаздарға сиынған.  
Ал мен шерлі...  
Жасыл қанат, жұп-жұмыр,  
Ой ұшырам миымнан.  
Жылқы түкті жылтыр-жылтыр тілдердің  
Өңеш жайлы бұйрығын,  
Жағымпаздың жап-жасанды күлкісін,  
Жал-жұлт еткен күйрығын,  
Қоңыр көзді қойдан жуас момынның,  
Маңдайының майын ішкен жарысын,  
Етектегі етін сатқан сайқалдың,  
Ел жайында еміренген дауысын,  
Ести-ести есалаңға айналдым.  
Жалған дүние – жағымпаздар мекені,  
Корольдерін креслоға күйлеткен.  
Үндемейміз...  
Үндемеуді өйткені  
Үкіметіміз үйреткен.  
Сен осындай, жарып шығып қоғамды,  
Заң жүрмейтін зау биікке зауладың.  
Қарсы жүздің уақытқа сондықтан,  
Қара жұрттың ұғымына сыймадың.  
Ақиқатты айтып өлген адамның,  
Алла алдында ары аппақ.  
Төртбұрышты топыраққа айналдың,

Дөп-дөңгелек дүниені мазақтап.  
Құшағыма ап құлай сүйгім келеді,  
Қан мен тердің исі сіңген даламды.  
Түні бойы төсегіме сыймаймын,  
Төскейдегі есіме алсам бабамды.  
Көбік шашқан көк теңіздей долданып,  
Арыстанша аһ ұрған,  
Өмір деген – өрмекшінің торы екен  
Өкініштің көз жасымен тоқылған.

Қазақ болып, Қайрат болып боздайды,  
Кеудемдегі қызыл күн.  
Мен махшарда дәлел етем Тәңірге  
Маңдайымның сызығын...

## АЛТАЙ

Алтайдың қысы тым ұзақ,  
Алтайдың қысы тым басқа.  
Қиялдан тұлпар мініп ап,  
Шегесің сапар бір басқа.

Әулие ақбас шоқылар  
Қарайды сұсты ғаламға.  
Өзінен-өзі оқылар  
Бір сыр бар осы заманға.

Аңсайды, бәлкім, алғашқы,  
Аңқау да адал тұрғынын.  
Сағынған шығар заржақты,  
Зарлығы менен мұңлығын.

Буазып бұлттар, бұйығып,  
Тастарға анау жас тамған.  
Көк жалқын отқа сиынып,  
Алтайда тірлік басталған.

Алтайдың түні тым басқа,  
Алтайдың түні кіл ертек.  
Ол жерде кешер мұң басқа,  
Дәуірді ұмытып тым елпек.

## КІТАП

Адасқан сананың аяулы Расулы!  
Ізгілік жұпарын тереңге жасырып.  
Пенденің мейірімі –  
ұшында қаламның,  
сарғайған беттер де даналық аһ ұрып.

Қыраулы әйнектен оқимын мен оны,  
Уақыт ізінің жолағы бұлдырап.  
Әлдебір ақынның азалы өлеңі,  
секілді сұлбасы...  
түр неге тұнжырап?!

Сен айтшы қаланың қайыршы қиялы.  
Сен айтшы даланын қансоқта қабағы...  
Зымиян күлкіге өзімді жасырып,  
өзімнің ішмде өкініш заманы...

Ал сонда не дейді салмақты ой,  
Қорғасын жолақтар...  
Қараңғы түкпірде қалғыған  
Адами пәтуа...  
Көпірген көп сөздер...  
Мен, ақшам.

Бұлғида сен жақтан бақытын табардай,  
Топ адам ішінен қарамды көремін.  
...Миллион әріптің нұрына шомылған,  
О, ұлы бостандық!!  
Мен саған сенемін.

«Астана – жыр шуағым». – Астана: Фолиант, 2006

## АРҚАҒА ҚОНСА АҚ ОРДАМ

Дүниеде мынау толқынды  
Толтырып елім, олқынды.  
Арқаға қонса Ақордам  
Бабадан қалған жолсынды.

Қабылдап бейбіт күн көзін,  
Құлпыра түскін күнде өзің.  
Шаңырағы күллі қазақтың  
Асқақтай берсін күмбезің.

Ақ ордам менің – Астанам,  
Таусылмас жаңа дастан-ән.  
Барысқа бастар батырым  
Ғасырға жаңа аттаған.

Қалған жер Арқа асылдан,  
Жалғайсың болып ғасырды ән.  
Жүрегі сенсің қазақтың  
Мың жауға мәңгі бас ұрман.

Үмітпен қанат серметіп,  
Ерлікті шыңдар ерлетіп.  
Сәулетті елдің бесігін  
Есілім жатса тербетіп.

Келбетті кейпің жаңарған,  
Нығая түссін жаңа ордам.  
Көтеріп алды көгіне  
Қаймана қазақ – қара орман!





«Марал оты». – Астана, 2006

## ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕРІ ОСЫНДАЙ

Таңертең ерте оянам,  
Ұрпағым жатыр нұрланып.  
Табиғаттан ой алам,  
Араласам қырды алып.

Қылымсып күн шыққанша,  
Желіге құлын байлаймын.  
Боздала бусап жатқанда,  
Оятып, түлік айдаймын.

Түндігім ашық түрілген,  
Көңілім астан көкпенен.  
Керегем жатыр керілген,  
Береке ырыс кетпеген.

Өзені таудың тасыса,  
Өзегі талған су ішкен.  
Тастардан жазу оқысаң,  
Туған жер, осы ту тіккен.

Аққуы көлді тербетіп,  
Қыраны шынды түлеген.  
Гәккүді тыңдап, ер жетіп,  
Тартып шашын қыз өрген.

Қазаннан қаймақ кетпеген,  
Белдеуде жүйрік таң асқан.  
Ошақтың оты өшпеген,  
Ән-күйі таңмен таласқан.

Ежелден болған ертегі,  
Сыры көп жатқан ашылмай.  
Еңсесі биік, ерке елі,  
Қазақтың жері осындай!

*«Алтын тамыр» журналы. – Астана, 2009. – №6*

## **ҚАЙТЕЙІН, ҚАЙРАН, ҚАРТ ІЛЕМ!**

Қайтейін, қайран, қарт Ілем!  
Қабандар түртіп жағанды,  
Қабырғаң сөгіп қан алды.  
Сері қазақтың өні аққан,  
Делі қазақтың қаны аққан,  
Бұраң да бұраң арнаңнан,  
Бұла толқының тоналды.  
Қайрандап қалған жайындай,  
Кеудеме кекті ой қамалды.

Қайтейін, қайран, қарт Ілем!  
Жылғалап бұрып суыңды,  
Жұлмалап құртты-ау сілеңді.  
Көгеріп келе жатқанда,  
Көктемің солды гүл өнді.  
Айдында жүзген ақ сазан,  
Жемтік қып алар кім енді?

Қайтейін, қайран, қарт Ілем!  
Толқының өрттей қаулаған,  
Күніңді енді сағынам.  
Арғымақ жалдап өте алмас,  
Арнаңа қанден сарыған.  
Кемері толмай кері кеткен,  
Қайғысы жанды меңдеткен,  
Құмыңда жатып жабығам.

Қайтейін, қайран, қарт Ілем!  
Тұлпарым ішкен суың бұл,  
Доңызға суат болар ма?!

Адасқақ арман айналып,  
Қолыма қайта қонар ма?!  
Ақ сазан ойнар ақ айдын,  
Қанымды құйсам толар ма?!

## **САРЫ ЖҰРТ**

Сары да сары, сары жұрт,  
Сағыныштан шекпен жамылып.  
Самал боп қақпай саз әнің,  
Самарқау дала сан ұрып,  
Күз болып көшіп сары мұң,  
Бүрлей де алмай тал үміт,  
Сайқандап ұшып сам үйрек,  
Сам үйрек-арман сабылып,  
Сен нені күттің сары жұрт,  
Сен нені күттің сарылып?!

Дүлдүлден қалған құлынның,  
Дүбірін аңсап тұрсың ба?  
Мың үннен қалған бір үннің,  
Күбірін аңсап тұрсың ба?  
Сап-сары арман-сағыныш,  
Сары белде самсап тұрсың ба?

Айбарлы жаудың басын да,  
Айдарлы ұлын кескен жұрт.  
Күлтелі кілем далаңды  
Алмауыт тұяқ тескен жұрт  
Тауда өскен тарлан бабамыз,  
Бір шымшым топырағыңа  
Жанымыз пида дескен жұрт.

Сайгез оқ тиіп алдыңнан,  
Аймадет ұлың өлгенде –  
Сақсыры толған қызыл қан  
Оны да жұтқан сен өзің.

Құба жон дала өлеңім...  
Тудырған ерді өзіңсің,  
Өзіңсің тағы жұтқан да.  
Ер Доспанбет қансырап,  
Соңғы рет сені құшқанда.  
Қарағайлы көдік бойында  
Қалған қызыл қамшысы  
Соны тапсам деп едім...

Тапсам бір соны, сары жұрт,  
Алмауыт жырды қамшылап,  
Жайдай-ақ қылсам деп едім.  
Оты бар ұлды тұтатып,  
Аймадет қылсам деп едім.  
Сарылып жатқан сары белге,  
Ақала орда қондырып,  
Айға бет бұрсам деп едім!

Қабағым саған мұң бөлеп,  
Шанағым саған түн бөлеп.  
Жүрекке кеудем түрме боп,  
Махаббатсыз өмір бүрді ерек.  
Шыңынан қыран безгендей,  
Шырайы күннің тым бөлек.

Шырайы күннің шыңылтыр,  
Өмірім-ертек, мұңым-пір.  
Жалғыздық дейтін жарыма,  
Ашады тылсым түнім сыр.  
Бозінген жүрек боздатқан,  
Уақыт құрбым қоздатқан,  
Қасірет болып қан қатқан,  
Жазылмай жалғыз жырым тұр.

\* \* \*

*(Қажығұмар Шабданұлына)*

Бұққан да бұққан, бұққан сөз,  
Буындыр өстіп же мені.  
Адырна тілден шыққан сөз,  
Қауырсын қанат жебе еді.  
Қадалар жерін таппады,  
Ауаға жазған анттай.  
Асаннан қалған асыл сөз —  
Астауға түсіп ас болған.  
Қорқыттан қалған құнды сөз —  
Құмға да сіңіп жоқ болған.  
Құмыққан құлды жарытпай.

Шерімізді іште өлтіріп,  
Шеки де басып келдік қой.  
Жел қуған жетім бөлтірік,  
Шемен де болды шер бітпей.  
Шоңайлар шөккен сор заман,  
Танытты білем көкесін.  
Бестісінде бел көрмей,  
Беті бір қайтқан айбурыл.  
Белі де бекіп сенделмей,  
Әйдік шың сүйген қайғым жүр.  
Өлара күткен елік-біз,  
Уақыты толса кететін.





## СӨЗ СОҢЫ

Тәуелсіздік!

Қазақ үшін бұдан асқан киелі, бұдан асқан қасиетті ұғым болмаса керек-ті. Өйткені бұл ұғымның сандаған ғасыр бойы мынау жалпақ әлемде еркін өмір сүріп, ұрпақ өрбіткен, әлемдік өркениетке өшпес үлес қосқан алаш баласымен біте қайнасып, кіндігі бірге жаратылғандай көрінетіні бар. «Оқулығы жұқа, тарихы қалың» Қазақ елінің басынан қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай тірлік те өтті: о баста біздің бабаларымыз ат шаптырып, той жасап, әнін айтып, салтын ұлықтаған азат ел еді! Басынан дұшпанның өзі түгіл сөзін асырмаған бұла күшті, асқақ рухты еді! Жеті күнгі жорықта аттан түспеген, алысқан жауын жеңбей қоймаған жауынгер халық еді! Дүние шіркін шыр айналып, «ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен» алмағайып заман да болды: үстіне қара бұлт үйіріліп, ерлерінің қол-аяғы бұғауда, қыздарының көз жасы бұлауда болған қасіретті жылдар еді! Өз еркімен тырп етуге шамасы жоқ бодан болған, қайғыдан қан жұтқан ғасырлар еді! Бұлдыр да бұлдыр күн өтіп, туған дала тарихын ұмыттыруға, жадыдан өшіруге күш салған қаскөй дәуірлер еді! Алла берген жұмыр басын бостандықтың бодауына байлаған, азаттықтың ақ жолында шейіт болған әлемде екі халық болса, оның бірі қазақ шығар, бәлкім?! Өйткені, қазақ сөзінің түп-төркіні «еркін, ешкімге бас имес адамдар» дегенді білдіретінін ғалымдар айтып жүр. Өзімізді өзіміз мақтағандай болмайық, жат жұрттықтардың өздері тамсана, таңғала жүріп көптеген жазба қалдырған. Солардың бірі ағылшын инженері Д.У. Уерделл: «Қазақтар – ержүрек, еркіндікті сүйетін халық. Бірақ, өзге көшпенділер сияқты елгезектеу. Олар достарына ақкөңіл де қонақжай, жолаушыға қайырымды, алайда жауларына аяусыз. Оларға табиғат шешендік пен әзіл-мысқыл сезімін сыйлаған...», – дейді. «Қазақ – қызу қанды халық. Оның рухына жайсандық, ізгілік тән,

ұдайы жайдары жүреді. Жүйкесі көнбіс, ашуланбайды. Олардың бойында қатыгездік пен кекшілдік жоқ. Ұрыста немесе шабуыл кезінде ажалмен бетпе-бет келсе ешқандай абыржымайды...», – деп жазған екен ресейлік дәрігер Н. Зеленд.

Азаттыққа жету жолында елін сүйген ержүрек батырлар қандай қызмет сіңірсе, алты ауыз сөзі алты алашқа жайылған арқалы ақын-жыраулар да одан кем еңбек еткен жоқ. Тарлан тарихтың тереңіне сүңгісек, көне дүниедегі «Күлтегіннің көк тасында» ерлік пен елдік, бодандыққа бас иеу, бұғалыққа бағынбау сынды мәселелер алдыңғы кезекте жырланады. Көненің күмбіріндей болып бүгінде аман-есен ұрпағымен қауышқан «Күлтегін» жазуында: «Бектердің, халқының түзу еместігі үшін, табғаш (қытай) халқының алдауына иланғаны үшін, өтірігіне көнгені үшін, інілі-ағалының дауласқанынан, бектің, халықтың жауласқанынан түркі халқы елдігінен айырылды. Қағандық қағанынан айырылды, табғаш халқына бек ұлдары құл болды, сұлу қыздары күң болды. Түркі халықтары түркі атын тастап, табғаш бектерінің табғаш атын ұстап, табғаш қағанға бағынды. Елу жыл күш-жігерін жұмсады», – делінсе, енді бір тұсында «Көкте көк тәңірісі, түркінің қасиетті жер, суы былай депті: «Түркі халқы жойылмасын», – дейді, «Ел болсын», – дейді», – деген елдіктің өзекті сөзі айтылады.

*«Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,  
Сарбаздарымен аттанып,  
Төрт бұрыштағы халықты  
Көп алған, бәрін бейбіт еткен.  
Бастыны еңкейткен,  
Тізеліні бүктірген,  
Білге қағандар екен,  
Алып қағандар екен!»*

Иә, бұл жолдарды оқығанымызда қай-қайсымыздың бойымызға да мақтаныш сезімі ұялайды, рухымыз көтеріліп, кеудемізді шаттық кернейді. Арыстан жүрек, бура сан бабаларымыз алдында күллі әлем бас иіп тұрғандай болады.

Талай дәуірдің тасасында қалмай, күні бүгінге анық, саф таза қалпында жеткен «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» сынды әйгілі батырлар жырының негізгі арқауы – ерлік, еркіндік, азаттық сияқты асыл ұғымдар болатын. «Жалаңаш барып жауға ти, Тәңірі өзі біледі, ажалымыз қайдан-дүр» деген асқақ ұранды кешегі жыраулар мұрасы қазіргі таңда ұлтты елдікке ұйыстыру, жас ұрпақты ерлікке шақыру мақсатында маңызды рөл атқарып,

ұмытылмай келеді. Қазақ жұртына Жерұйық іздеген Асан Қайғыдан бастап наркескен Махамбет пен дауылпаз Дулаттарға дейінгі аралықтағы даңқтылар поэзиясының мәңгілік сарыны азаттыққа келіп тірелетіні заңдылық.

Бұның бәрі – кешегі. Ал бүгін ше?! Қазақ елі 1991 жылдың желтоқсанында анық азаттыққа қол жеткізгенде қуанбаған, қуаныштан көзіне жас алмаған адам кемде-кем. Сондағы ыстық сезімді, шаттықты, қуанышты ауызы дұғалы ақындардан артық жырлаған ешкім де жоқ. Дәл бүгінгі күн – ертеңгі тарих екенін ескерсек, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері алты алашқа танымал, мәшһүр ақындардан бастап жас талапқа дейінгі қалам ұстаған барша қауым осынау қол жеткен азаттықты жырлауда, оның мәртебесін асқақтатып, қадірін ұғындыруда ерекше белсенділік танытты. «Тәуелсіздіктің нұрлы таңы» деп аталатын осы әдістемелік құралдың мақсаты – поэзияның көкжиегін кеңейтіп, ұлттық әдебиетке сүбелі үлесін қосқан жазушы деген жалпақ жұрттың шығармаларын елге таныту, сол арқылы өскелең ұрпақ бойына отаншылдық, ұлтына деген сүйіспеншілік сезімдерін сіңіру болмақ.

Азаттықты жырламаған ақын ақын бола ма? Туған анасын – Отанын сүймеген адам адам бола ма?! Біздің ұғымымызда ақындар үшін «бұтақтары биікте, тамырлары тереңде» жатқан өз ұлтын жырлаудан асқан мәртебе жоқ-ау!

*Алаштан байтақ озбаса,  
Арабыдан атты сайлап мінбен-ді.  
Күлікке тастай болып тимесе,  
Үстіме көбе кимен-ді.  
Дулығамның төбесі  
Туған айдай болмаса,  
Батыршылық сұрмен-ді.  
Бетегелі Сарыарқа сауырын  
Беркінген жауға бастырсам,  
Жер басып тірі жүрмен-ді, –*

деген даңқты Шалкиіз жыраудың осы бір сертін жадымызда қатты тұтсақ керек-ті.

Тәуелсіздік – Тәңірдің жалғыз сыйы! Осынау бір асыл дүниені көзіміздің қарашығындай сақтап, ардақтап ұстауымыз қажеттігі, аялап ұлықтауымыз керектігі біздің басты мұрат-мүддеміз болып қала береді.

*Құрастырушылардан*





## ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

### Бірінші бөлім ЕЛДІК ТУЫН ЖЕЛЫРЕТКЕН ЕЛБАСЫ

Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты ұлттық салт-дәстүр мен өнеге-тәлімнің ерекше дамуына барлық мүмкіндіктер жасалып отыр. Халықтың ғасырлар бойы жасалған мәдениеті мен рухани әлемі қазір жандану үстінде. Елдің өткеніне, тарихына өзгеше көзқарас қалыптасуда, әсіресе бұл қажеттілік ұрпақ тәрбиесіне байланысты туындап отыр. Әр халық өзінің жас ұрпағы қайырымды, адал, үлкенді құрметтейтін, әділ, ержүрек, ізгі ниетті, аржданы мол болып өссін деп армандайды, бұл мәселені өзінің тұрмыс-салтына байланысты шешіп отырады. Ол үшін ғасырлар бойы қолданылып, сұрыпталып, тұрмыс, өмір тәжірибесі сынынан өткен салт-дәстүрлерді педагогикалық әдіс-тәсіл ретінде қолданып келеді.

«ЕЛДІК ТУЫН ЖЕЛЫРЕТКЕН ЕЛБАСЫ!» атты бірінші бөлімдегі өлең-жырлар тәуелсіздікке, тәуелсіздік жолында құрбан болған қазақтың патриот ұл-қыздарының қайраткерлігін баян етіп, яғни қазақ тарихының аса көрнекті тұлғаларына, ата-бабалар тарихына, қазақ ұлтына және осы қазақ ұлтының ұлы перзенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арналған. «АСТАНА – ӘН ШУАҒЫМ, ЖЫР ТҰМАРЫМ» атты екінші бөлімдегі өлең-жырлар Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі өмірі, еліміздің рәміздерін, Есіл өзенін және оның жағасында орналасқан жаңа астана – Астана қаласын, ару қаламыздың көшелерінде орналасқан ескерткіштер мен монументтерді жырлайды. «ЕЛІМ ДЕП КЕЛДІМ ЕЛЖІРЕП...» деп

аталатын үшінші бөлімдегі өлең-жырлар — аты айтып тұрғандай, атамекендеріне қайтып оралған қандастарымыздың еліне және жеріне арналған сағыныш ән шашулары.

Жастарымызға ән айтқызу, күй шерткізу, өлең-жыр жаттату немесе тағы басқа ұлт мәдениетін үйрету әрқашанда тәрбиенің өзекті мәселесі болып қала бермек. Кішіпейілділік, сыпайылық, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау халықтық тәрбиеден ерекше орын алған. Жас ұрпақты өнер сүйгіштікке, адамгершілікке, ізгі қасиеттерге баули отырып, елді қорғау, ар-намыс үшін күресе білуге, өзінің дінін, салтын сақтауға тәрбиелеу — біздің бірінші кезектегі міндетіміз.

Ата-бабамыздың тәрбиеге қатысты әдеби-мәдени асыл қорының, осы тұрғыдан ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше. Сонымен қатар, олар — қазақтың рухани мәдениетінің бөлінбес бір бөлшегі. Оған қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, айтыс, ертегі, аңыздар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жатады. Осындай асыл қазына — халық тәлімінсіз күнделікті өмірде жүзеге асуы мүмкін емес. Ұлтымыз өз ұрпағын: «Балаларға оқу, білім берілсін, Сұлу мінез әр өнермен өрілсін», — деп Баласағұн айтқандай, татылымды тәрбие беруге тырысады. Еліміздің көк байрағындай желбіреп, тәуелсіз мемлекетіміздің тізгінін өз қолдарына мықтап ұстайтын азамат тәрбиелеуде, ғасырлар бойы пайдаланып келген ауыз әдебиетіміздің асыл қорын, бүгінгі күнге дейін құнын жоймай келген мұраны, оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану — көкейкесті мәселе. Сонымен қатар, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі — қазақ халқының ұлттық-мәдени құндылықтарымен үйлестіре оқытып, тәрбиелейтін халықтық-мәдени білім жүйесін қалыптастыру.

*...Айтар датым, ағайын:  
Кетісе берсең — дұшпан көп,  
Келісе берсең — дос та мол;  
Өзгелерге қол салмай,  
Өзімізді қолға алып,  
Жұрт істегенді істесек,  
Жұрт ұмтылғанға ұмтылсақ,  
Жұрт жеткенге жетер ек!  
Ешкімге есе жібермей,  
Терезе тең боп өтер ек! —*

деп келетін жыр жолдарынан тұратын қазақ халқының біртуар азаматы, «Қазақстан Республикасының Еңбек Ері» атағының иегері Әбіш Кекілбаев ағамыздың «Абылай хан» атты өлеңін жалпы білім беретін орта мектептің 7-сыныбына арнап жазған, авторлары Т.С. Садықов пен С. Жолдасбековтың «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» оқулығындағы «Абылай хан» тақырыбын өткенде, арнайы орта және жоғары оқу орындарында Қазақстанның орта ғасыр тарихын өткенде кеңінен пайдаланамыз.

Халықтық-мәдени білім дегеніміз – төл мәдениетіміз бен ана тілімізді келешек ұрпақ бойына сіңіріп, дамытуға бағытталған білім деп түсінеміз. Ол халықтың дәстүрлі мәдениеті сияқты жазу-сызусыз, күнделікті тірліктің, тұрмыс-салт пен әдет-ғұрыптың, халықтық дүниетаным мен табиғи-әлеуметтік жағдайлардың, шаруашылықтың ерекшеліктеріне орай калыптасып, өмір сүрудің, ұрпақ өсірудің машықтық әдіс-тәсілі ретінде пайда болып, өмір сүреді.

Қазақтың бірегей ақыны Мұхтар Шахановтың «Төрт ана» атты өлеңінің мына:

*...Әр адамда өз анасынан басқа да,  
Ғұмырында етер мәңгі астана,  
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,  
Болу керек құдіретті төрт ана:  
Туған жері – түп қазығы, айбыны,  
Туған тілі – мәңгі өнеге, айдыны,  
Жан байлығы, салт-дәстүрі – тірегі,  
Қадамына шуақ шашар үнемі.  
Және туған тарихы, –*

деп келетін жыр жолдары жастарды ата-бабаларының тілі, жері, салт-дәстүрі мен тарихын біліп және қастерлеуге тәрбиелесе, ал Бауыржан Жақыптың «Тәуелсіз Қазақстаным» атты өлеңі қазақ халқының біртуар ұландары мен ежелгі қалалары – Отырар, Тараз, Түркістан, т.б. жайлы өлеңдері оқушылар мен студенттер көңілдеріне қуаныш ұялатып қана қоймай, сонымен қатар жүректерінде мақтаныш отын тұтатады. Осы өлеңдерді жалпы білім беретін орта мектептің 7-сыныбына арнап жазған, авторлары Т.С. Садықов пен С. Жолдасбековтың «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» оқулығындағы «Қалалық мәдениеттің дамуы» атты 16-тақырыпты өткенде және Орта ғасыр тарихы мен Ұлы Жібек жолын оқығанда пайдалануға болады.

Ақын Саят Қамшыгердің «Тәуелсіздік алаңында тұрмын мен» деген өлеңін оқыған әрбір азамат өзін Тәуелсіздік алаңында тұрғандай сезінеді.

Мысалы,

*Бұл күндер де өтті-ау талай сүргінмен,  
Ердің ісін жалғастырар ұлмын мен.  
Желтоқсандық жастар рухын жоғалтпай,  
Тәуелсіздік алаңында тұрмын мен.*

*Желтоқсанда жастар өткір, намысты,  
Аждаһамен батырларша алысты.  
Қайрат, Ербол, Сәбира мен Ләззаттар  
Аруақ болып кезіп жүр ме гарышты, —*

деген жыр жолдары жастарымызды аға-апаларының ерліктерін жалғастыруға, түркі жұртының көшін бастауда жасындай жар-қырауға шақырады. Аталған өлеңдерді оқу-тәрбие үдерістеріндегі Тәуелсіздік күні, Желтоқсан оқиғасына байланысты және де тәрбие сағаттарында кеңінен пайдалануға әбден болады.

Мәдениетін қорғамайтын ұлт — ертенін ойламайтын ұлт. Халықсыз мәдениет болмайды. Мәдениет те халықсыз өмір сүре алмайды. Оның негізгі тиянақ-тірегі — білім беру жүйесі. Қазақ мектебі мен білім жүйесі — ұлттық мәдениетті іске асыру тетігі. Оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық-мәдени құндылықты пайдалану — білім беру жүйесінің өрісін кеңейте түседі.

Халықтың салт-дәстүрі, тарихы — ұрпақтың рухани қазынасының негізі. Әл-Фараби айтқандай: «Адам ләззәт іздеу, қызығу сияқты нәрселерден бойын аулақ ұстауы үшін рухани негізді түзету керек, адамның рухани негізі түзу болса, оның тілегі, қалауы дұрыс болады».

Түркі халықтарын Жер шарына танытқан әйгілі Отырар қаласының тумасы әл-Фараби ағамызды мектеп оқушыларына оқытқанда, ақын апамыз Марфуға Бектемірованың «Тәуелсіздік — тірегім» деген тарихи-публистикалық поэмасын пайдалануға болады.

Мысалы,

*...Қазағым қасық қанымен  
Отырарын қорғаған.*

*Отырар қалды күл болып,  
Ауласында асықпен  
Баласы жоқ ойнаған, —*

деген жыр жолдары тек оқушыларға Отырар қаласы жайлы ғана емес, осы қаланы қорғаған қаһарман халық жайлы, одан қалды Отанын, елін, жерін, ауыл-аймағын қасық қандары қалғанша аянбай қорғаған отандастарымыз жайлы да түсінік береді.

Қай заманда болса да адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеу, біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Мұндағы мақсат жас ұрпақты ұлтшылдық бағытта емес, ұлттық негізде тәрбиелеуде, халқымыздың мол мұрасын олардың бойына сіңіре білуде. Өйткені бала әлеумет мүшесі болғандықтан, оның оқу тәрбиесі жеке-дара емес, көппен бірге болу қажеттілігі негізгі назарда болады. Осы орайда ХХ ғасыр басында қалыптасқан ұлттық интеллигенция өкілдерінің бірі Мағжан Жұмабаев: «Тәрбиеден мақсұт - адамды һәм сол адамның, ұлттың, асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі — әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі — әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты», — деген нақыл сөздерін толықтыра түсетін қазақ хал-қының атақты ақыны Шөмішбай Сариевтың «Тәуелсіз ел — қазағым» атты өлеңін, авторлары — Б.Ф. Аяған және М.Ж. Шәймерденова 9-сынып оқушыларына арнап жазған «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» атты оқулықтың «ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениеті» деген 13-тақырыбын өткенде пайдаланамыз.

*...Өлеңімен айтып өткен Арманын,  
Халқым үшін тартса-дағы сан зарын,  
Сан қаламгер — тәуелсіздік құрбаны,  
Қайта оянып тірілгендей Мағжаным! —*

деген жыр жолдары тағы да атам қазақтың «Ғалымның аты өлсе де, хаты өлмейді» деген нақыл сөздерін толықтырып, дәлелдеп отыр. Осы өлеңді Қазақ хандығы тарихын өткенде, Алаш азаматтарын әңгіме қылғанда және Тәуелсіз Қазақстан тарихын оқығанда пайда-

ланамыз және сабақтан тыс тәрбие сағаттарында кеңінен пайдалануға болады.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік, саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден, ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отырғаны мәлім. Осыған орай, бүгінгі таңда қоғамның ұлттық мәдени тұрғыдан кемелденуі жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстыру, соның негізінде жеке тұлғаны қалыптастырып, оның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту көзделеді. Өйткені, еліміздің болашағы, оның материалдық және рухани дамуы жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің деңгейіне байланысты.

Мысалы, ақын-профессор Сейітқали Мәдуанның **«Қазақстаным – айбарым»** атты өлеңіндегі:

*Тарихы бар – дастанындай ерліктің,  
Дәстүрі бар – үлгісіндей елдіктің.  
Қазақстан – алтын бесік Отаным,  
Ұлы Ордасы татулық пен теңдіктің! –*

деген жыр жолдары оқушылар мен студент жастарға Қазақ елі тек қана Қазақ ұлтына ғана алтын бесік болғанмен, қазіргі таңда Қазақстанды мекендеп жатқан 100-ден астам ұлыс пен ұлт өкіліне татулық пен теңдіктің мекені екенін түсіндіреді және ғибрат береді. Осы ән-өлеңді мектептің әрбір сыныбында, яғни 1-мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні және де тәрбие сағаттарында пайдалануға болады.

Жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтың салт-дәстүрінің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор. Өзге халықтар сияқты қазақ елінің де бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан бері жиып-терген мол тәжірибесі бар. Аға буын өз бойындағы ізеттілік, қайырымдылық, кіші-пейілділік, әдептілік, Отансүйгіштік секілді ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйретіп, қаны мен жанына сіңіруде ақынның **«Қазақстаным – ғажап-станым»** атты өлеңі көп көмек бермек.

*Туган жер, алтын бесік, ұлы Отаным,  
Мәңгілік, бір өзіңді пір тұтамын.*

*Айналдым ата-баба аруағынан,  
Ұрпаққа мирас еткен жер байтағын.*

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жастарға тәлім-тәрбие беруге байланысты бұл мәселе жан-жақты талданған. Кейбір пәндерде – тарих, әдебиет, ән-күй сабақтарында ұлттық-мәдени құндылықтар: ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр тиімді пайдаланылуда. Білім беру саласындағы зерттеулердің бірі ретінде «**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НҰРЛЫ ТАҢЫ**» атты қазақтың ақын ұл-қыздарының өлеңдері мен поэмалары топтастырылған жинақты атауға болады. Бұл – оқыту үдерісінің нәтижелі болатындығының кепілі.

Жас ұрпаққа оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық-мәдени құндылықты пайдалана отырып білім берудегі негізгі пәндер – Қазақ тілі, Қазақстан тарихы, Қазақ әдебиеті, Ән-күй, т.б. Өйткені, әрбір ұлт перзентінің өз ана тілін терең меңгеруі, оны көркейтуге үлес қосқан әрбір ақын-жазушыны терең білуі, оның шығармаларын оқуы – басты парызы.

Ән-күй сабағы арқылы оқушының рухани дүниесі байиды, жай білім беріп қана қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Бұл пәннің әр сабағын – адам бойындағы асқақ арман, берік сенім, әсемдік пен сұлулыққа күштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десе де жарасады. Сөз етіп отырған ұлттық-мәдени құндылықтар тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткені анық.

Қазақтың көрнекті қайраткері, ірі тіл маманы Ахмет Байтұрсынұлы: «Кемшілік болмас үшін әр ұлт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, өзге тілді оқыта бастайды», – деген еді. Демек, жас ұрпақты ұлттық ерекшеліктеріндегі әдет, салт-дәстүрлерінен тәлім-тәрбие алуға негіз болатын ана тілі мен ән-жыры.

Аға буын бойындағы ізеттілік, қайырымдылық, кіші-пейілділік, әдептілік, Отансүйгіштік секілді ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйретіп, қаны мен жанына сіңіруде ақын Күләш Ахметованың «**Сен – қазақсың!**» атты өлеңі көп көмек бермек.

*Сен – қазақсың!  
Қазақ деген ел бөлек,  
Қазақ салған соқпақ бөлек, жол бөлек.*

*Киіз үйі Жер сияқты жұп-жұмыр,  
Шаңырағы Күн сияқты дөңгелек.*

*...Сен — қазақсың!  
Қазақ едің туғанда!  
Онда дүние тағылымынан үлгі ал да,  
Ата жұрттан, ана тілден айырылма,  
Төбеңде Күн, төменде Жер тұрғанда!*

Жас ұрпақтың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық-мәдени тәрбие берудегі негізгі жол — іс-әрекетті ұйымдастыру. Тұлғаның жолдастарымен, құрбыларымен, ересек адамдармен қарым-қатынас жасауда, халықтық дәстүр негізінде қуанышты көңіл-күйін туғызатын қызықты іс-әрекеттерді педагогикалық, психологиялық талаптарға сай ұйымдастыру керек. Жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтың салт-дәстүрінің тәлім-тәрбиелік, білімтанымдық рөлі орасан зор. Өзге халықтар сияқты қазақ елінің де бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан бері жиып-терген мол тәжірибесі бар.

Өскелең ұрпақтың санасына сіңіріп, салт-дәстүрін сақтауға, әдет-ғұрпын кеңінен қолдануға үйрету үшін «**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НҰРЛЫ ТАҢЫ**» атты қазақтың ақын ұл-қыздарының өлеңдері мен поэмалары топтастырылған бұл жинақты жалпы білім беретін орта мектепте, арнайы орта және жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінің тиісті жерінде пайдалана отырып қалыптастыруымыз керек. Үйрету кезінде халқымыздың тұрмыс, салт-дәстүрімен шектесек, мұнымыз тым жұтаң болады.

Сондықтан «**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НҰРЛЫ ТАҢЫ**» атты қазақтың ақын ұл-қыздарының өлеңдері мен поэмалары топтастырылған бұл жинақты тек сабақ кезінде ғана меңгертпей, тәрбие саласында, сыныптан тыс уақытта меңгеруге үнемі көңіл бөліп отыруымыз қажет.

Ұрпақ — өмірдің жалғасы, халықтың мұрагері, кең даламызда көшпелі күн кешіп, аттың жалында, түйенің қомында жүрсе де, халқымыз ұрпағына жақсы тәрбие берудің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын қалыптастырған. Еңбекті сүю, қиыншылыққа төзімді болу, ел намысын қорғау, өзгені жатсынбау, ата-тегін жадында сақтау, сөз асылын қастерлеу, тапқырлық пен алғырлық таныту, ата салтын бұзбау, жасы, жолы үлкенді сыйлау, қонақтың меселін қайтармау, көрші кәдесін жасау, адал болу сияқты талаптар қойған. Халықтық



тәрбиенің асыл қазынасын қастерлеп, өткендегі мәдени мұра атаулыны іске асыру, жас ұрпағымыздың бойына ұлттық мәдениетті, ізгі салт, сыпайылық пен мейірімділікті уағыздау, халықтық мәдени білім берудің өзегіне айналуы қажет.

*Отандасым!  
Ақыныңнан тыңда сыр!  
«Қазақ елі!  
Сен данқынды  
Шыңға асыр!  
Келер ғасыр –  
Сенікі», –  
Деп қоштасты  
Жиырмасыншы,  
Қияметі мол ғасыр!*

*Бүгін жайып,  
Кең дастарқан – Даласын,  
Барша ұлтты қонақ етер  
Алашым!  
Жер-Ананың бес перзенті –  
Бес құрлық.  
Он жылдықты тойлап,  
Мәз боп тарасын! –*

деп келетін ақын Қайрат Жұмағалидің «Ұлы той» өлеңі қазақ халқының бет-келбетін ашқандай.

Халқымыздың атадан балаға қалдырған халықтық мәдени тәрбие беру саласындағы ғасырлар бойы жинақтаған бай тәжірибесі, балалар арасындағы тәрбие жұмыстарының мақсат-міндеттері мен әдіс-тәсілдері бір-бірімен байланысты жинақталған. Сондықтан тілімізге мемлекеттік мәртебе берілуіне, республикамыздың тәуелсіздік алуына байланысты тарихымызды, мәдениетімізді, бүкіл адамгершілік рухани қазынамызды ғылыми жүйеге келтіріп, оны ұрпақ тәрбиесіне орынды пайдалануымыз керек. Бұл салада мұғалімдер мен оқытушылардың алдында күрделі де жауапты міндеттер тұр.

*Көз алдымда... сол қас қағым жайдары,  
Көз алдымда... сол қас қағым айбары,*

*Елбасының әлуетті уысы,  
Уыстағы – Қазақстан байрағы!*

*Сол байраққа бізден басқа ие кім,  
Сол байрақты емін-еркін сүй, Елім!  
Мөлдіретіп Отанымның аспанын,  
Желбірей түс, желбірей түс, Киелім! –*

деп ақын Дүйсенбек Қанатбаев «**Қасиетті қас қағым**» атты өлеңінде жас ұрпақты Отанды, оның рәміздерін және Елбасын сыйлауға шақырады.

Баланы сергек сезімді, еңбек сүйгіш, абзал азамат етіп тәрбиелеу ісін оның жас ерекшелігін ескере отырып жүргізуді талап еткен. Мәселен, «Ұлыңа бес жасқа дейін патшандай қара, он бес жасқа дейін қосшыңдай сана, он бес жастан асқан соң досыңдай бағала» деген халық мәтелі баланы беске дейін еркін тәрбиелеудің, ал он беске дейін көмекшің деп қараудың, он бестен асқан соң ақылшы-досың деп санаудың қажеттігін мегзейді. Ал бұл ғылыми педагогикадағы баламен еркін сөйлесу, тең азамат санау, ашық сырласудың тәлімдік мәнін қоштайтын ашық пікірлесу қағидасына сай келеді.

Мұғалімдер мен оқытушылар тәрбиелеу ісін баланың жас ерекшелігіне сай жүргізумен бірге, тәрбиеленушінің жеке бас ерекшелігін ескере отырып жүргізуді де ескерген. Барлық адамның мінез-құлқы, қабілеті бірдей емес. Солай болғандықтан да оларды тәрбиелеу әдісі, ықпалы, құралы да алуан түрлі болмақ. Олай болса, бала мінезін жете түсініп, жекелеген өзгешелігін еске ала білу қажет. «Балаға үміт арту – әкенің парызы, ақтау – баланың қарызы» деген мақал да осыған байланысты. Өйткені кімде-кім болса да өз ұрпағының асыл азамат болып өскенін қалайды, бұл үшін қолынан келгеннің бәрін істейді. Сондықтан әр ата-ана баланың жеке адамгершілік қасиеттерін еске ала отырып, тәрбие беруге тырысуы керек. Еш пенде қалыптасқан мінезбен дүниеге келмейді. Осыны топшылаған ата-бабамыз «Баланы туады екенсің, мінезді тумайды екенсің» немесе «Бір биеден ала да туады, құла да туады» деп ой тәркіндеткен. Сондықтан да жастарды ер етіп өсіру де, ез етіп қожырату да үлкендердің қолындағы іс.

*Жұлдыздарын жайып салған түн гажап,  
Тәуелсіз боп атқан әрбір күн гажап.*

*Болашақта болам деген бола алса,  
Дәл өзіндей бола білсін бір қазақ, —*

деп ақын ағамыз Шөмішбай Сариев «Елбасы» атты өлеңінде құрғақ өсиет, құнсыз уағыз арқылы емес жеке бастың үлгісімен, яғни Елбасының өнегелі өмірімен баланы тәрбиелеу орынды дегенді атап көрсетеді.

Негізінен ой дербестігі, адамдарда сындарлы сыннан өту, мәселені өздігінен шешу барысында қалыптасады. Ал қазақ атамыз: «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас», — деп тұжырымдайды. Сондай-ақ ата-бабамыз «Жығуға шамасы жоқ күреске түспейді», «Жығылсаң нардан жығыл» деу арқылы ауырдың үсті, жеңілдің астымен бас сауғалап күн көргенше, күресте көрініп көзге түс, көпке таныл дегенді уағыздайды.

*Сен — қазақсың!  
Бір Алланың құлысың!  
Адамға адам құл болғаны құрысын.  
Жойқын соғыс, зұлматтарда жойылмай,  
Қалған ұлтсың. Қаһармансың! Ұлысың! —*

деп жырлаған ақын Күләш Ахметованың «Сен — қазақсың!» атты өлеңін авторлары — Б.Ф. Аяған және М.Ж. Шәймерденова 9-сынып оқушыларына арнап жазған «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» атты оқулықтың «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» (1941-1945) деген 24-25-тақырыптарын өткенде және сыныптан тыс тәрбие сағаттарында кеңінен пайдалануға болады.

Халқымыздың қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, ұлттық мәдениет негіздері болғандықтан, мейрам-тойлар сол ұлттық мәдениеттің әдепті рәсімдері ретінде өтілетіндіктен, бұл үдерістердің тәрбиелік әсерін оқушылардың бойына сіңірудің алуан түрлі әдістемелерін қолданамыз.

Жинақ авторлары қазақ халқының болашағы — жастарды жан-жақты дамыту үшін нені оқыту, қалай оқыту керектігін айта келіп, берілетін білімді ұлттық-мәдени құндылықтарды негіздеу арқылы олардың бойында халықтың рухани байлығын сіңіруге болатынын дәйектейді.

Жинақты сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда жүйелі түрде оқытудың дәстүрлі емес жаңа әдіс-тәсілдерімен ұштастыра пайдалану оқытудың тиімділігін арттырып, жастардың білімді игеруін қамта-

масыз етеді және олардың тіл байлығының, ойлау қабілетінің дамуына, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлттық мәдениетті дәріптеу дағдыларының жетіле түсуіне жол ашады. Ең бастысы, оқушы мен студентті жеке тұлға ретінде қалыптастыруға септігін тигізеді. Демек, ұлттық-мәдени құндылықтарды пайдалану – мазмұндық тұрғыдан білім көздерінің бірі.



Бірінші бөлім

## ЕЛДІК ТУЫН ЖЕЛЫРЕТКЕН ЕЛБАСЫ

1. «Достық туы желбіреп қырманда, даламызда сан тағдыр – табысты адам», – дегенді қалай түсінесіздер?
2. «Әр адамда өз анасынан басқа да, ...Болу керек құдіретті төрт ана», – деген өлең жолдарын түсіндіріңіздер.
3. «Іргеміз бүтін ел болдық, тәуба Құдайға!», – дегенді қалай түсінесіздер?
4. Қазақ халқының ежелгі қалалары – Отырар, Түркістан және Тараздың тарихи маңызын ашып көрсетіңіздер.
5. «Тәуелсіздік алаңы» қай қалада және неліктен осылай аталған?
6. «Қазақстан! Көзіміздің жасы саған тасаттық», – дегенді қалай түсінесіздер?
7. «Мәңгіртке жетпес мұң-зарың», – деген жыр жолдарының мағынасын айтыңыздар?
8. Отан және Атамекен сөздерінің мән-мағынасын түсіндіріңіздер.
9. «Аузыма Алла түседі, Иманға басын иді елім», – деп келетін жыр жолдарын қалай түсінесіздер?
10. «Тәуелсіздік, Бостандығым, Ертеңім, Ел-халқымның ұл-қызына Аманат», – деген жыр жолдарымен ақын сіздерге нені аманат етіп отыр және осы сөздің мағынасы не?
11. «Алматыда атқа қонды Абылай, Кенесары атқа қонды Есілде», – деген жыр жолдарын қалай түсінесіздер?
12. «Мен – Қазақпын! Мен – Азатпын мәңгілік», – деп келетін жыр жолдары нені білдіреді?
13. «Алатау құшағында Алматым бар, Сарыарқа құшағында – Астанасы», – дегенді түсіндіріп және Астана мен Алматы қалаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атаңыздар.
14. Абай ағамыздың «Көзімнің қарасы» әнін ғарышта орындаған отандасымыз кім?
15. «Өйткені, мынау өмірде Отаның екеу болмайды», – деген жыр жолдарын қалай түсінесіздер?
16. «Елбасы – ел перзенті», – дегенді қалай түсінесіздер?

17. «Сен – қазақсың!» атты өлеңнің бір шумағын жатқа айтып және оның мағынасын түсіндіріңіздер?

18. Ақын өлеңін «Нұрағаның нұрлы жолы» деп неге атаған және оны қалай түсінесіздер?

19. «Көріп тұрып бағаламау бар істі – Барып тұрған пендешілік, пенделік», – деген жыр жолдарының мағынасын айтыңыздар.

20. XX ғасырдағы Қазақстанның астаналарын атаңыздар.

21. Бірінші бөлімде ұсынылған өлеңдердің қайсысы сіздің жаныңызға ерекше әсер етті және не себепті?

## Екінші бөлім АСТАНА – ӘН ШУАҒЫМ, ЖЫР ТҰМАРЫМ

Мұғалімдер мен оқытушылар шығармашылық бағытта ізденушіге өз бетімен жұмыстануға тек бағыт беруші екенін естен шығармауы керек. Сол себепті де шамадан тыс қамқорлық пен көмектің пайдасы мен зияны бар екенін ұмытпауы тиіс. Аталған жұмыс түрлеріне бөлек сағат бөлінбейтіні сөзсіз. Сондықтан бұл жұмыс түрлерін күнделікті сабақ кезінде сабақ тақырыбына сәйкес немесе сергіту сәттерінде, сабақтан тыс кезде тиімді пайдаланудың беретін нәтижесі мол. Сол себепті де шығармашылықпен іздене білген оқытушы болашақта өзіндік көзқарасы толық қалыптасқан, дүниетанымы кең, білім, білік-дағдысы жоғары, шығармашылық бағытта өз бетімен жұмыс жасай алатын жас жеткіншекті тәрбиелей алады.

*...Жамбылдай жаттап сөздің ірілерін,  
Ардақтап даңғыл жолын тірілердің,  
Суыспай сыйысатын кең жеріне  
Туыпты барлық қазақ бірігер күн.  
Астана – Қазақстан жас қаласы,  
Астана – бар қазақтың бас қаласы, –*

деп келетін жыр жолдарынан тұратын көрнекті ақын Кәкімбек Салықовтың «**Бар қазақтың бас қаласы**» өлеңі Астана тек астаналықтардың ғана емес, барша қазақстандықтардың бас қаласы, мақтанышы екенін жеткізіп қоймай, сонымен қатар барлық қазақтың бірігер жері екенін баса айтады.

Қазақ халқы баланы жастайынан еңбек етуге үйретуді, даярлауды басшылыққа алған. Жастайынан үл балаларды қозы-лақ қайыру, отын-су әзірлеу, мал өнімдерінен тұрмыстық құрал-жабдықтар әзірлеуге, ал қыз балаларды ыдыс-аяқ жуу, кесте тігу, өрнек тоқу, үй тазалау, т.б. жұмыстарға үйретті. Балалар есейген сайын олардың еңбектерін күрделендіріп отырды. Сол арқылы балаларды өмірдің ең қажетті дағдысы – еңбекті сүю және құрметтеу рухында тәрбиеледі. Басқаша айтқанда, халық жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеудің негізі еңбек екенін дұрыс пайымдаған және еңбек тәрбиесін ерекше бағалаған. Олай болса, еңбекте және еңбекке тәрбиелеу – тәрбиенің ескірмейтін қағидасы, тозбайтын тәсілі. Себебі еңбек адам қызметінің шешуші түрі дегенді халқымыз «Істесен – тістерсің», «Мал – баққанға бітеді», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», – деп тұжырымдайды, материалдық игілік адам еңбегінің нәтижесі екенін жас ұрпаққа ұғындырады.

*Жалқаулықты жер қылар қарсы ағыстай,  
Шеберлер шықты қайла, балтаны ұстай.  
Күн емес,  
Сағат санап өс, Астана,  
Алты айда атқа мінген Алпамыстай, –*

деп ақын Оңайгүл Тұржан «**Өс, Астана**» деген өлеңінде жас ұрпақты өмірге дайындап, олардың «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат болуы үшін бар мүмкіндігін сарқа пайдаланған халқымыз тәрбиенің барлық түрін ұштастыра, ұластыра жүргізген. Халық педагогикасында мынау ақыл-ой тәрбие тетігі, мынау эстетикалық тәрбие құралы дейтін жекеленген тәрбие құралы жоқ. Кез келген тәрбие құрамына талдау жасасақ, ақыл-ой, дене, адамгершілік, еңбек, т.б. тәрбиелері іштей сабақтастық тауып етене араласып кеткенін көреміз.

Кез келген есті азамат өзінің жеті атасын біліп, оған қосымша атаның өсу, өмір сүру жолын, елді қорғаған қазақ хандары мен батырларының ерлік жолын, халықтың атақты әншілері мен күйшілерін, билері мен жырауларын білуі тиіс.

*Ел үшін қанын төгіп, жанын берген,  
Сұмдықтың қайран ерлер бәрін көрген.  
Қасына Қабанбайдың туын тікті,  
Бөгенбай бұлттай шөгіп қалың қолмен.*

*Қолдаған жерде әулие, көкте Құдай,  
Аспандап ақ байрағы жетті Абылай.  
Қазыбек, Бұқар жырау қалай жатсын  
Жоңғардың туын жығар шақта бұлай?!*

*Намысын жібермейтін жауға тірі,  
Үш жүздің басын қосты бар батыры.  
Наурызбай, Бердіқожа бұрын келді,  
Білінер осындай да жер жақыны, –*

деген жыр жолдары бар ақын Несіпбек Айтұлының «Ту» атты поэмасының үзіндісі 8-сынып оқушыларына авторлары – З.Е. Қабылдинов пен А.Т. Қайыпбаева арнап жазған «Қазақстан тарихы» (XVIII ғасыр – 1914 жыл) оқулығының «Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресі» атты 4-тақырыбын өткенде және қазақтың біртуар тұлғалары, яғни батырларға қоса билер, хандар және жырауларды өткенде пайдаланамыз.

Сабақтан тыс ұйымдастырылатын жұмыстар: тақырыптық көрме, этностық шығармаларды сахнаға лайықтап көрсету, кесте, сурет салу, газет шығаруды ұйымдастыру, әдептілік дәрістерін оқыту әдісі, тапқыштар жарысы, көркемсөз үйірмесі, бәрі әртүрлі әдістер арқылы жастардың Отансүйгіштік сезімін дамытады, адамгершілігін арттырады.

*Киелі ұлттық байрағым,  
Ар, намысым, айбарым,  
Төбемде тұрсаң желбіреп,  
Көгімнің білем жайнарын.  
Ежелгі ұлттық байрағым,  
Жігерді қайрар қайрағым.  
Безендірген бұл тумен  
Бабалар жеңіс майданын, –*

деп келетін жыр жолдарынан тұратын ақын Оразақын Асқардың «**Ұлттық байрақ**» атты өлеңі жастарды ата-бабамыздан бері жалғасып келе жатқан салт-дәстүрімізді сақтауға және қасиетті рәміздеріміздің бірі Туымызды қастерлеуге тәрбиелейді.

Халқымыздың кезінде талай жұртты тамсандырған тамаша қасиеттерін: үлкенді сыйлауды, ата-ананы құрметтеуді, иманжүзділікті, қонақжайлылықты, бауырмалдықты, балажандықты, ақкөңілділікті, қайырымдылықты, ақынжандылықты, мейірімділікті, ізгілікті, т.б. осы секілді асыл адамгершілік құрдылықтарлы ғылыми шегелеп, дамыта түсу.

Халықтық тәрбиенің арқауы, ұлттық тәрбиенің негізі – ауыз әдебиеті мен халықтық салт-дәстүрлерге ерекше мән бере жинақтап, шығармаларда оны саралап, даралап, тұжырымдап тәрбиелігіне тоқталамыз.

Халық ауыз әдебиетінің нұсқалары, салт-дәстүрлер қазіргі кезде жанданып, өзінің өміршеңдігін дәлелдеуде. Атадан балаға, өткеннен бүгінге, бүгіннен келешекке аманаттаудың бірден-бір көрсеткіші. Ол ешқашан ұмытылмақ емес. Қайта ұмытылған жаңғырып, түлеп жаңаруда.

Баланың тәрбиесі туған, өскен ортаға, ата-анаға, үлкендерге, олардың үлгісіне байланысты. Мәселен: «Жібекті түте алмаған жүн етеді, баланы күте білмеген күл етеді», «Бала айналасына қарап өседі», – дейді халқымыз. Алайда, асырау мен асыл тәрбие беру екі түрлі мәселе. Сондықтан да халық «Жігіттің тентек болмағы – биінен, баланың тентек болмағы – үйінен» деуі арқылы бала тәрбиесінің өскен ортаға байланысты екенін көрсетеді.

*Кеудесін атқан оққа төсеп өлген,  
Алаштың туы қайда кеше көрген?  
Жарқырап Тәуелсіздік таңы атпаса,  
Өктемдік бізге қашан есе берген?*

*Көздеумен шауып шығар көктөбені,  
Әркімнің өз тұлпары ерттегені.  
Қиылған қыршындардың Желтоқсанда,  
Елесі түн ұйқымды төрт бөледі, –*

деп келетін ақын Несіпбек Айтұлының «Ту» атты поэмасының мектеп оқушыларына берер тәрбиесі үлкен, бұл поэманың толық нұсқасын – З.Е. Қабылдинов пен А.Т. Қайыпбаева жазған «Қазақстан тарихы» (XVIII ғасыр – 1914 жыл) оқулығының «Дәстүрлі билер соты» атты 14-тақырыбын өткенде пайдаланамыз.



Оқушылар мен студенттерді жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор.

*Отан —  
Ұлы бәйтерек,  
Жапырағы — біз едік.  
Соған қарап ой өріп,  
Бойымызды түзедік.  
Қасиетті жолдар бар бізді үмітпен күтетін,  
Тереңдіктен басталып,  
Биіктікпен бітетін, —*

деп, ақын Оңайгүл Тұржан «**Өс, Астана!**» атты өлеңінде жастарды қасиетті бәйтеректің жапырағына теңеп, яғни болашаққа ұмтылған жастарымызға мол сенім артылып отырғанын білдіреді.

Салт-дәстүр халықтардың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Оның жаңа қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері дамып, жаңа мағынаға ие болады.

Адамгершілік қасиеттер әсіресе, ар, ожданлы қастерлеу тәрбиенің басты принципі болып саналады. Осыны басты нысана етіп ұстанған ата-бабамыз «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Ақ жүрген адам азбас», «Адам деген ардақты ат», «Әдептілік ар, ұят — адамдықтың белгісі. Тұрпайы мінез, тағы жат — надандықтың белгісі», «Жігіттің құны — жүз жылқы, ары — мың жылқы», «Жаным — арымның садағасы» деп арды аса жоғары бағалаған. Арлы адам адал, әділ болады. Ар тазалығы басқаға қиянат жасамауға, шыншыл, әділ болуға баулиды. Әдептілік, сыпайылық, кішіпейілдік, мейірімділік, иманжүзділік қасиеттердің бәрі ар-ұят, ұждан тазалығынан туындайды. Имансыз болу, ата-ананы, үлкенді, ұстазды сыйламауды халқымыз кешірілмес үш күнә деп санаған. Қазіргі мейірімсіздік, қатыгездік, дөрекілік етек алып отырған заманда жастарды ар-ождан тазалығын сақтауға, имандылыққа тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет болып отыр.

*Басыма бақ түнеді,  
Ұрпақңыз заты асылдай.*

*Анамның ақ тілегі,  
Бабамның батасындай –  
Қайырлы таң, Қазақ елі!*

*Заманның қазақтары  
Ертеңге жол ашады.  
Ғаламның гажаптары,  
Баламның болашағы –  
Қайырлы таң, Қазақ елі! –*

деген жыр жолдарынан тұратын ақын Ғалым Жайлыбайдың «Қайырлы таң, Қазақ елі» атты өлеңі жастарды үлкендерді сыйлауға, игі істерін қастерлеуге шақырады.

Ұлттық құндылықтарымыз әрдайым үздіксіз тәрбие мәселесінде адамгершілік, бауырмалдық, туыстық, қайырымдылық қағидаларын басшылыққа ала отырып үлкен мен кіші, ұстаз бен шәкірт, ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастық педагогикасын дәріп-тегендіктен, қазіргі ғылыми педагогика қағидалары да халықтық тәлім-тәрбиеден нәр алғанының айқын айғағы болмақ.

Оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде жастардың танымдық қызығушылығын арттыру қазіргі педагогика мен психологияның негізгі проблемаларының бірі болып табылады. Сол үшін де әрбір педагогтің бұл мәселені тереңірек зерттеп, өз тәжірибесінде қолдануы аса қажет.

Жасөспірімдер интеллектісінің, мінез-құлқының, әдет-дағдысының, олардың бүкіл табиғи және рухани бейнесінің неғұрлым жедел қалыптасуы білім беру мен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының ажырамастай ұштастырылуына, бөлінбестей бірлігіне байланысты.

Сыныптан тыс жұмыстар жоспарында Отан, ұлттар достығы, еңбек озаттарымен кездесу, әртүрлі тақырыптарға кештер, олимпиада, конкурстар, конференциялар, әңгімелер, т.б. өткізу жүйелі белгіленіп отырса, оқушылар мен студенттердің білімге деген ынтасы арта түсері анық.

Ұлттық рухани байлығымыз саналатын өлең-жырлар арқылы оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру – педагогиканың маңызды резервтерінің бірі. Олар оқыту мен тәрбиелеуге кешенді көзқарастың құралы есебінде көрініс береді. Бұлардың іс жүзіне асырылуы білімнің мазмұны мен құрамына сапалық өзгерістер енгізеді. Өйткені ол білімнің жиынтығын қамтамасыз етіп, оның ғылыми деңгейін арттырады,

сонымен бірге кең салалы дағдылардың да қалыптасуына жағдай жасайды.

*...Өткен елес, елес бәрі,  
Талып жетер көмескі әні.  
Кене батыр тұр ойланып,  
Ойдан қуып елесті әрі.*

*Көз алдында – қала қандай,  
Разы боп қарагандай.  
Кенекеңдей арыстанын  
Құт-қонаққа балагандай, –*

деп жырлаған ақын Жанат Әскербекқызының «**Хан Кене ескерткіші**» атты өлеңі, жастарға тарихтан ғана сабақ бермей, сонымен қатар бүгінгі күні ескерткіш жас Астанаға көрік беріп тұрғанын баяндайды.

Екінші тұрғыдан алғанда оқу материалын бір оқу пәнінің шеңберінде ғана алып, тар ауқымда қарайтын болса, онда жеткіншектердің айналадағы орта туралы дұрыс түсінік ала алмауына және оқшауланып қалуына ұрындыруы мүмкін.

Біз бүгін өлең-жырлар арқылы сыныптан тыс уақыттарда кейбір аталған пәндерді мазмұнды өткізудің негізгі дидактикалық жағдайларын қарастырып отырмыз. Бабаларымыздың мирасы болған әдет-ғұрып және салт-дәстүрлер арқылы әлем әсемділігін сезіну осы аталған сабақтарда білімнің беріктігін қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі және ол неғұрлым күрделі педагогикалық міндеттердің санатына жатқызылады.

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде оқыту үдерісінің сыныптан тыс уақытта ұлттық-мәдени құндылықтарын жүзеге асырудың маңыздылығына талай мәрте назар аударылған. Өртүрлі аспектілерде оның даму тарихы, әдістемелік және теориялық мәні, жолдары қарастырылған.

Қазақ халқы ауыз әдебиетінің бай мұрасында баланың дамуына, жалпы тәлім-тәрбиеге ықпал жасайтын мол мүмкін-діктер бар. Бұл бай мұраны мұғалім баланың жас кезеңіне, дара ерекшеліктеріне сай, ұғымына байланысты ертегі, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер және алуан түрлі салт-дәстүрлерді педагогикалық тұрғыдан іріктей алуы керек. Балаға ұлттық тәлім-тәрбиені дер кезінде беру, меңгерту – ұстаздың басты міндеті.



1. «Киелі ұлттық байрағым, Ар, намысым, айбарым!» – деген ақынның жыр жолдарын қалай түсінесіз?
2. Қазақстан Республикасы нышандарының бірі – Туды қандай себептерге байланысты көтереді?
3. Қазақстан Республикасы нышандарының бірі – Туды қандай жағдайларға байланысты түсіреді?
4. Астана қаласының символына айналған «Бәйтерек» атауы неге байланысты аталған?
5. «Белім шықпай жатқанда бесікте мен, Керуен соққан кездерден көшіпті өлең», – деген жыр жолдарының мағынасын түсіндіріңіз?
6. «Абылай хан ақ туын тіккен жерге Ақ ордасын орнаттың алты Алаштың!» – деген жыр жолдарын қалай түсінесіз?
7. Астана қаласында орналасқан Кенесары хан ескерткішінің авторын атаңыз.
8. «Арыны ерек толқынға қосқан әуенін, Сарыны бөлек «Сарыарқа» деген күй қандай?!» – деген жыр жолдарының мағынасын түсіндіріңіз?
9. «Өзім туған Астана, Әрі көне, жас қала», – деп келетін жыр жолдары нені аңғартады?
10. Есіл өзеніндегі Қараөткел өткелі неліктен осылай аталған?
11. «Бүгін міне, өз аспаны, өз күні, Өз даласы, өз тауы бар елмін мен!» – деген жыр жолдарын қалай түсінесіз?
12. Өлең мен толғаудың айырмашылығын түсіндіріңіз.
13. «Астана – Нүрекеңнің дастанындай, Әр жолын жазып жатқан өз қолымен», – деген өлең жолдар нені меңзейді?
14. Шығыс Қазақстандағы «Күршім» атты жер атауы не себептен қойылған?
15. Қазақтың қай батырын Абылай хан «Дарабоз» деп атаған?
16. Астана қаласының ескі атауларын еске түсіріңіз.
17. Екінші бөлімде ұсынылған өлеңдердің қайсысы Сіздің жаныңызға ерекше әсер етті және не себепті?

## Үшінші бөлім ЕЛІМ ДЕП КЕЛДІМ ЕЛЖІРЕП...

Атам қазақ «Елге ел қосылса құт» демекші, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң дүние жүзіне тарыдай шашыраған қандастарымызды өз атамекені Қазақстанға шақырғаны мәлім. Осы үндеуді

естісімен жүректері елім деп соққан бауырларымыз Отандарына орала бастады. «Елім деп келдім елжіреп» атты төртінші бөлім осы қандастарымыздың өлең-жырларынан құрастырылған.

Белгілі ғалым, ақын Зардыхан Қинаятұлының «Жылаған жылдар шежіресі» атты жинағындағы ақын Бекен Қайратұлының «Оралу» «Қайдан келді дейсің бе?», «Атамекеніме неге келдім?» және «Не әкелдің дейсің бе?» деген өлеңдері мектептегі оқушылар мен арнайы орта және жоғары оқу орындарының студенттеріне берілетін білім міндеттері – нені, қалай және не үшін оқыту керек деген сұрақтарға жауап бергендей, Отандарына оралған қандастарымыздың жауабы дерсіз.

Мысалы, «Атамекеніме неге келдім?» деген өлеңіндегі:

*Жан мұңымды айтайыншы деп келдім,  
Қазақ күйін тартайыншы деп келдім,  
Қазақстан орыстанып барады дейді,  
Рас па екен, байқайыншы деп келдім.  
Алтын Ордам, көрейінші деп келдім,  
Қолым ұшын берейінші деп келдім.  
Шетте тұдым, шетте өстім, ағайын,  
Дәл ортада өлейінші деп келдім, –*

деп келетін жыр жолдары, «қайдан, неге келді және не әкелді?» – деп ойланатын барша қазақстандықтарға атамекендеріне оралған қандастарымыздың, толықтай құқы бар бауырларымыздың тоқетер жауаптары болмақ.

Жас та болса Қазақстан Республикасына танымал айтыскер, ақын Дәулеткерей Кәпұлының:

*...Өкпек жел ұрды-ау өкпеден.  
Тәңірі Түркі тегімнен,  
Елімнен солай бөлінген,  
Ұлыған Айға көкбөрі ем.  
Асаулығынан қанымның,  
Ардақтылығынан арымның,  
Шекемнен ешкім шертпеген.  
Мен – ТӘҢІРІМ шашқан тары едім,  
ӘР ТОПЫРАҚҚА КӨКТЕГЕН! –*

деп келетін жыр жолдары қандастарымыздың тойынып, еріккеннен емес, тағдыр тәлкегіне түсіп шекара асқандары жайлы, қайда жүрсе де қазақ деген ұлы халықтың перзенттері екендерін ешбір ұмытпай, қай елде де болса өсіп-өнгендері жайлы мағлұмат береді.

Әр халық тарихында бүкіл адамзатқа тән ортақ заңдылықтармен қоса, өзіндік ұлттық ерекшеліктердің, қайталанбас ерекше белгілердің, сол халық қана басынан өткізген алабөтен жағдайлардың нәтижесінде қалыптасқан салт-дәстүрлердің болатыны тағы даусыз. Міне, бұл қасиеттер тек сол халықтың тыныс-тіршілігі мен өмір салтында, мәдени мұрасында ізін жоғалтпай сақталып келеді. Әр халық өзінің мәдениеті арқасында тарихын, тағдырын, тұрмыс-тіршілігін сақтап қалады. Бауыржан Момышұлы айтқандай: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту — бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту».

*Бұққан да бұққан, бұққан сөз,  
Буындыр өстіп, же мені.  
Адырна тілден шыққан сөз,  
Қауырсын қанат жебе еді.  
Қадалар жерін таппады,  
Ауаға жазған анттай.  
Асаннан қалған асыл сөз  
Астауға түсіп ас болған.  
Қорқыттан қалған құнды сөз  
Құмға да сіңіп жоқ болған,  
Құмыққан құлды жарытпай, —*

деген жыр жолдары бар жас ақын Ербол Алшынбайдың «Сары жұрт» өлеңінен біз елге оралған қандастарымыздың ана тілімізге деген сүйіспеншілігін байқаймыз.

Қазақ халқының туысқандық, бауырмалдылық қасиеті оның жеті атасын білуді талап етеді. «Жеті атасын білген ұл жеті рулы елді біледі» деген халықтың дана сөзі бар. Сондай «Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» деген аталы сөз де ежелгіліктің, бірліктің, бауырмалдылықтың белгісін білдіреді.

*Қуат отын қоздырған  
Қос қанатты пырағым.  
Хас тұғырға қондырған*

*«Қазақстан» – Ұраным.  
Тұлғасында түзілген  
Ыстық қаным, жіл, арым.  
Төріме іліп, төсіме  
Тағып жүрер тұмарым! –*

деп келетін ақын Бақытбек Бөмішұлының «Елтаңба» атты өлеңі жастарды Отанымыз – Қазақстан Республикасын қадірлеуге, оның рәміздері – Ту, Елтаңба, Әнұранын қастерлеуге шақырады.

Бала тәрбиесіне байланысты қазақ халқында көптеген салт-дәстүрлер бар: шілдехана, балаға ат қою, тұсау кесу, атқа мінгізу, т.б. Көптеген дәстүрлердің ішінде ұлттық салтымызды бейнелейтін, «Қонақ келсе құт» деп халқымыздың қонақжайлылығын білдіретін дәстүр – өзінің бүкіл мазмұнымен, әдет-ғұрпымен, қонақ күту рәсімімен жоғары ұлттық-мәдени негіздерін, үйге келген қонақты бар ықыласпен, жылы жүзбен қарсы алу, күту, қадірлеу – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүр.

*Өзені таудың тасыса,  
Өзегі талған су ішкен.  
Тастардан жазу оқысаң,  
Туған жер, осы ту тіккен.*

*Аққуы көлді тербетіп,  
Қыраны шыңда түлеген.  
Гәккүді тыңдап, ер жетіп,  
Тарқатып шашын, қыз өрген, –*

деп, ақын Ербол Бейіліхан «Қазақтың жері осындай» атты өлеңінде бір жағынан өскелең ұрпақты ата-баба салт-дәстүрін сақтауға шақырса, екінші жағынан Қазақ халқын таныстыру болып келеді.

Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі мұрасына көз жіберсек, отбасына байланысты тұнып тұрған дәстүрдің бар екенін көреміз. Ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың заманға сай, ұрпақтарымызды өркендетер өрнектерін халық жоғары бағалайды.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Қазақта әр бала әкесінен бастап жеті атасын білетін болған. «Ассалаумаға-

лейкүм» деп екі қолын созып амандасқан ауылдың жасөспірімдерін ауыл қарттары немесе көрнекі ауыл ақсақалдары «Уағалейкүмәс-салам» деп жақсы сәлем қайтарып, алдымен «Айналайын, кімнің баласысың?» – деп сұрайтын.

Әкесінің есімі таныс болмай қалса «Ол – қайсысы, әлгі кімнің баласы ма?..» – деп немесе «Әлгінің немересі ме?..» – деп баладан аталарының есімдерін сұрай бастайтын. Жеті атасын сол арада мүлт етпей атап шыққан бала неғұрлым жас болса, қарт-тар соғұрлым риза болатын-ды. Осы кезде ақын Ұларбек Дөлейдің «Дала» өлеңі мәтінді толықтыра түсуге дәл келеді.

*Көшпенді сардары!  
О, менің үлгі алар ұраным,  
Бұл дала мәңгілік тұрағым.  
Бір сүйем жер үшін у жұтқан  
Рух жырыңмен  
Ұлымның бесігін аластап тұрамын.  
О, менің қасиеттім, нырағым!*

Оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық-мәдениеттің озық үлгілерінің мүмкіндігі мол, сабақ барысында ұлттық мінез-құлық, әдеп-ғұрып негізінде бата, аталы сөздер, тәрбиелік мақсатта мақал-мәтелдерді пайдалану қажет. Қазақ халқы сөз қадірін біліп, оны қастерлеп, данышпан, ұлы адам ұлағатын өнеге ретінде өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық екенін жастардың бойына сіңіру ұлы істердің қатарына жатады деген сенімдеміз.

## **?** Үшінші бөлім ЕЛІМ ДЕП КЕЛДІМ ЕЛЖІРЕП...

1. Авторлар неліктен үшінші бөлімді «Елім деп елжіреп келдім!» деп атаған?
2. «Марқайып келе жатқан сағат сайын Алаштың осы болар Алпамысы», – деп ақын Алпамысқа нені теңеп отыр?
3. «Қазақстан» деген сөз Мемлекеттік нышандардың қайсысында жазылған?
4. «Хан тіккен қаһарлы ордаға Қолдарын қусырмай кіретін», – деген жыр жолдарын қалай түсінесіз?



5. «Шайыр» дегеніміз кім?

6. «Қиуасыз жерлерден қиуалы дос тауып», – деген жыр жолдарын қалай түсінесің?

7. «Қанынан уланған Құдайсыз, Сұрланған тас оба мүсіндес...» – деп келетін жыр жолдарын қалай түсіндірер едіңіз?

8. «Отызында орда емес, қора маңынан ұзамай, Қырығында қырда мас боп жүр ағай...» – деген жыр жолдарын түсіндіріп және осы жыр жолдары қазақтың қай мақалы негізінде құрылғанын атаңыз?

9. Алтай таулары Қазақстан Республикасының қай аймағында орналасқан?

10. «Жалынсыз жанарлар көшеде шарпысып, Адамдар осылай өздерін жоғалтқан», – деген жыр жолдарын қалай түсінесің?

11. «Ақынды ауыздықтап, жүген салма, Егер де жетсін десең шығар тауға», – деген жыр жолдарынан не аңғардыңыз?

12. «Өтіп дәурен барады баяны жоқ...» – дегенімізді қалай түсінесіз?

13. Үшінші бөлімде ұсынылған өлеңдердің қайсысы сіздің жаныңызға ерекше әсер етті және не себепті?



## АҚЫНДАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА

**Айбатыр Сейтақ** — ақын. 1966 жылы туған. «Ғұмырнама» жыр жинағы жарық көрген.

**Ақұштап Бақтыгереева** — ақын. 1944 жылы туған. «Өрімтал», «Наз», «Ақ қанат», «Сүмбіле», т.б. жыр жинақтарының авторы.

**Ақылбек Шаяхметов** — ақын. 1951 жылы туған. Балаларға арналған «Күлімдейді күніміз», «Гүл мен бидай», «Біздің бақша», «Шынар» кітаптары жарық көрген.

**Алмат Исәділ** — ақын. 1976 жылы туған. «Жолдар, жолдар», «Көңіл алаң» жыр жинақтары жарияланған.

**Амантай Шәріп** — ақын. 1965 жылы туған. «Құбыла» атты жыр жинағының авторы.

**Ауыт Мүкибекұлы** — ақын. 1969 жылы туған. «Жас жүрек жайып саусағын», «Қалқатайға қарай-қарай талды көз», «Мөлдір» жыр жинақтары жарық көрген.

**Әділғазы Қайырбеков** — ақын, ғалым. 1955 жылы туған. «Ақ тұма», «Шамшырақ», «Намыс найзағайы», «Шер шертер», «Саға» атты әртүрлі жанрлардағы кітаптардың авторы.

**Әкім Ысқақ** — ақын. 1960 жылы туған. «Бір физиктің махаббаты», «Айтшы, өмір» жыр жинақтары жарық көрген.

**Базарбай Исаев** — ақын. 1941 жылы туған. «Отызыншы көктем», «Ақ қайнар», «Бақыт құсы» кітаптарының авторы.

**Бақытбек Бөмішұлы** — ақын. 1958 жылы туған. «Тұмарлы таң» жыр жинағы жарық көрген.

**Бауыржан Жақып** — ақын. 1963 жылы туған. «Жұлдызды шақ», «Көзімнің нұры», «Айдындағы аспан», «Қолтаңба», «Уақыт ұршығы», «Қызыл қайың», т.б. жыр кітаптары басылып шыққан.

**Бауыржан Қарағызұлы** — ақын. 1982 жылы туған. Жырлары мерзімді басылымдарда жарық көрген.

**Бекен Қайратұлы** — ақын, тілші. 1965 жылы туған. Бірнеше тарихи-танымдық кітаптың авторы.

**Болат Үсенбаев** — ақын. 1955 жылы туған. «Жеңеше», «Жүзік» кітаптарының авторы.

**Ғалым Жайлыбай** — ақын. 1958 жылы туған. «Жанымның жапырақтары», «Жүрегімнің жұлдызы», «Құс қанаты», «Қарашығымдағы кара өлең», «Тағдырымның тамыры» кітаптарының авторы.

**Дәулеткерей Кәпұлы** — ақын. 1977 жылы туған. «Сүтті іңір» жыр жинағы жарық көрген.

**Дүкен Мәсімханұлы** — ақын, ғалым. 1963 жылы туған. «Жүрекке саяхат», «Семсер суы» жинақтарының авторы.

**Ербол Шаймерден** — ақын. 1954 жылы туған. «Көңіл суреті», «Тағдырлар», «Менің Қазақстаным» атты кітаптардың авторы.

**Ербол Бейілхан** — ақын. 1974 жылы туған. «Марал оты» жыр жинағы жарық көрген.

**Ербол Алшынбай** — ақын. 1987 жылы туған. Өлеңдері мерзімді басылымдарды жарық көрі тұрады.

**Ерұлан Бағаев** — ақын. 1954 жылы туған. «Тұңғыш дәптер», «Таңсәрі», «Жиырма бес», «Жүрегімнің жүз жібі» атты жыр жинақтары жарық көрген.

**Ерік Асқаров** — ақын. 1959 жылы туған. «Көгілдір», «Астана жұртын айналсам», «Жүрекжарды», «Арманымның ақ құсы» кітаптарының авторы.

**Жанат Әскербекқызы** — ақын, ғалым. 1966 жылы туған. «Ғарыш билер ғұмырымды», «Қаракөз бұлақ», «Қаңтардағы қызыл гүл», «Көк түріктер әуені» жыр жинақтары жарық көрген.

**Жәркен Бөдеш** — ақын. 1944 жылы туған. «Орақ пен балға», «Көкшеқұрақ», «Қос қанат», «Аспан даусы», «Нұрлы бояулар», «Жұлдызға орнын Ай бермес» кітаптарының авторы.

**Ибрагим Иса** — ақын. 1949 жылы туған. «Алтын сырға», «Таң алдындағы ән», «Тербеледі қайыңдар», «Жанымның жарығы», т.б. жыр жинақтары жарық көрген.

**Иманғазы Нұрахметұлы** — ақын, ғалым. Өлеңдері мерзімді басылым беттерінде тұрақты жарияланып тұрады.

**Көкімбек Салықов** — ақын. «Көкжиекке тартқан кеш», «Аққу жеткен», «Таныс жұлдыз жарқылы», «Түркістанға тағзым», «Он томдық шығармалар жинағы» басылып шыққан.

**Күләш Ахметова** — ақын. 1946 жылы туған. Тұңғыш кітабы «Ақ гүлім менің» атты өлеңдер жинағы жарық көрген.

**Қадыр Мырза Әли** — ақын. 1935 жылы туған. «Ой орманы», «Дала дидары», «Бұлбұл бағы», «Домбыра», т.б. жыр жинақтарының авторы.

**Қайрат Жұмағалиев** — ақын. 1937 жылы туған. «Алатау», «Парасат», «Құбажон», «Ақмарал», «Құланиек» жыр жинақтарының авторы.

**Қонысбай Әбіл** — ақын. 1954 жылы туған. «Бастау», «Алаңғасар», «Жетпіс жетінің жігіттері» атты кітаптары жарияланған.

**Құл Керім Елемес** — ақын. 1963 жылы туған. «Жетінші аспан», «Жұлдызды түн» кітаптары басылып шыққан.

**Маржан Ершу** — ақын. 1977 жылы туған. «Дариға ғұмыр, жыр жүрек», «Таңғы шық», «Жапырақ ғұмыр», «Қоңыр» жыр жинақтарының авторы.

**Марфуға Бектемірова** — ақын. 1958 жылы туған. «Жанары жәудір дүние», «Айдыным менің», «Ғашық жүрек», «Еңлік гүл», т.б. кітаптары жарық көрген.

**Мәди Қайыңбаев** — ақын. 1958 жылы туған. «Каталаун қырғыны», «Үркердің сұлу сарысы», «Жарғақтағы жазбалар» жыр кітаптары басылып шыққан.

**Мұхтар Шаханов** — ақын. 1942 жылы туған. «Балладалар», «Қырандар төбеге қонбайды», «Махаббатты қорғау», «Өркениеттің адасуы», «Жазагер жады космоформуласы (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы)» атты кітаптардың авторы.

**Наурызхан Ғазизұлы** — ақын. 1977 жылы туған. «Жалғыз ағаш» жыр жинағы 2009 жылы жарық көрген.

**Несіпбек Айтұлы** — ақын. 1950 жылы туған. «Қозыкөш», «Жаңбыр әні», «Әке туралы сыр», «Жүректегі жаңғырықтар», «Түнделеп ұшқан тырналар», «Рухымның падишасы», «Бәйтерек» және «Көз жасым...» атты кітаптардың авторы.

**Нұрғожа Ораз** — ақын. 1932 жылы туған. «Шұғыла», «Тың түлегі», «Қырандар ұясы», «Жауқазын шақ», «Дала демі» атты еңбектері жарық көрген.

**Нұрлан Қалқа** — ақын. 1967 жылы туған. Өлеңдері мерзімді басылым беттерінде жарияланып тұрады.

**Нүкеш Бәдігүл** — ақын. 1936 жылы туған. «Жас керуен», «Бәйтерек», «Нұрлы жұлдыздар», «Күлімде, шуақ», «Жарық сәуле», «Сырлы ағыс», «Өмір сазы», «Аппақ дүние», «Енші» кітаптарының авторы.

**Оңайгүл Тұржан** — ақын. 1955 жылы туған. «Самал», «Шерқала» жыр жинақтары жарық көрген.

**Оразақын Асқар** — ақын. 1935 жылы туған. «Мейірім», «Күнгей», «Балқарағай», «Керімтал», «Өркеш», «Баркөрнеу», «Тәуелсіздік тартулары» атты кітаптардың авторы.

**Рафаэль Ниязбек** — ақын, жазушы. 1943 жылы туған. «Тас құдай», «Тамұқ отына жанбаған», «Шешендер», «Тыңда мені, замана», «Махамбет майданы», «Жүрегімде ғасырлардың салмағы», «Айбозым менің» кітаптары жарық көрген.

**Сабыр Адай** — ақын. 1960 жылы туған. «Таңғы нөсер», «Кетемін көкке жұлдыз боп», «Жұмбақ түннің жылуы», «Әр қазақ — менің жалғызым» жыр жинақтары басылып шыққан.

**Саят Қамшыгер** — ақын. 1978 жылы туған. «Сары гүл», «Жүректегі ағыстар» кітаптарының авторы.

**Сейітқали Мәдуан** — ғалым. 1948 жылы туған. «Нұрсұлтан­ның нұрлы жолы», т.б. кітаптары жарық көрген.

**Серік Тұрғынбекұлы** — ақын. 1946 жылы туған. «Сүйген жүрек», «Қобыз», «Кеш келген көктем», «Жерорта» жыр жинақтары жарияланған.

**Танакөз Толқынқызы** — ақын. 1977 жылы туған. 2003 жылы тұңғыш жыр жинағы «Біз — таулықпыз» жарық көрген.

**Ұларбек Дәлей** — ақын. 1980 жылы туған. Өлеңдері жас ақындардың «Жапыраққа тұнған тамшылар», «Жас толқын» атты ұжымдық жинақтарына енген.

**Ұлықбек Есдәулет** — ақын. 1954 жылы туған. «Қанат қақты», «Көздеріңе ғашықпын», «Алтайдың алтын тамыры», «Ақ керуен», «Жүректегі жарылыстар», «Киіз кітап» атты поэзиялық шығармалары жарияланған.

**Фариза Оңғарсынова** — ақын. 1939 жылы туған. «Сандуғаш», «Шашы ағарған қыз», «Дауа», т.б. кітаптардың авторы.

**Хан­бибі Есенқарақызы** — ақын. 1949 жылы туған. «Қанат қақты», «Бұлтсыз аспан», «Жұлдызым», «Жан­гүлім», «Жан айқайы», «Ма­хаббат мәңгілік», «Жыр кітабы», «Шындыққа қарай жүздім мен» кітаптарының авторы.

**Шаһизада Әбдікәрімов** — ақын. 1957 жылы туған. «Байқоңыр», «Төрткүл» кітаптары жарияланған.

**Шөмішбай Сариев** — ақын. 1946 жылы туған. «Арайлы көктем», «Теңізден соққан жел», «Тағдыр», «Заула, тұлпар», «Уақыт», «Өң мен түс», «Үш өлшем», «Біздің ғасыр», «Сағынышым — теңіз» жыр жинақтары басылып шыққан.

**Ықылас Ожай** — ақын. 1982 жылы туған. «Адырна» жыр жинағының авторы.

**Ырысбек Дәбей** — ақын. 1979 жылы туған. «Мәңгі мәжнүн» жыр жинағы жарық көрген.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Адай С.* Әр қазақ – менің жалғызым. Алматы: Үш қиян, 2001.
2. *Айтұлы Н.* Ту. Астана: Фолиант, 2009.
3. «Алтын тамыр» журналы. Астана, 2009.
4. *Асқар О.* Ел ішінде. Алматы: Жалын, 2008.
5. Астана – жыр шуағым. Астана: Фолиант, 2006.
6. *Аяған Б.Ғ., Шәймерденова М.Ж.* Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2009.
7. *Әбдікәрімов Ш.* Байқоңыр. Алматы: Білім, 2001.
8. *Әбдіраштың Ж.* Көңіл көкпары. Астана: Фолиант, 2009.
9. *Әбжанов Х., Кенжебаев Ғ.* Тәуелсіз Қазақстан: жоғары білім, ғылым, саясат. Алматы, 2009.
10. *Әбуов К.* Қазақстан: тарих және тағылым: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Астана: Елорда, 2006.
11. *Багаев Ұ.* Саумал дала. Алматы: Жазушы, 2004.
12. Бәйтерек. Астана: Күлтегін, 2003.
13. *Бәдіғұл Н.* Сыбаға. Алматы: Ана тілі, 2001.
14. *Бәмішұлы Б.* Тұмарлы таң. Алматы: Көркем, 2003.
15. *Бейілхан Е.* Марал оты. Астана, 2006.
16. *Бораш К.* Біздің белес. Алматы: Жалын, 2008.
17. *Дәбей Ы.* Мәңгі мәжнүн. Алматы: Жалын, 2007.
18. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы – 15 жыл. Алматы, 2007.
19. Егемен Қазақстан. – 2010. – 5 ақпан. – № 40–42.
20. Екі мыңжылдық дала жыры. Алматы: ҚЭ, 2000.
21. *Елемес К.* Жұлдызды түн. Алматы: Құс жолы, 2002.
22. *Жайлыбай Ғ.* Ардакүрең. Алматы: Қайнар, 2008.
23. *Жақып Б.* Уақыт ұршығы. Алматы: Жазушы, 2004.
24. Жүрегімдесің, Қазақстаным. Алматы, 2009.

25. Интернет URL: <http://kalamger-uko.kz>
26. *Исәділ А.* Көңіл алаң. Алматы: Жалын, 2008.
27. *Кан Г.В., Шаяхметов Н.У.* Қазақстан тарихы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. Алматы: Алматыкітап, 2007.
28. *Кәпұлы Д.* Сүтті іңір. Алматы: Баянжүрек, 2008.
29. *Кекілбайұлы Ә.* Дүние ғапыл. Алматы: Арыс, 1999.
30. *Қабылдинов З.Е., Қайытбаева А.Т.* Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр – 1914 жыл): Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2008.
31. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтама. Алматы: Аруна, 2005.
32. *Қамшыгер С.* Жүректегі ағыстар. Алматы: Жалын, 2008.
33. *Қанатбаев Д.* Арыстардың мен де бір жалғасымын. Алматы, 2004.
34. *Қозыбаев М.Қ., Нұрпейісов К.Н., Жүкешев К.М.* Қазақстан тарихы (1914–2004 жж.): Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2005.
35. *Қасымбеков М.* Елін сүйген, елі сүйген Елбасы. Алматы, 2005.
36. *Махат Д.* Қазақстан тарихының өзекті мәселелері (XX ғасыр): Оқу-өдістемелік құрал. Астана, 2003.
37. *Махат Д.* Тіл мен діл тағдыры: тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат. Астана, 2007.
38. *Мәсімхан Д.* Алкүрең арман. Астана: Астана-полиграфия, 2008.
39. *Мұқибекұлы А.* Мөлдір. Алматы: Жалын, 2009.
40. *Ниязбек Р.* Айбозым менің. Астана: Күлтегін, 2006.
41. *Ожай Ы.* Адырна. Алматы: Жалын, 2008.
42. *Омарбеков Т.* Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері: Көмекші оқу құралы. Алматы, 2003.
43. *Ораз Н.* Тәуелсіздік таңы атты. Алматы: Арман-ПВ, 2007.
44. Отанымыздың тәуелсіздігіне тарту. Алматы, 2006.
45. *Сабырұлы С.* Қазақстан тарихы: Колледж оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. Алматы: Білім, 2006.
46. *Садықов Т.С., Жолдасбеков С.* Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2008.
47. *Сариев Ш.* Шығармалары. Астана: Фолиант, 2009
48. *Толқынқызы Т.* Біз – таулықпыз. Астана: Елорда, 2001.
49. *Тұржан О.* Шерқала. Алматы: Қазақстан, 1998.
50. *Шаханов М.* Эверестке шығу. Алматы: Атамұра, 2003.
51. *Шаяхметұлы А.* Аяз бен Қыдыр. Астана: Елорда, 2001.



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны .....	6

### І-бөлім

#### ЕЛДІК ТУЫН ЖЕЛЫРЕТКЕН ЕЛБАСЫ

<b>Әбіш Кекілбайұлы</b>	
Абылай хан .....	9
<b>Фариға Оңғарсынова</b>	
Қазақстан .....	12
Қазақ даласы .....	13
<b>Мұхтар Шаханов</b>	
Төрт ана .....	15
Желтоқсан алаңы .....	16
<b>Нұрғожа Ораз</b>	
Тәуелсіздік таңы атты .....	17
<b>Оразақын Асқар</b>	
Ұлттық байрақ .....	18
Дербестік .....	19
Рәміздерім .....	19
Елұраным .....	20
Елтаңба .....	21
Ту ұстаушы .....	22
<b>Қадыр Мырза Әли</b>	
Ұлы махаббат .....	23
<b>Ерұлан Бағаев</b>	
Тәуелсіздік тағылымы .....	24
<b>Нүкеш Бәдіғұл</b>	
Қазақстаным .....	27
<b>Шәмшібай Сариев</b>	
Тәуелсіздік .....	29
Тәуелсіздік монументі .....	30
Тәуелсіз ұлы еліміз – он үш жаста .....	31
Елбасы .....	32
Тәуелсіз ел – қазағым .....	34
<b>Ұлықбек Есдәулет</b>	
Қазақстан .....	36
<b>Ақұштап Бақтыгереева</b>	
Боз жусан дала .....	37



<b>Ханбибі Есенқарақызы</b>	
Тәуелсіздік туралы .....	38
<b>Бауыржан Жақып</b>	
Тәуелсіз Қазақстаным .....	39
<b>Сабыр Адай</b>	
Отаным – Қазақстаным .....	42
Жігер .....	48
<b>Болат Үсенбаев</b>	
Республикаменің .....	49
<b>Марфуға Бектемірова</b>	
Тәуелсіздік – тірегім .....	51
<b>Сейітқали Мәдуан</b>	
Қазақстаным – айбарым .....	61
Хан Кене .....	62
Қазақтың қасиетті батырлары .....	63
Қазақстаным – ғажапстаным .....	64
Нұрсұлтанның нұрлы жолы .....	65
<b>Бақытбек Бәмішұлы</b>	
Тәуелсіздік .....	66
<b>Ақылбек Шаяхметов</b>	
Рахмет .....	67
<b>Шаһизада Әбдікәрімов</b>	
Отан .....	68
<b>Әкім Ысқақ</b>	
Отаным .....	69
<b>Қайрат Рысқұлбеков</b>	
Ақтық сөз .....	70
<b>Алмат Исәділ</b>	
Қазақстаным .....	72
<b>Саят Қамшыгер</b>	
Тәуелсіздік алаңында тұрмын мен .....	73
<b>Танакөз Толқынқызы</b>	
Қазақстан! .....	74
Бостандық .....	74
<b>Күләш Ахметова</b>	
Сен – қазақсың! .....	75
<b>Рафаэль Ниязбек</b>	
Нұрағаның нұрлы жолы .....	77
Елбасының жұлдызы .....	78
Нұрағаны жырласам .....	79
<b>Дүйсенбек Қанатбаев</b>	
Елбасымыздан ең жақсымызға дейін .....	80
<b>Қайрат Жұмағалиев</b>	
Ұлы той .....	81
<b>Тарихшылар маршы</b> .....	84

## 2-б ө л і м

### АСТАНА – ӘН ШУАҒЫМ, ЖЫР ТҰМАРЫМ

Арман қала – Астана .....	87
Биік болсын мәртебең .....	88
Астана .....	89

Алтын бесік – Астанам .....	90
Мақтанышым – Астанам .....	91
Астанам менің .....	92
Армысың, Астанам! .....	93
Ақ ордам, елім, Астанам .....	94
Ел жүрегі – Астана .....	95
Астана – Бөйтерек .....	96
Астана .....	97
Арайлы менің Астанам .....	98
Астана аруы .....	100
Аққу қала – Астана .....	101
Астана – жас қала .....	102
<b>Сейітқали Мәдуан</b>	
Нұр Астана .....	103
Астана жыры .....	104
Бейбітшілік пен келісім маршы .....	105
<b>Кәкімбек Салықов</b>	
Бар қазақтың бас қаласы .....	106
<b>Нұрғожа Ораз</b>	
Алтын дiңгек – Астана .....	107
<b>Жәркен Бөдеш</b>	
Ақорда. Ақ бесік. Ақ бөбек .....	109
<b>Қуаныш Ахметов</b>	
Ел жүрегі .....	110
Ескерткіш .....	111
<b>Өбдіраштың Жарасқаны</b>	
Жас қала – Астанам .....	112
<b>Несіпбек Айтұлы</b>	
Ту .....	113
<b>Шөмішбай Сариев</b>	
Толғау .....	115
Астана .....	116
Ассалаумағалейкүм, жаңа Астанам! .....	118
<b>Ибрагим Иса</b>	
Әнім – Астанам .....	119
<b>Рафаэль Ниязбек</b>	
Астана .....	121
Көк байрақ .....	122
<b>Қайрат Жұмағалиев</b>	
Жағасында Есілдің .....	123
<b>Қадыр Әлімқұлов</b>	
Астана кеші .....	124
<b>Базарбай Исаев</b>	
Елорда туралы жыр .....	125
Астана .....	126
<b>Мәди Қайыңбаев</b>	
Айбарың асын, Астанам! .....	127
<b>Оңайгүл Тұржан</b>	
Өс, Астана! .....	128
<b>Ғалым Жайлыбай</b>	
Астанада, ақпанда .....	130
Қайырлы таң, Қазақ елі! .....	132
<b>Серік Тұрғынбекұлы</b>	
«Бөйтерегі» бар қала .....	133

Салынып жатыр Астана .....	134
Астананың қақпасы .....	136
Астанамен күрдаспын .....	137
Астанадағы Тәуелсіздік монументі түбіндегі ой .....	138
<b>Ұлықбек Есдәулет</b>	
Астаналар .....	139
<b>Әділғазы Қайырбеков</b>	
Алыстасам, айбарым – сен! .....	141
<b>Ерік Асқаров</b>	
Барады ағып ерке Есіл .....	143
<b>Әкім Ысқақ</b>	
Ару қала – Астанам .....	144
Түнгі Астана .....	144
<b>Қонысбай Әбіл</b>	
Көк байрақтың астында .....	145
<b>Жанат Әскербекқызы</b>	
Есіл жағасында .....	146
Хан Кене ескерткіші .....	147
<b>Амантай Шәріп</b>	
Ақ орда .....	149
<b>Нұрлан Қалқа</b>	
Ақмола келдім .....	151
Астана – ғасыр қаласы .....	151
<b>Қуат Бораш</b>	
Астана, білесің бе? .....	153
<b>Айбатыр Сейтақ</b>	
Ей, бас қала – Астанам! .....	154
<b>Маржан Ершу</b>	
Астананың ақ самалы .....	155

### 3-б ө л і м ЕЛІМ ДЕП КЕЛДІМ ЕЛЖІРЕП

<b>Бекен Қайратұлы</b>	
Қайдан келдің дейсің бе? .....	159
Атамекеніме неге келдім? .....	159
Не әкелдің дейсің бе? .....	160
<b>Дүкен Мәсімханұлы</b>	
Астанам менің .....	161
<b>Иманғазы Нұрахметұлы</b>	
Астана .....	162
<b>Бақытбек Бәмішұлы</b>	
Ту .....	163
Елтаңба .....	163
Әнұран .....	164
<b>Құл Керім Елемес</b>	
Беу, халқым .....	165
<b>Дәулеткерей Көпұлы</b>	
Мен Алтайдан аққан Қобдамын .....	167
Дұрдараз жауға өшігіп кекті .....	169
Тарбағатай .....	171
Алтайдан күн көтерілді .....	172

<b>Ауыт Мұқибекұлы</b>	
Ақорда .....	174
<b>Ұларбек Дөлей</b>	
Сақтар .....	176
Құмдағы шайыр моласына қашалған жыр .....	178
Аңсар .....	180
Дала .....	181
Топырақ .....	182
Хат .....	183
<b>Бауыржан Қарағызұлы</b>	
Қазақ .....	185
Жазмыш .....	186
Ақын рухымен серттесу .....	188
<b>Ықылас Ожай</b>	
Тарих .....	190
Базына .....	191
<b>Ырысбек Дөбей</b>	
Алтай .....	193
Кітап .....	194
<b>Наурызхан Ғазизұлы</b>	
Арқаға конса ақ ордам .....	195
<b>Ербол Бейілхан</b>	
Қазақтың жері осындай .....	196
<b>Ербол Алшынбай</b>	
Қайтейін, қайран, қарт Ілем! .....	197
Сары жұрт .....	198
«Бұққан да бұққан, бұққан сөз...» .....	200
<b>Сөз соңы</b> .....	201
<b>Әдістемелік нұсқау</b> .....	204
<b>Ақындар туралы қысқаша анықтама</b> .....	229
<b>Пайдаланылған әдебиеттер</b> .....	233

# ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НҰРЛЫ ТАҢЫ (Азаттық поэзиясы)

*Оқу-әдістемелік құрал*

Редакторы *Б. Кошым-Ногай*

Көркемдеуші редакторы *Ж. Казанқанов*

Техникалық редакторы *О. Пегова*

Компьютерде беттеген *Р. Баязитова*

Корректоры *С. Ыбраева*

Басуға 08.05.10 қол қойылды. Қалпы 70×100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Қағазы офс. Қаріп түрі «Таймс». Б. т. 15,0. Таралымы 10 000 дана. Тапсырыс № 4074.

«Раритет» баспа компаниясы  
050022, Алматы қ., Масанчи к. 98  
Тел./факс: 8(727) 292-88-36, 260-67-08

Тапсырыс берушінің файлдарынан «Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қ., Макаев к., 41



## Мемлекет тарихы институты туралы АҚПАРАТ

Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Мемлекет тарихы институты» (МТИ) мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 мамырдағы № 416 қаулысымен құрылған.

МТИ жанынан Ғылыми, Диссертациялық және Жас ғалымдар кенестері құрылған. Институтта қазіргі жаңа ғылыми әдебиеттермен жабдықталған кітапхана бар.

Институт «Тарих және саясат» қоғамдық танымдық газеті, «Мемлекет тарихы – История государства», «Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері» бюллетенін шығарады, ғылыми-әдістемелік қалыптасу үдерісін қамтамасыз ету және ақпараттық-талдау мәліметтер банкін дамыту мақсатында Институт сайты ашылды.

Ұжымның бастамасымен 2009 жылғы 23 қаңтарда «Қазақстанның кәсіби тарихшылары мен қоғамтанушылар Лигасы» қоғамдық бірлестігі құрылды.

Институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми өсуіне, сондай-ақ кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғау үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.

МТИ туралы толық ақпаратты төмендегі мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана  
Орынбор көшесі, 8 үй  
Министрліктер үйі, 14 кіреберіс, 11 қабат  
тел.: +7 (7172) 74-01-68  
факс: +7 (7172) 74-10-54  
<http://www.memti.kz>

ISBN 978-601-250-078-3



9 786012 500783